

Аманқұл МҰСАТАЙҰЛЫ

# Тағылым



Археолог  
Әлкей Марғұланмен  
кездесуден естеліктер





Аманқұл МҰСАТАЙҰЛЫ

# Тағылым

*Археолог Әлкей Марғұланмен  
кездесуден естеліктер*



**ББК 84 (5 Қаз)  
Ә 49**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі Ақпарат жөнін мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша шыгарылып отыр*

**Мұсатайұлы Аманқұл**

**Ә 49 Тағылым (Археолог Әлкей Марғұланмен кездесуден естеліктер). — Алматы: “Өнер” баспасы, 2007. — 128 б.**

**ISBN 9965-768-97-8**

Бұл кітаптың авторы қазақтың археолог ғалымы Ә.Марғұланмен бірге қазақ экспедициясына қатысып терең еңбек еткен ізденімпаз суретші.

Кітапта Әлкей Марғұланмен бірге жүрген кезіндегі естеліктері айтылады. Бұл кітап қазақ археологиясының алғашқы қалыптасуына зор үлес қосқан азаматтарымыздың қажырлы енбегіне тәгзым ету болып табылады. Кітап барша оқырман қауымға арналған.

② 4702250200  
00(05)-07

**ББК 84 (5 Қаз)**

**ISBN 9965-768-97-8**

© Мұсатайұлы А., 2007  
© “Өнер”, 2007  
© Кониш Ә., (безендеру) 2007

## СӨЗ АЛДЫ

Танымал өлкетанушы, ұстаз, суретші Аманқұл Мұсатайұлы, оның енбек жолы, шығармашылығы, оқырманға ұсынылып отырған осы кітап, Орталық Қазақстан аймағының көне тарихы мен ескерткіштері сөз болғанда баса айтылатын ерекше гақырып бар. Оның өзі бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын құрделі тақырып.

Бұл — академик ғалым Әлкей Марғұлан тақырыбы.

Бұл тақырыптың ішінен Әлкей Марғұланның Орталық Қазақстанды зерттеудегі орны, Марғұланның Аманқұл Мұсатайұлына жасаған ігі ықпалы, Марғұланның ол жақсы билген үзенгілес серіктепі, Орталық Қазақстан экспедициясы, осы адамдар бірлесе жүріп өткен экспедициялық бағдарлар, Арқаның көне өркениеті деғен сияқты кесек-кесек дүниелер келіп шығады.

Осы дүниелерді қысқаша шолып өтпей, Аманқұл ағаның кітабын оқырманға ұсыну дұрыс болмас еді. Мұның себебін кадірменді оқырман кітап мазмұнынан да көре алды, деғенмен арнайы гақырыпты қалап отырған маселенің кейбір реңдеректерін осы бірінші беттән айтудың қажет. Құрметті авторымыздың озі де осының алдын ала бажайлап, ишарат жасаған болатын.

Аманқұл Мұсатайұлы — Әлкей Марғұланның шәкірті, академик ғалым өзі үйымдастырып, өзі басқарған Орталық Қазақстан экспедициясының Арқа жеріндегі құрметті мүшесі.

Оқырман қолына тиіп отырған осы кітап — сол бірге жүрген жылдары жинақталған естелік қана емес, сол еңбектің нәтижелерінің бірі, көп жылдар кәсіби ғалымдармен араласқан автордың корытындылары мен есептерінің бірі.

Орталық Қазақстан экспедициясы — еліміздің археологияғының тарихында өзінің арнайы орнын алғатын, Қазақстан аумағында осы ғылымды қаз бастырган айрыкша маңызы бар үйим.

Отан соғысы жылдары Алматыда КСРО Ғылым Академиясының Қазақстан филиалы жұмыс істеді. Бұл кезде республика аумағындағы археологиялық зерттеулер орталықтан, яғни Мәскеу, Ленинградтағы ғылыми мекемелер тарарапынан үйімдестірылып отырды. Арнайы мамандандырылған мекемелер мен кадрлар жоктығы себепті. бұл жұмыстар түгелімен сырттан жүргізілетін де, оған республиканың еш ыклалы болмайтын.

Женістен кейін, 1946-шы жылдың көктемінде Алматыда Қазақ ССР Ғылым Академиясы ашылды. Бұл оқиғага тікелей мұрындық болған ұлы қайраткер Қаныш Сәтпаев, оның Орталық алдындағы аса зор беделі еді. Академия президенті болып тағайындалған Қ.Сәтпаев басқа ғылым салаларының ішінде тарих, археологияға ерекше мән беретін. Академия ашылысымен дереу, тарих, археология, этнография институты жабдықталды. Институттың алғашқы жұмыс сөттерінде-ак, Әлкей Марғұлан Орталық Қазақстан ескерткіштерін күн тәртібіне қойып. республиканың өз экспедициясын ашу және оның жұмысын осы Орталық Қазақстаннан бастау мәселесін көтерді.

Міне, осылайша тұңғыш казақстандық экспедиция өмірге келді және ол “Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы” (ОҚАЭ) деп аталды. Ә.Марғұлан өзі коп жылдар бойы басқарған экспедиция 1946-шы жылдың маусым айында-ак Арқа жеріне аттанып кетті.

Бұл оқиғага қазір, мінеки, аттай 60 жыл толып отыр.

Әлкей Марғұлан және оның көптеген үзенгилестері бүтінде арамызда жок, ал казақ археологиясының символына айналған Марғұлан экспедициясы өз жұмыстарын жалғастыруда...

Еңбек нәтижелі. жемісті болуы шарт, қадірменді Аманқұл ағамыз экспедицияның сол жылдардағы құрметті мүшесі ретінде оқырман талғамына өзінің бұл кітабын ұсынып отыр.

Айта кету керек, Орталық Қазақстан экспедициясы

соғыстан кейінгі ауыр жылдарда, жұтаң, тапшылық кезеңде жұмысын бастағанымен. ел, ғылым алдындағы өз міндетін үлкен абыраймен, тамаша нәтижелермен орындал отырды. Бұған себеп — сол кездегі аға буын өкілдерінің тек кәсіби біліктілігі ғана емес, олардың керемет жауаптылығы мен тындырымдылығы. Сол кездегі казак зиялышарының жалпы ғылымға деген ерекше көзкарасы, ғылымды ансауы.

Орталық Қазақстан экспедициясы жұмыстарының өткен жерлері, ашылған ескерткіштер, оларды зерттеудегі негізгі нәтижелер бүгінгі жүртшылыққа қупия емес. Зерттеулер өте көң аумақтық және хронологиялық шеңберде жүргізілген болатын. Аумақтық түрғыдан алғанда барлаулар мен қазбалар шығысында Қарқаралы, Абыралы маңынан батысында Ұлытау, Қарсақбай, онтүстігінде Қаратаяға дейінгі жерлерді қамтыды, солтүстік-шығыста Шілдерті өзенінің бойы зерттелді. Хронологиялық, яғни мерзімдемелік жағынан қарасақ, сол жылдары неолиттен бастап, ортағасырларға дейінгі аралықтың жәдігерлері ашылып, зерттелгенін көреміз. Бұлардың деректері оқырманға таныс бірнеше аса ірі монографиялар мен көптеген макала, хабарламаларда жарық көрді. Оның үстіне, сол кезеңдерде мәлім болған, зерттелш, жарық көрген деректердің кыры мен сырын ашу, толықтыру ісі қазір де жалғасуда.

Аманқұл Мұсатайұлы 1950—1970-ші жылдары Орталық Қазақстан экспедициясы жұмыстарына тікелей катысып отырды. Фалымдармен бірге тек Балқаш, Ақтогай маңы ғана емес, Қарқаралы, Шілдерті өлкелеріндегі зерттеулерге катысты, Ұлытау, Арганаты өңірлерінің ескерткіштерін көрді. Шет, Агадыр төңірегін де көп аралады.

Далалық зерттеулердегі Әлкей Марғұланның таза ғылыми енбегімен бірге, оның үйымдастыру жұмыстарына, экспедицияға қажетті адамдарды тарта білу қасиетіне мән берген жон.

Жуырда, академик ғалымның 100 жылдық мерейтойы кезінде көрнекті археолог, Орталық Қазақстан экспедициясының қазіргі жетекшісі Жолдасбек Құрманқұлов “Орталық Қазақстан экспедициясы қазақстандық кәсіпкөй археологтар мен этнографтардың тамаша дайындық мектебі болды” деп

арнайы атап өткен болатын. Өте дәл айтылған пікірдің дұрыстығын сол жылдары экспедицияга катысқан мамандардың аттары да көрсетіп тұр. Экспедиция құрамында 1940-шы жылдардың сонынан бастап Ә.М.Оразбаев, К.А.Ақышев, Л.Р.Қызласов (мәскеулік археолог), Г.И.Пацевич, А.Г.Максимова, Т.Н.Сенигова, М.Қ.Кадырбаев, С.М.Ақынжанов, С.Ж.Жолдасбаев, А.С.Загородний, Т.И.Кулик, Ж.Құрманқұлов, З.Самашев, А.С.Ермолаева және т.б. археологтар жұмыс жасады. Әлкей Марғұланның сонына ерген шәкірттері арасында корнекті этнографтар Х.А.Арғынбаев, Е.А.Масанов, М.С.Мұқанов, С.Ақатаев, белгілі антрополог ғалым О.Ысмағұлов та бар еді.

Бұл ғалымдардың көбін біздің құрметті авторымыз Аманқұл Мұсатайұлы жақсы биледі десек кателеспейміз.

Өмірін үлкен ғылымға арнаған осы адамдардың арасынан Орталық Қазакстан экспедициясының, әсіресе, алғашқы киын кезеңдегі үлкен зерттеулеріне зор үлес қосқан тұлғаларды атап өту керек. Арқада, халық арасында барлық қазбалар мен зерттеулерді тек Әлкей Марғұлан атымен байланыстыратын дәстүр қалыптасып қалғаны анық. Ә.Марғұлан жетекшілігімен ОҚАӘ құрамында жұмыс істеген өзінің қөрнекті үзенгілес-шәкірттерімен бірлесе аткарды.

Ә.Марғұлан, Әбдіманап Оразбаев, Кемел Ақышев, Мир Қадырбаев — міне, осы төртеуі Орталық Қазакстан экспедициясының негізгі дінгегі болып табылады.

Тамаша ғалым, үздік талант иесі, кәсіби археолог, қола дәүірін зерттеудегі ірі маманы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевты (1922—1997) Әлкей Марғұланға ең жақын болған тұлға дей аламыз. Ә.Марғұланмен бірлесе, кейде ОҚАӘ құрамында жеке топ (отряд) басқара жүріп, ол кен-байтақ Сарыарқаны аз араламады. Көптеген ескерткіштерді түгел жіпке тізбей-ақ, қазіргі Қарқаралы қаласының маңындағы қола дәүірінің Суықбулак (Қарқаралы-3) қонысын, Шет ауданындағы Бұғылы-1, Бұғылы-2 қоныстарын осы ғалым зерттегенін білу керек. Ал Арқаның теріскейінде, Көкшетау жеріндегі ұзак ізденистері нәтижесінде сол жылдары жаңа мәдениет нұсқасы

да ашылған болатын. Талантты ғалым Эбдіманап Оразбаевтың киын тағдырдың адамы да екенін ғалымның шәкірттері мен қазіргі оның мұрасын зерттеушілер жоққа шығармайды. Соғыстан жеңіспен оралған ол ҚазМУ-да басталған білім жолын Ленинградта жалғастырады, бір топ көрнекті ғалымдардан дәріс алады. Негізгі тақырыбы ретінде Сарыарқаның қола дәуірін таңдап алып, 1958-ші жылы “Солтүстік Қазақстанның қола доуірі” атты ғылыми диссертациясын қорғайды. Ә.Оразбаев 1971-ші жылға дейін тарих, археология және этнография институтының археология секторында (1991 жылдан бастап жеке археология институты) Ә.Марғұланның жаңында еңбек етті. Сарыарқамен қатар. Қазақстанның басқа да ғүкпірлеріне барып жүрді. Әсіресе, Арка өнірінде көп болған ол Марғұланды оте құрметтеп, өз ұлының атын Әлкей қойды. 1971 ж. бастап Эбдіманап Медеуұлының омір жолы басқа арнаға ғүсті. Осы жылы ҚазМУ-да арнайы археология және этнография кафедрасы ашылып, Оразбаевты соны басқаруға жібереді. Таза ғылымнан келген адам мұлдем басқа ортага, басқа адамдардың арасына түседі. Үйымдастыру жұмыстары өте көп уақыт алады, далалық мәдениеттер, қола, ерте темір дәуірлері дереге ығыстырылып, артта қалады. Осы кезден бастап Ә.Оразбаев экспедицияға шығуы баяулады<sup>1</sup>.

Құрметті авторымыз Аманқұл Мұсатайұлы көп жылдар Эбдіманап Медеуұлымен бірге экспедициялық зерттеулерге катысты, бірге жүрді, хат жазысты. Ғылыми қызығушылықтан басқа екеуін жалғастырган жақын туыстық байланысы да бар еді.

Арқа мен бүкіл Қазақстанның көне мәдениеттерін зерттеу

<sup>1</sup> Толеубаев А.Т. Жизнь и научная деятельность А.М.Оразбаева //Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. Научный сборник, посвященный памяти первого профессионального археолога Казахстана, лауреата премии им. Ч.Ч.Валиханова Абдулманапа Медеуовича Оразбаева. Алматы, 1991, С.4-8; Умиткалиев У. Из биографических данных А.М.Оразбаева //Древняя и традиционная культура Казахстана в исследованиях молодых ученых. Сб. материалов Региональной археологической студенческой конференции. Караганды, 2004, С.136—139.

ісінде Әлкей Марғұланның үзенглес-шәкірттерінің бірі Кемел Ақышұлы Ақышевтың (1924—2003) орасан зор еңбекі бар еді. К.Ақышев көп жылдар боны археология секторын басқарды. Қазақстан археология ғылымының қола, ерте темір, ортағасырлық салаларында еңбек етті. Ол ашқан Бесшатыр, Отыrap, Есік (“Алтын адам”), Бұзқ ескерткіштері әлемдік ғылым мен мәдениет корына енді. Осылардың алдында, ғылыми жолының алғашқы кезеңінде К.Ақышев өз ізденістерін Ә.Марғұланның жанында, Орталық Қазақстан аумағында бастаған болатын. Қарқаралы ауданы бойынша барлау бағыттары. Кент сайындағы андронов кезеңінің қоршауын қазу. Бегазы зираты, N4 және N6 кесенелерді зерттеу<sup>1</sup>. 1953-ші жылы Ленинградта қорғалған “Орталық Қазақстанның қола дәүірі” атты диссертациясында Кемел Ақышұлы түнғыш рет Орталық Қазақстанның көне дәуірінің кезеңдемесін жасап, мәдениеттің сипаттамасын берді<sup>2</sup>. Сол жылдары кеңінен зерттелген ескерткіштердің деректері Ә.Х.Марғұлан, Ә.Оразбаев, М.К.Қадырбаевтармен бірлесіп дайындаған “Орталық Қазақстанның көне мәдениеті” атты іргелі монографияда жан-жақты талданды<sup>3</sup>. Арқа жәдігерлерін зерделеуге айрықша мән берген Кемел Ақышұлының да өмір жолы онай болмаған. Ұлы Отан соғысынан жарапанып келіп, ҚазМУ студенті атанып жүрген кезеңін Орталық Қазақстан экспедициясына тартқан, алғашкы археологиялық козқарастарын қалыптастырған Әлкей Марғұлан еді...

Ақмола қаласында корнекти қазақ зиялдысы, Мир Қасымұлы Қадырбаев (1932—1982) өзінің қысқа ғұмырында тамаша ғылыми іздер қалдырыды. Ол Орталық Қазақстан аймағының

<sup>1</sup> Ҳабдулина М.К. Беззаветное служение археологии //Мобилизованный археологий. К 80-летию со дня рождения Акишева Кималя Акишевича / 1924-2003/. Астана, 2004, С.41.

<sup>2</sup> Ақиев К.А. Эпоха бронзы Центрального Казахстана. Автореф. дис... канд. ист. наук. Ленинград, 1953.

<sup>3</sup> Марғұлан А.Х., Ақиев К.А., Оразбаев А.М., Қадырбаев М.К. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966.

ерте темір дәуіріндегі Тасмола мәдениетін ашқан, Атасу ықшамауданының ескерткіштерін жүйелеген, көне дәуір кенорындары мен тастагы таңбаларын зерттеген білікті маман ретінде белгілі<sup>1</sup>. Марғұланның көрнекті шәкірттерінің бірі Мир Қасымұлы, Әбдіманап Оразбаевпен бірлесіп 1959—1962-ші жылдары Шідерті бойында далалық зерттеулер жүргізді. Тасмола мәдениеті осы жұмыстар негізінде ашылды<sup>2</sup>. Бұдан соң қола дәуірі ескерткіштерін зерделеуге дең қойған ғалым Шет, Ағадыр онірлерін көнінен карастырды. 1970-ші жылдар ортасынан бастап Атасу өзені алабында шоғырланған қоныстар мен зираттар, кен орындарын кешенді зерттеу ісінің зор маңызы болды<sup>3</sup>. Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының Әлекен-нен кейінгі екінші жетекшісі Мир Қадырбаев оны 1976-жылдан омірінің соңына дейін басқарды және С.М.Ақынжанов, Ж.Курманкулов, З.Самашев, С.Жауымбаев т.б. көптеген білікті археологтарды экспедиция жұмысына тартты. Әділеттігін айтсақ, небәрі 50-ак жыл өмір сүрген Мир Қасымұлы оз ғылыми зерттеулерін, дегенмен, толықтай корытындылап үлгермеди...

Мінеки, Аманқұл Мұсатайұлы далалық зерттеулеріне жиқатысып жүрген Орталық Қазақстан экспедициясының алғашкы кезеңдегі жұмыстарын үйымдастырған және атқарған аса көрнекті ғалымдар, негізінен алғандар, осы адамдар еді.

Қазіргі ғалымдар Әлкей Марғұлан, Әбдіманап Оразбаев, Кемел Ақышев, Мир Қадырбаевтардың аттарын ерекше құрметтеп, оларды қазақ археологиясының “төрт тірегі” болды деп санайды. Төртеу де тұған жерінің табиғатын зерттеу мен

<sup>1</sup> Самашев З. Мир Касымович Кадырбаев // Вопросы археологии Казахстана. Вып.2. Сб. посвященный Миру Касымовичу Кадырбаеву. Алматы-Москва, 1998, С.5.

<sup>2</sup> Кадырбаев М.К. Памятники тасмолинской культуры // Маргулан А.Х., Акишев К.А., Оразбаев А.М., Кадырбаев М.К. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966, С. 303-333.

<sup>3</sup> Кадырбаев М.К. Шестилетние работы на Атасу // Бронзовый век степной полосы Урало-Иртышского междуречья. Челябинск, 1983, С. 134-142; Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сарыарки. Алматы, 1992.

бірге ғылымга бел шешіп араласқан бұл адамдар еліміздің бүкіл археология ғылымы саласына аса зор енбек сінірді.

Белгілі ғалым Ж.Құрманқұлов жетекшілігіндегі Орталық Қазақстан экспедициясы бүгінгі күнде өз жұмыстарын Арқа жерінде, сліміздің басқа да өлкелерінде табысты жалғастырып келеді. 1970-жылдардың ортасынан бастап Қарағанды Мемлекеттік Университетінің археологиялық экспедициясы да Орталық Қазақстан өнірін зерттеу жұмыстарына белсене кірісті<sup>1</sup>.

Қазір Орталық Қазақстанның ескерткіштері, оларды зерттеудің нәтижелері еліміздің археология ғылымында сүбелі өрын алғып отыр. Ең алдымен, Орталық Қазақстан қола дәүірі оркениетінің гүлденген ортасы екені мәлім. Сонымен бірге, ерте темір. ортағасырлар кезеңдері де нәтижелі зерттелуде.

Бүгінгі күннің ғылымы мен белімі заманға сәйкес жоғары талаптарды қоюда.

Қарағанды облысы аумағындағы кезінде Әлкей Марғұлан мен оның ардакты әріптестері ашып, зерделеген Бегазы, Ақсу-Аюлы, Айбас-дарасы зираттарында, т.б. көптеген ескерткіштерде ғылыми-зерттеу жұмыстары жаңартылуда. Республикалық “Жібек жолы” бағдарламасының облыстық жоспары аясында, кезінде Ә.Марғұлан ашқан “Бегазы-дәндібай мәдениетіне”<sup>2</sup> негіз болған, Бегазы зиратына айрықша көңіл бөлінуде. Айбас-дарасы, Талдысай, Кент сияқты ескерткіштер Республикалық “Мәдени мұра” бағдарламасына еніп отыр, қазір бұған болашакта енетін басқадай жәдігерлер тізімі дайындалу үстінде.

“Сарыарка — алтын планета” деп танымал журналист Юрий Попов айтпақшы, қазыналы Арқа өнірі көне жәдігерлердің

<sup>1</sup> Варфоломеев В.В. Введение //Евлокимов В.В., Варфоломеев В.В. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана. Уч. пособие. Караганда, 2002, С. 5-6; Сонкі, Студенческая археология в КарГУ // Древняя и традиционная культура Казахстана в исследованиях молодых ученых. Сб. материалов Региональной археологической студенческой конференции. Караганда, 2004, С.28-31.

<sup>2</sup> Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979.

үлкен кениші екендігі дәлелденген нәрсе. Оның Шыңғыстау, Абыралы-Дегелен, Баянтау, Кокшетау, Қарқаралы, Қызыларай, Бұғылы-Тағылы, Ортау-Қызылтау мен Ақтау, Нияз бен Ереймен, Ұлытау сияқты мұжылған кәрі таулары ежелден қалын елге пана, қоныс-мекен болған. Оларды қөмкеріп жаткан, қазақ баласы аяз бен қарға бейім атакты жабыны “қасқыр шоқыраққа” салған белес-белесті шексіз далалары, озен-көлдері қонеден жеткен сансыз ескерткішке толы. Қазір археология жүздеп санап отырған ірілі-ұсақты кен орындарынан қоған түрғындар кентас алып, металл балқытқан, қоныстарының маңында, тау беткейлерінде мындаған таңба-петрографтер қалдырған.

Ешқашан тоқтамайтын ғылым жолы белестен белес асып, өзінің ұзак сапарын жалғастыра береді. Ғылым — адам баласының өмірінің бір тұракты корнісі, адамзат өркениеттің аса күрделі, қызықты бір бөлшегі. Ғылым, оны үнемі дамытып отыру — өркениетті алға бастырудын аса зор кепілі.

“Жас өседі, жарлы байиды” деп қазақ айтпақшы, үлкен ғылым жолы үнемі жас буынмен толықтырылады. Жас мамандарға үлкен сенім артылады.

“Не деген бақытты едің, келер үрпак” деген қазақтың ақиық ақыны Қасым Аманжолов ага буын өкілдерінің қын-қыстау тұрмысына меңзеген болатын. Қазақ археологиясының “төрт тірегі” болған Элкей Марғұлан, Әбдіманап Оразбаев, Кемел Ақышев, Мир Қадырбаевтардың өмірлерінің көп адам біле бермейтін қындықтары болған. Элкей Марғұлан Ленинградта жүрген кезінде-ақ, тұтқындалып, Петропавл қамалында тергеуде болған, 1950-жылдары жұмыстан шығарып жіберілген тұстары да бар. “Шонжардың тұқымы” деген қорқынышты атактан Әбдіманап Медеуұлы мен Кемел Ақышұлының да сескеніп жүрген кездері болды, сонымен бірге бұл екеуі Ұлы Отан соғысының сұрапыл шайқастарына қатысып, толарсақтан қан кешті. Мир Қасымұлы 50 жасында жүректен кетті...

— Бектауата оңірінің тумасы, танымал өлкетанушы, білікті педагог, суретші, Ақтогай ауданының құрметті азаматы Аманқұл Мұсатайұлымен мен ҚарМУ тарих факультетінде

оқып жүрген студент кезімде танысқан болатынмын. 1984 жылдың жазының аяғында біз, сол кезде студент, қазір белгілі археолог ғалым Ж.Е.Смайлов екеуміз, Орталық Қазақстан экспедициясының жұмысына қатысып, Атасу өзені бойындағы Ақмұстафадан Қарағандыға қайтып келе жаттық. Агадыр кентінің маңында “көкбестімен” жанамалап озып барып, біздің көлікті тоқтатқан адам — осы Әбдіманап болып шықты. Жалғыз. Қонетоздау дүрбісі, қағаз-қарындаш салатын өскери сөмкесі бар. “Осыдан біраз бұрын Ақмұстафада болып кеткен, Жолдасты, Жәкенді тамаша біледі, Ақынжанов<sup>1</sup> барлауга шығып кетіпти. көре алмаған. Қазір бір шұғыл шаруамен жүр. Ортаудан келе жатыр. Шетке сокпайды, өзі ғана билетін қыска жол бар, сонымен Ақтогайға тіке тартып барады. Көре кететін біраз обалар бар еken, жауын бөгет болған. “Археологиямен шуғылдансан, көп еңбек ету керек”— деп Марғұлан осылай деп жиғайтатын”. Осы тақырыптағы әңгімені қыска ғана қайырған Әбдіманап аттана барды, сәл қозғалып, ыңғайланды да, “көкбесті” ата жөнелді.

Жол үстіндегі осы кездесуден соң, көп мінездемені сыртынан да естідік, әлденеше рет тағы кездестік те, бірак, Аманқұл Мұсатайұлының ерекше сипаттағаны оның 1989 жылы Алматыға, Бірінші “Марғұлан оқуларына” келуі болды. Конференцияда дәстүрлі 10—15 минут орнына 40 минут сойлеген Әбдіманап Марғұлан туралы, Арка ескерткіштері, оның ішінде Бегазы туралы тамаша лебіздер айтты.

Ақтогай кентінде ширек гасыр орта мектепте үстаз болып, бейнелеу онері пөнінен дәріс берген Аманқұл Мұсатайұлы жүз-деген жасөспірімді білім мен өнерге баулып, үлкен өмірге үшірдыш. Сонымен катар, оның аудандық өлкетану музейін бірнеше жыл дайындалап, ашу ісіне белсене қатысқанын айтпай кетуғе болмас. 1980-ші жылдарды дайындалып, 1990-жылдардың басында жаңа нұсқамен түпкілікті ашылған бұл музейдің көркемдік жобасын жасаған адамдардың бірі, кателеспесек, осы

<sup>1</sup> Бұлар белгілі археолог ғалымдар Ж.Күрманқұлов, Ж.Таймагамбетов, С.Ақынжанов.

Әбдіманап болуы керек. Қайткенде де, оның музейге сінірген еңбегін, осы мекеменің директоры Т.Бейсекова<sup>1</sup> бізге арнайы атап айтқан болатын, мұны әктогайлық басқадай азаматтар да жокка шығармайды.

Аманқұл Мұсатайұлы — елімізде белгілі суретші. Оның 120-га тарта полотноларының ішінде Шокан, Кенесары, Құнанбай, Абай, Марғұлан, т.б. тарихи тұлғалар, батырлар портреттері, сонымен бірге, тастағы таңба-петроглифтерге, Бектауата, Қызыларай пейзаждарына арналған, тікелей экспедиция әсерлерімен жазылған туындылары, еңбекті, түрмисты корсететін суреттер бар. Оқырмандар біраз жыл Балқаш қалалық музейінде тұрған бұл туындыларды қөрген болуы керек. “Жырда Әбдіманап суреттері арнайы галереяга айналдырылды, ол Балқаш қалалық Мәдениет сарайында” деген қуанышты хабар келді. Несі бар, бұл облыстық, балқаштық басшы азаматтардың басшыға тән парасаттылығы мен қоргенділігінің бір қуәсі.

Біздін билетініміз, Әбекенниң қылқаламдағы шеберлігі жаңа гана белгілі болып отырған жайт емес. Осыдан 6—7 жыл бұрын Қарағанды облыстық мәдениет департаментінің директоры Рымбала Омарбекованаң қабылдау бөлмесінде кездесіп, сәлемдескенімізде, маган Әбдіманап аға бұл суреттерді жарты гасыр ішінде жазғанын, бул істің кейір нәтижелері бар екенін айтЫП, оларды кормеге қою мәселесін облыстық департамент басшысы да қолдан отырғаны жайлышты қуанышын билдірген болатын.

---

<sup>1</sup> Музейге Ақтогайға барған сайын соктай кетпейміз, әрине. Мұның бір мәселесі – экспозиция тардағы археология тақырыбының мүлдем жұтандығы. Бұл көзге үрып-ак түр. Музейдегі археологиялық экспозиция туралы өлкенің жақсы патриоттырының бірі, белгілі маман, музей директоры Т.Бейсекова бізге арнайы отніштер де айтқан еді. Археологиялық заттардың тым аз немесе кейір жерлерде өрсекел қате койылуы жалпы аудандық музейлерге ортақ тақырыптарға жатады. Археологиялық заттарды табу мен қоюдың озіндік қыры мен сыры бар. Бірен-саран кыш ыдыс пен кейір бұйымдарды тек уақытша гана қоюға болады. Ал, негізінен алғанда музейдің археологиялық экспозициялары арнайы, едәуір уақыт ішінде дайындалады да, тас гасыры, кола гасыры, т.с.с. бойынша осы заманға сай, белгілі төртіппен жасалады. Оларды жабдықтауга қаражат, еңбек пен уақыт керек, ал бұны толықканды шешу үшін арнайы бағдарламалар қажет. Бұл мәселенің Ақтогайлық басшы азаматтар ескеруі гиис деп санаймын.

Расында да, 1950-ші жылдардың басында Алматы қолөнер училищесін бітіргеннен кейін Мәскеудегі Н.Крупская атындағы Институтты сырттай бітірген Эбдіманап аға сол кездерде-ак талай кормелерге қатысқан. Біздің озіміз билетін бір-екі жайтты ғана айтсақ, Аманқұл Мұсатайұлы 1970 ж. Бүкілодактық көрмеде 3-ші дәрежелі дипломды жеңіп алса, 1974 ж. Республикалық Қөмелер комитеті оны 1-ші дәрежелі дипломмен және лауреат атағымен марапаттаған. Оның үстіне Эбекенің бұл туындысы сол жылы 70 жылдығы арнайы аталып откен академик Марғұланға арналған еді, ал кеиинпрек бұрышында Эбекенің қолтаңбасы бар осы полотноны мен Жезқазган музейнен көрген сияқтымын.

Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерін дайындау ісіне Аманқұл Мұсатайұлының арнайы ат салысканын атап оту керек. Эбекенің Қазақстан туындын үлгілерін жасаудағы тікелей ұсыныстары, эскиздері басқадай мамандардың ұсыныстарымен бірге талқыланып, орталық газет беттерінде автордың аты да шықкан болатын. Мұның аса зор мәні бар. Үлкен окиға екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Ал кейінгі жылдары жазылған бір туындысы Болатқожа бабага арналған, мұны автор Астанадағы Президент музейіне сыйға тартқан екен, Ақтогайлық азаматтардың хабарына қарағанда, Эбекене осы портретті ресми түрде кабылдап алған музей әкімшілігінен Алғыс хат келген.

Аманқұл Мұсатайұлы тек ұзак жылдар экспедицияға қатысып қоймай, өз өлкесінде ескерткіштерді насиҳаттау, коргау ісіне бел шешіп араласқан, бұл іске бір адамдай еңбегі сіңген тұлға.

Аманқұл Мұсатайұлының ұсынылып отырған кітабы олketанушылық, оміrbаяндық, мемуарлық бағыттар аясында жазылған. Оқырманға тартымды, жеңіл, баяндалып жазылған, коптеген фотосуреттермен безендірілген еңбектің дүниеге келуіне негізгі себеп болған Марғұлан экспедициясы, оған қатысқан адамдар, археология ғылыми екендігі баса айтылып отті. Өлкетанушылық әдебиеттің оз тақырыбы мен талғамы бар болғандықтан, автордың көтеріп отырған тақырыптары арнайы ғылыми талдауға түспейді.

Сонымен қатар, бұғынға күнде жалпыға керекті, өзекті

такырыптарды ашып отырған, қалың оқырманға өте пайдалы осы кітапты ұсынарда қадалып айтатын ерекше мәселе бар.

Таза ғылыми материал, әдетте, академиялық стильмен жазылған, ондаган немесе жүздеген жылдар бойы қалыптасқан әдістемелік жүйеге бағынған зерттеу-монографиялар арқылы беріледі. Үнемі ауыр тілмен, саран, қысқа фактілермен жазылатын, таза ғылымға тікелей қатысы жок. кез-келген тақырыпты дереу айналып кететін осындай енбектеріміз қалың жұртшылықка жете бермейді де арнаулы академиялық орта шенберінде пайдаланылады. Оларға олкетанушылық, мемуарлық сарындар енгізілмейді. Тінти бұндайға жол да берілмейді. Яғни, бұл зерттеулер ең алдымен іргелі (фундаменталды) ғылымның нәтижелерін ғылыми ортаға таратады.

Аса құрделі құрылымдық жүйеге, алдын-ала бағдарланып қойылған және нақты нәтижеге бағытталған тақырыптық желіге, талқыланып, қағазда бекітілген ғылыми жоспарға қатты бағынған іргелі зерттеулерге кобіне түбінде ғылымға пайдалы, керекті деректер де енбей жатады. Себебі — мұндай деректердің болуы мүмкін екендігі ескерілмеген, оларды жинақтау жоспарға енбеген, т.с.с. Осының нәтижесінде қызықты олкетанушылық деректер, оның ішінде арнайы ғылыми өндеуден откізсе, құндылығы арта түсіп, іргелі ғылымға қажет деңгейге жететін деректер, зерттеулер аясынан тыс қалып қояды.

Осының бәрі сайып келгенде олкетанушылық әдебиеттің қандай маңызы бар екепн дәлелдейді.

Қазақстандағы олкетанушылық, мемуарлық әдебиет жанры әдістемелік, т.б. түрғыдан толысып, жетіліп, жалпы адамзат таныған бүкіләлемдік деңгейге жетуі керек.

Аманқұл Мұсатайұлы кітабына арқау болған нәрсе — оның ширек ғасыр арасында Әлкей Марғұлан экспедициясына қатыса жүріп, көргендерінен, тікелей сол ғалымдардан естігендерінен алынған өсер.

Автордың адамдар жайлы, өзі жайлы естеліктері, олке жайлы қызықты деректері, тастағы таңбалар, батыр бабалар, аңыз-күйлер жайлы айтып отырған мағлуматтары,— осының бәрі тамаша адамдармен, кәсіби мамандармен араласа шетсіз-шексіз Арқаның ең даласын кезген жылдардан алынғап, "Аманқұл

Мұсатайұлының санасынан еленіп өткен” және де “Аманқұл Мұсатайұлының бояуларымен берілген” деректердің бізге жеткен түрі. Автор, әрине, көсіби тарихшы-археолог емес, сондыктан оның кейбір қозкарастары іргелі ғылыммен онша сәйкеспей жатуы мүмкін.

Автордың ұзак жылдар бойы аралап, көріп, кітапта кейбірін атап отырған тастағы таңба-петроглифтері мындалы саналады екен. Бұлардың кейбір топтары ғылыми деректерге де ілінген, оларды оқырман ғылыми басылымдардан таба алады. Ал, сонымен катар, автор атап отырған петроглифтердің ғылыми зерттеулерге ілінбей отырғаны қаншама. Бұл – қатты ескеретін нәрсе.

Аманқұл Мұсатайұлы — ұлы табиғатты, оның аясындағы адамдарды, өткен уақытты суретшіге тән сергектікпен қабылдайды. Оны Марғұлан экспедициясына алып келген де, үлкен әсер алдырған да осы суретшіге тән мінездер болуы керек. Небір жазғыштарды көріп жүрміз, ал енді ширек ғасыр “Әлағанның, Мәнептің жаңында жүріп” (өз сөзі), тікелей енбек сініріп. қолжазбасын бітіре сала, оны ең алдымен Алматыға, Әлкей Марғұлан атындағы Археология Институтына алып келген, “мынау қалай болды, басшыларға барсам қайтер екен” деп үялған, қысылып-қымтырылған Әбдіманап археологтар зор алғыстан басқа не айта алады...

Біздің қымбатты авторымыз Аманқұл Мұсатайұлы Балқаш каласында тұрады. “Әлағаң” мен “Мәнеп” еркелетіп “Қазкен” деп атаған ардақты жұбайы Қазыл Білалқызы екеуі 6 бала, көптеген немере-жиен өсірген бақытты жандар. Жуырда сурет галереясы ашылды.

Кітапқа сәт сапар тілей отырып, авторга, оның қолжазбасына, кітаптың шығуына тікелей жәрдем барген азаматтардың барлығына археологтар тарапынан зор алғыс айтуда тиіспіз.

Қызығы ғана емес, шыжығы да мол мамандық иелері — көсіби археологтар өздерінің Актоғай-Балқаш өніріндегі бір әріптесі құрметті Аманқұл Мұсатайұлына зор денсаулық, шығармашылық шабыт тілейді. оны шама келгенше қолдан отырған ел азаматтарына ыстық ықыласын білдіреді.

А.З.Бейсенов.

# I БӨЛІМ

## *Естеліктер, хаттар*

### АЛТЫН БЕСІК – БЕКТАУАТА, АҚТОҒАЙЫМ, БАЛҚАШЫМ

Мен, Аманқұл Мұсатай баласы, 1927 жылдың наурыз айында Көкше теңіз – атақты Балқаш көлінің теріскейінде, Бектауата тауының күнгей бетінде, Сарыөзек деген ата-коныс кыстакта дүниеге келиппін.

Сарыөзек мениң аталарыма құдайдан бүйірған мекен екен.

Әкем де осында туған. Ата-анама, аға, бауырдың біразына осы ата қоныстан топырақ та бүйірды.

Өлкемізден бастасақ. Мен туған жылы Қарғанды облысы деген болмаған. Ресми әкімшілік бөлініс бойынша айтсақ, мен Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Қотан-Балқаш болысында туыппын. Тарихи деректерге жүгінсек, мен туғаннан кейін біраздан соң әкімшілік өзгерістер басталады. 1928 жылы губерния деген жойылады, Қарқаралы уезд емес, округ болып қайта құрылады, сонымен бірге патша заманынан жеткен болыстар тарап, аудандар құрылады. Сонда мениң туған жерім Қарқаралы округінің Балқаш ауданына айналған екен. Түгел айтсақ, округ құрамында мынадай 7 аудан болған көрінеді: Абыралы, Ақсары, Балқаш, Беріккара, Ку, Шет, Шұбартау. Қотан-Балқаш болысынан сәл теріскейге, Токырауын маңына қарай орналаскан Кедей болысы жаңа құрылым кезінде ол да тарап, біраз жері Қарқаралы округінің құрамында бұрынғы болыстың орнында жаңадан құрылып жатқан Шет ауданына, қалған жері осы Балқаш ауданына берілген екен. Кітаптардан тағы да білетініміз, осы Балқаш ауданы бұдан біраз жылдан соң жасақталған Қонырат ауданына негіз болған. Қонырат содан кейін Ақтогай болып аталды. Мәселен, 1930 жылы Қарқаралы округі тарап, өте үлкен аумақты алып жатқан аудан

болады, ал 1934 жылы кеңейгіліп қайтадан округ болып құрылады екен. Сонда оның жаңа құрамында жерлері үлкейтілген мына 6 ауданды көреміз: Баянауыл, Жанарқа, Қарқаралы, Қоңырат, Құ, Шет аудандары. Демек, 1934 жылға дейін Балқаш ауданы Қоңырат болып өзгеріп үлгерген. Ал, 1936 жылы Қарқаралы округі біржолата таратылып, Қарағанды облысы құрылады екен де, оның құрамына енген барлығы 14 ауданның біреуі тағы осы Қоңырат ауданы. Ақтогай деген атау 1936 жылдан кейін пайда болғаны осыдан көрінеді.

Алтын Бесік — Бектауата, Ақтогайым, Бақашым,  
Ризығынды халқыма алдына сап, үйіп-төгіп жатасын,  
Жылдар жылжып, айлар сырғып,  
Көше берер — омір атты тоқтамайтын керуен,  
Сен Ұлысың, сен мәңгісің — ардақтаған туган жер!

Бұл — туган жерге деген кейде шабыт келгендегі сөздер есебінде бұрынғы ақындарға еліктеу ғой. “Болмасан да ұқсап бақ” — демекші.

Менің ата тегім былай таратылады екен — Қаракесек Әлтеке баласы Достан Қожаназар, одан Жидебай туады, одан Қазақбай, одан Балапан, одан Медетбай туады. Медетбайдан Жұман, одан Мұсатай туады.

Мен, Аманқұл Мұсатайұлы — Жидебай батырдың 6-шы үрпағымын.

Шешем Дадан Тобықтысы Құттыбайдан тарайды. Шырақбай баласы Бекболаттан Мұса, одан анамыз Аққоян туады. Аққоянды жастай Мұсатайға әпереді.

Менің Жанәділхан, Ағәділхан, Накыпбек, Жақыпбек, Ақан есімді агаларым болды. Қыздан — жалғыз Құлмара, менің карындастым. Осы әuletten қазір Құлмара екеуміз бармыз, ол зейнетке шықкан, Жезқазған қаласында тұрады. Иншалла, агаларымның балалары, бірге осіп, бірге қайнаған басқадай ағайындар, туыстар жоқ емес.

Мен мектепте 26 жыл жұмыс істедім. Кейін музейге ауыстым. Экспонат жинау, оларды тәртіптеу, сипаттау, жобага түсіріп ынғайлау, басқа дайындықтарды атқардым. Қалың елдің как ортасында шауып жүріп жаттым.

Актоғай мениң елім. Ел ішінде еркеледім, ол рас, ал енді тым артық кетпедім. Қолдан келгенше енбектенуге тырыстым.

“Жайнай бер, жайнай бер Актоғайым,  
Атына, затына сай болайын,  
Әнінді айтып, мақтанайын,  
Тұған өлкем, Актоғайым!”

Бұл дәл айтылған, маған айтылған жыр.

— Үа, кімсің?

— Қадімгі Актоғайлық Аманқұлмын!

Бұл осылай. Мениң ұраным болды.

1957 жылы Қазыл екеуміз косылдық. Қараша айының 6 күні Сүлейбеков Жақан ГАЗ-52 машина беріп, Бектауатаға, Қаработадағы үйіме келдік. Жаңа түскен келинге, жанып тұрган қазан-ошаққа, май құйғызып, “алла берекесіне берсін”, — деп жалбарынып тәжім етілді. Май құйған от сөнген соң, жел үшірмасын деп шұқанақ қаздырып, құлді тастақ бетіне жауып гастанды. Тізесін бүктіріп, босағаға тәжім еткізді. Шешей батасын берді. Той жасап, үлкеннің батасын алып, жүріп кеттік.

Жамшы, Кенелі қайда? Ардақты аталарымның бір сұзы, бір тауы, мекені гой бұ да. Кенелі тауынан ұзын акқан сайда тағы той жасап, дос-жолдастармен бір күн болдық. Ақшокы жеріндегі жартасқа шықтық, қарасақ, тастың бетіне безерлеп салған неше ғүрлі таңбалар: арбаның дөңгелегі, арқар, таутекелердің мүйіздері карагайдай, садақ жебелерінің түрлері бар, коп. Басқа біреу болса көп көңіл аудармайды гой. Ал енді, Әлекенмен Марғұланды айтам, 1955 жылы танысканнан кейін мұны мен спрекше бағалаған сияқтымын. Кейін мұнда, әрине, тағы да келуге тұра келді. Әлаганды жаз шықса, біртүрлі тықырышып, бірдемесін жогалтқан кісідей күтіп отыратын болдым.

Ол өмірдің тағы бір басқа қыры.

Жас келіп, мен Балқашқа коштім. Маған үй берді, көшіріп алды, жұмыс берді. Депутат Е. Нигматуллин, жергілікті басшылар, казактың ер-азаматтары: Қ. Ахметов, М. Эліпбергенов, Қ. Төкішев, М. Тәтибеков, М. Жарылғап, М. Онғарқұлов мені қолдап, жасымды, еңбетімді силап, жәрдемдесті, қазір де құрметтен сырт емеспін.

Қазыл екеуміз қазір 50 жасқа толып отырмыз, яғни қосылғанымызға Алтын меже деп отырмыз. Алты баламыз бар. Иншалла, осылай. Бұл кем демейміз, бұл артық демейміз.

Қадірлі оқырманға бұл кітапта Әлаған, археологтар жайлы естеліктердің, ғалымның хаттарының біразын, кейбір зерттеу мақалаларды, біраз өмірбаяндық суреттерді, көне тарихка керекті сурет-деректердің бір парасын, өз салғандарымның кейбіреуін таныстырып отырмын.

Такырыпка үндес болғандыктан, туған өлке, ғылым, мәдениет жайлы мениң әрінестерім (ол азаматтарға такырып, материалды өзім беретінмін) жазған кейбір бірен-саран мақалаларды да енгіздім.

Алғашында “бұ қалай болар екен” деп отырғанымда, Алматыға апарған бір құшақ будыраған қағаздарымды көріп, Әлағаның қазіргі ғалым шәкірттері — археологтар “мынауыңыз әбден керек дүние, шығаруыңыз керек” деген ой айтты. Мен тек сол кезде ғана талпынып көруге бел будым.

Қылқалам ұстаған суретшілер жалпы қағаз жазуға, жазушылыққа ете осал болады. Мен қазір өкінемін, қаншама Әлағанның айткандары кезінде жазылмады, қағазға түсірmedім.

Дала төсінде талай кешті батырып, айтқан сөздерін үйип тыңдадым, бірак, оның бәрін тәптіштеп жазып алу ойға да келген жоқ. Сол кезде кім ойлаған. Қазір енді тек менде сақталған жазбаларды, кезінде газет үшін дайындалған, мектепке керек деп дайындаған материалдарды беріп отырмын. Ойдан шығарып, бет көбейту үшін, жаңадан жоқтан-бардан материал жазуды мен дұрыс емес деп таптым. Тек 3—4 бет Әлаған, Манап, Мир жайлы қазір ойымда жүрген пікірлерді айттым, өз ойларымды. Бұл тек мениң өз көзіммен көргендерім жайлы естелігім ғана.

Мен Марғуланның маған жазған хатын алғашқыда 1950 жылдардың сонында алған едім. Бір-екі хат сол кезде келген болатын. Ұмытпасам, 1959 жылғы жаңа жылды құттықтап жиберген бір хаты көпке дейін үйде жатты. Осы жылдың қантар айының ортасында келді-ау деймін. Алпысыншы жылдары хаттар көп болушы еді. Міне, осында хаттар менде сақталмады.

Мынау хаттар тек жартысы ғана, бұл кейінрек Қазылдың тұрып жүргендери.

Оның өзінде о баста хаттарды керек деп ойламай, Алматыдағы Самашов, Таймагамбетов сияқты археологтар “не дейді, Әлекенниң ози жазған хаттары бар болса, олар қайда, оларды қоспасан, жалпы мына қолжазбаңың керегі не” деген соң, дереу үйге келіп, бұл хаттардың қолда барын жиып, бас-аяғын құрастырық. Қазылдың аркасында сакталып келген хаттар.

Қолжазбаның алғашқы нұсқасын Қ.Садуақасов, З.Жұматоловалар қарап, кеңестерін берді. Материалдардың тобын З.Жұматова тергізіп, қолдан келгеше комек берді, бірақ қаптаған жер атавы, тарихи ұғымдарды қолжазбадан анықтап оқып, түзетіп теруге мамандар керек болды. Сондыктan, қолжазбаның толық нұсқасын Алматыдағы Әлекен атындағы Археология Институтының азаматтары қабылдап алғып, бастаған қарап, артық, кайталанған. тақырыптан ауытқыған үстарын ықшамдап, жаңадан тергізді. Суреттер осы Археология Институтында өндөліп. сканерге көшірілді. Менен ешқандай акы-пұл сұрамай, ондай сөзді қайтарып-қагып таstadtы, ол жігіттер. Археологтар “сіз біздің үстаз ғалымдарымыздың жанында жүрген біздің Аркадағы бір әріптесіміз боласыз, комектесу - біз үшін міндет пен борыш” деген соң, бұл маган үлкен қолдау болғанын жасырмаймын.

Кезінде маган көмек берген, қазір де үнемі қолдап отырған басшы азаматтар, аяулы жерлестерім Е.Нигматуллин, Қ.Ахметов, М.Әліпбергенов, Қ. Төкішев, М.Тәтибеков, М.Жарылғап, М.Оңғарқұлов, Қ.Садуақасов, З.Жұматоловаларға, қолжазбам туралы кеңестер берген басқа көптеғен ел адамдарына, мен, Аманқұл Мұсатай баласы, үлкен алғысымды билдіремін.

## ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАНМЕН КЕЗДЕСУ

1955 жылдың жазы. Жамшы өзенінен шығып, Кеншоқыға беттеп бара жатқан бетім еді. Жолда Түйетас тауына келіп, бұлақ басына көк мотоциклді кантарып тастанап, оның бастауына келдім. Көз алдымда әдемі жақлар тастанар көрініп тұр. Аяңдан тасқа келіп, үніліп қарап тұрсам, тастың бетінде әдемілеп қашап салынған таңба суреттер бар екен. Бетін сипалап көріп тұрмын: тау текелердің, тұлпардың түягы және басқадай толып жатқан андар белгілерін қашап түсірген. “Ой, ғаламат-ай” деп танырқап қарап тұрғанымда, бұлақтың басына “ГАЗ” машинасы келіп токтады. Машинаның шінен балуан денелі, касқа бас кісі түсті. Мен жандарына келіп сәлем бердім.

— Қай баласың? — деп аты-жөнімді сұрады.

— Суретшімін, Алматыдан оку бітіргенмін. Ныспым — Аманқұл.

— Жарайсың, — деді. — Сарыарқада суретшілер болуы керек қой.

Бәріміз жартасқа беттедік. Тастағы таңбаларды көрдік.

— Аға, бұл қай ғасырдағы таңба? — деп сұрадым. — “Аға дегенің дұрыс-ақ. Менің атым Әлкей Марғұлан”, — деп аты-жөнін түсіндірді. Шофері Геннадий құлағыма “академик” деп сыйырлады. Сонда ғана бұл кісіні жобалап таныдым. Небір әңгіме айтылып жатыр. Бәріміз түрегеп тұрмыз. Такырыптың қызықтығы мені буып, есімді тандырып, әкетіп барады десем артық емес. Сөз ретіне қараганда, бұл таңбалар VI—VIII ғасырлардағы Түркі қағанаты кезіндегі салтқа байланысты болса керек. Үйліген оба-корғандар да сол VI—VIII ғасырлардағы Орталық Қазақстанды мекендеген түрклердің немесе одан сәл кейін өмір сүрген қыпшак дөүірі тайпаларынан қалған ескерткіштер болуы мүмкін екенін айтты.

Менің ғулама ғалыммен алғашқы танысуым осылай басталды. Осы танысуым бұдан былай жалғаса берді.

Бірақ, бұл таныстықтың ұзакқа жалғасатынын, оның маған қандай үлкен әсері болатынын дөл сол уақытта біліп тұрдым деп айта алмаймын.

1956-да, 1957-де де келді Әлекең. Фалымның айтқан тапсырмаларын орындаپ, қолдан келгенше еңбек жасап жүрдім. Әлекең 1958 жылы Ақтогайға тағы келін, шілде айында мені сөртіп Қорпетай-Нұртайдағы жонғар-қалмақпен алысқан, қырғын соғыс өткен, қыпшактың 37 батыры каза болған жерге әкелді. Осындағы коне ескерткіштерді суреттеп, жазып, олардың сырын ашып, зерттеуге келген екен. Истің барысын көзіммен коріп, коптеген мағлұмат алдым. Тарихтан билетініміз, қыпшақ-қолонері, мәдениеті қатты дамыған тайпалар екен. Қызы-келіншектердің білезік, сақина, киімдершің гүймелері күмістен оюланып, мәнерлеп жасалған. Бір кереметі батырлардың беліне буынатын, жалпақтығы 2 сантиметрдей, белдігінде арыстанның, қасқырдың басы бейнеленген. Дала тосінде жайылған тұскі тамақта өнгімелесіп отырғанда:

— “Шіркін, мына батырлардың жығылып жатқан дұлыға бастарын орын-орнына қойып көтерсе, жақсы болар еді”, — деп койды.

Байқағаным, экспедициялық жұмыстарды басқарып жүрген Әбдіманап Медеуұлы Оразбаев екен. Қазылдың әкесі Біләлдің інісі, яғни Қазылға аға. Аты көпке танымал, улken ғалым болып, көпке өйгленді.

Әбдіманап Оразбаев менің жанұям үшін “Мәнеп” аталды.

Жығылып жатқан тастар жайлы ғалым ағаның айтқан сезі жадымда болатын. Ауданның атқару комитеті торағасының орынбасары Сейіт Хамитұлымен ақылдастым. “Әлкей Марғұланның маган айтқан тапсырмасы бар еді. Үлкен адамның қасиеті сені қолдар. Қоңырат жығылып жатқан 37 батырдың тұлға мүсінін орнына қою керек. “Қоңырат” совхозының директоры Жаңабек Қойлыбайұлымен ақылдаста та, тапсырма бер. Сенің тлінді алады гой”, — дедім. Жаңабекке айтып еді, ол, әрине, қарсы болмады. Кел деген күні бардым. “Беларусь” тракторын жаныма қосып берді. 37 батырдың тұлға мүсіндерін шама келгенше тартып, қозғап, орын-орнына котеріп койдық. Қателеспесем, сол жолы біз 20-ға тарта тасты котеріп қойған сияктымыз. Әлағаңның

тапсырмасы орындалды. Сейітке, Жаңабекке көп-көп рахметізді айттық.

Осы бір шаруа өзі маған үлкен сын да болды. Міне, осыдан кейін Әлағаңмен бірге жүргенде, экспедиция ізденістеріне қатысқанда, немесе ол кісінің жеке сапарларында ере жүріп, кеңбайтақ Орталық Қазақстан өлкелеріндегі таудағы ентаңбалар және басқа белгілерді, батырлардың басына қойылған мұсіндерді кай жерде тұрганын коріп-байқап, санап, шама келгенше қағазға тұртіп жүрге тырыстым.

Ондай мәліметтерді Әлағана, ол Алматыдан келген бетінде, беріп отыру мен үшін үлкен міндет, құрметті іс саналатын болды.

Мениң “мәлімет” деп отырғаным, әрине, қағазға асығыстау жазылған қыскаша қайырулар түрінде болатын. “Парактап, дерек жазып беруші ем, ананы да, мынаны да мен жазып бердім” деп өтірік айтатын адамың Аманқұл емес. Оны оқырманға ашып айтамын.

Мәселен, “Жиңішке, Бесбатыр, барлығы 3 тас, біреуі құлаған, ортадағысы әйел” деген сияқты болып келетін. Марғұлан мұндаидар “мәліметтерімді” қуана-қуана алғып, көз жүгірте сала, сұрақ қоя бастайтын. “Осы жолдан қатты бұрыс па?”, “Жаңында тағы не бар?”, “Үйлген оба көріне ме?”, “Шарбактастары бар ма?” — міне осы сияқты сауалдар болатын.

Тым асығыстау тұртылғен тұстарын қайта оқытып, “әй, осы сениң жазуың-ай”, “әй, жазасың-ау, шіркін, жазасың” деп те қоятын. Біз болсақ, “сіздікіне үқсас кой, үлкен адамдардың жазуы осылай болатын көрінеді” деп жарбаңдап жатамыз. Бәрі сыпайы, бәрі жарасады.

Ғұлама ғалым сол жылдардың өзінде ғазеттерге көп мақала беретіп еді. Толып жатқан редакторлар, меншікті тұлшилер. бөлім менгерушілері ғалыммен дос-жаран, іні-бауыр болатын. “Ана тақырып бос қалды”, “мынау туралы бірдене керек еді”, “мынаған сіз қалай қарайсыз?” деген сияқты арнайы тапсырмалар, сәлемдемелер, өтініштер қардай борайтын еді десем, қателеспейтін шығармын. “Сарыарқа”, “Орталық Қазақстан”, “Лениншіл жас”, “Арқа енбеккери”, “Қазақ әдебиеті” сияқты,

басқадай толып жаткан газет-журналдарда түрлі деңгейдегі зерттеу еңбектері жарық коретін. Біз шама келгенше түгелдей алып, оқып жүргө аттыныңбыз.

Ақпарат тапшы, әсіресе, ғылыми-мәдени жаңалықтар бүгінгідей аласапыран емес, теледидар каналдары, егер ол бар болған күнде, қарапайым, компьютер атаулы белгісіз. Сол бір жылдары онер, білім. ғылым, мәдениет жайлы мағлұматтарды арнаіры іздеп, тауып алып оқуға тырысатын едік. “Бәленше газеттің, журналдың бәленше санына Әлекен макала беріпті” десе біреу, кімде бар екенін тіміскілеп іздеп, ол санын дөл қазір кімнің қолында екенін сұрастырып, біліп, жаңын қоймайтынбыз. Ал шыққан материалдан озін тауып берген ескерткіштердің атын көру тіпті қызық болатын.

Мұнымен қоса, күй шежіресіне де катты қызығатын Әлекен. Біздің елдің ортасынан шыққан композитор, атакты күйші Томайұлы Шалғынбайдың бес күйі ел қолында болды. Кісілердің көкірегіндегі қалған “Мақпал”, “Текес өзені”, “Қаңбақ”, “Ортеке”, “Бостандық” күйлерін тауып, таспаға түсіріп, жарық дүниеге келтіруге жәрдемдестім. Марғұлан бұл істі катты қолдап, акыл-кеңесін аямайтын. Сәл кейінрек бұл сияқты күйлерді Қазақстан радиокомитеті, Жезқазған радиосынан бергіздік. Коптеген газет баспаларынан жарық көрді. Жақсы есімде — Сармантай Ахметжан “халық жауы” аталаип, аяқ астынан ұсталып кеткенімен, оның “58” атты күйін біздің ел жасырып тартатын еді. Оны мен өз құлағыммен естіп жүрдім.

### Археолог ғалымдар

Әлкей Марғұлан бойы ортадан биіктеу, акқұба жүзді, озіне жарасатындағы сәл толықша келген, жазық мәндайлы, зиялыштың бетіне шығып түрган кісі болатын. Қарапайымдау киінетін сияқты еді, бірақ, мен оның шікірейіп қалаша киінгенін аз кордім де, көбіне, үнемі деген дұрыс шыгар, далаша киініп жүргенін коретін едім. Бірақ, оте таза, бипаз, үқыпты болатын еді. Қалай болса, солай, олпы-солпылық

байқалмайтын. Мәселен, ұзақ жүріп кеп, машинадан түскенде, көбіне бұлак, жылға бойына тоқтаймыз ғой, ол кісі ең алдымен қолын, бетін шайып. ұсті-басын қагып, сілкін жататын әдеті бар болатын. Сосын барып. басқа іске кірісетін. Қара бәтенкесі, егігі болатын, ол да кара түсті костюм-шалбарын жиі киетін. Ақшыл-сұр түстес сулық-плаши да есімде. Дөңгелек берет қалпағын тастамайтын, сол береттердің мен бірнешеуін көрдім, соған үйір болатын. шамасы Ленинград, Мәскеу жақтан киін келген модасы деп жүрдік. Еліктеп біз де кидік, кейінірек. Ол кісінін құралдан өз дүrbісі. фотоаппараттардан бірнешеуі болды, бір қарасұрлау брезент сомкесін жақсы көретін, өдан басқа аспалы әскери сомкені де үстады. Қазақ, қарындаш қалмайды, қарындаштары үнемі үштаулы, оған керекті қышкентай, жарты қарыс қана қолдан соккан бәкісі бар-тын. Онымен нан, ет турамайтын, “бере тұрыңыз, нан турайын” дегенге бермейтін. Осы бәкіні Қарқаралы ма. Шет пе бір жақта біреу қолдан соғып берген сиякты еді. Өйткені қадірлейтін ерекше. Коктас-Молакта осы бәкі жоғалып, жарты күн іздеп, әйтеір тапқанбыз, айналадан іздеп әбігерленіп жүрсек, машинаның астынан шыққан. Әлекен ас-тамакқа канагат, өте шыдамды кісі болды. Жокты тап дегенін, арнайы бірдемені сұрап, мынаны жемеймін, ананы ішпеуші едім дегенін көрген жоқпын. Қәдімгі ауыл тағамының бәрін ішп-жайтін. Қымыз, айран, жалпы ақ тағамды төуір коретін. Жиі есіме түсетін бір нәрсе, ұзақ жүріс, ауыр жолдан кейін ол кісі дереу көп тамақ жемейтін. Осыны мен баскадан көрмедім. Бірде, 70-тің орта тұсы, ма еken, кешке үйге келді. Шаршаған. Таңертенген бері жолда екенін айтып, Қазылға тамақ істеппеді. Біз “неге, құнұзак жолда болсаныз, ас ішесіз” десек, “жок, мен таң асамын, асты ертең жасандар” дейді. Сосын үш-төрт кесе қою шаймен, бауырсақлен жатты. Ашы суга үйір емес-тін. Онысын а дегенде байқап қалдық та, біз де ойластырып, ашыны араластырмауга дағдыландық. Әсіресе, далада жүргендеге, шаруа барысында ашыны жолатпайтын. Ал Алматыда маған бірде конъяк ашты, бес жүлдіз. Оның үстіне ол кісі ашыға үйірлеу адамдардан аулақ болуға тырысатынын мен дареу байқадым. Ондайы бар

адамдармен шамасы келсе сөйлеспей, мәселені тез қайырып, кетп қалып отыратын. Бірак, табиғатынан сабырлы адам, ондайда біреуді сынау, қарсы бірдеме айту деген болмайтын. Жалпы Әлекен сабырлы адам еді. Дау, ұрыс-керіс, шу дегендерді кормедік. Тек кейде бірдемеге, біреулерге ашуланып, ренжін отыратын. Әсіресе, кираган ескерткіштерді көргенде. Таң мүсіндерді құрылышқа қолданғандарды естіп, көрсө тарс етіп, ашуын, ызасын жасырмайтын. Бұндайда қатты сөздерге баратын, кенселерге де кіретін осындай мәселелермен. Ауылдарда, жалпы қай жерде болсын, беталды сөйлейтін адамдар да болады. Оны жек көретін еді. Елді күлдіремін деп, мән-мағынасыз бірдемені қойып қап, жан-жағына алақтап қарап, жұрт құлсе, тағы бірдемені қойып қап тұратын желауыз, ақымақ, ырбық жігіттерді анық жактырмайтын. Тәртіке үйренгендікі ғой. Тәртіп дегеннен шығады, әр нәрсенің анығын айту керек ол кісіге. “Оншақты оба”, “тастың бес-алтауы түр”, “Сонаның тұсында” деп сойлесеңіз, дайындала беріңз. “Сонадан неше шақырым?”, “қай жағында?”, “оншақты деген не, он ба, әлде бесеу ме?”. Сұратып барып, мәселен, “Сонаның шығыс жағында З шақырым деп” анықтап берсөніз, “осының бастан тұра неге айтпайсың сен” дейді. “Не деген, былжыр, жобалап, күмілжітіп сөйлеуге үйренген адамсындар”, - дейді. Ақсакалдарды оте қатты құрметтейтін. Үлкен адамдардың созін бөлмей, ыждағатпен тыңдауды сол кісіден көрдік.

Әбдіманап Оразбаевты да коп көріп, жақсы арапастық. Қазылдың ағасы деп айттық. Үйде жиі болатын. Манап түрі акқубадан қараторыға жақын. ұзын бойлы, арық та емес, толық та емес, орта денениң адамы еді. Шаршамайтын, өте шымыр, билектері серіппедей, керемет қарулы болатын. Сонысымен қатар, өте жайдары, мінезі үнемі бірқалыпты, адамға қарсы шықпайтын жуас, момын кісі бөлды. Орнықты, кен жүректі адам. Әрі үлкен, байсалды, парасатты ғалым еді. Марғұланды пір тұтатын, соның айтуымен ғана жүретін. Орталық Қазақстанның ескерткіштерін зерттеуде үлкен еңбек сінірді. Қекшетау маңында да көп болған, ол жерде ол Кемел Ақышев екеуі қазған. Бұғылышы қазғанын естідім, өзі де айтты. Ал

Шортандыбулак, Қарқаралының қазғанын жақсы білемін. Барып көріп те келгемін. Шідертіге де барғам, бірақ. Манап пен Мир қазып кеткен сон. Ол екеуі Шідертіні алпысыншы жылдары қазды, мен болсам жетпісінші жылдары болым ол манайда. Шідертіде Болатқожаның, аргы бабамыздың, бейті бар, бірақ гылымға еніп, халыққа таратылмаған. Бұны дәлелдеп, айтып кеткен жан болса — ол Әлкей Марғұлан. Әбдіманаптың бір қасиеті Оразбай әuletінің өткен тарихына аузы тарс жабық болды. Оның себебін еш адам білмейді. Біреу ренжітті ме? Немесе жасынан біреулер үктырып, шегелеп кетті ме, білмедік. Марғуланның сұрағына да жауап бермейтін. Ежелден жуастығына басып, қарсы сөз де айтпайтын. жайғана бұрып әкететін. “Білмеймін, баламын ғой”, — деп айтатын. Манап Медеудің кіші әйелінен туған, бірақ Оразбай тұқымын қырып, айналаның бәрі оларға әдейі кенеше жабылып, талқандап жатқанда, ол бала дейтін мүлдем жас бала да емес. Сол кезде ол 13—15-те болуы керек. Неге білмесін, білді ол. Әдеп істейді деп ойлайтынмын. Қарқаралының бірнеше жыл қазып, тубінде тиіп тұрган Абыралы, Шыңғыска, ата жұртына баспады. Менен “сен Манапты жақсы білдің ғой, ол не айтты саған туыстары жайлы” деп сұрайтындар болды кейін. Мен “түк айтқан жок” деймін, ешкім сенбейді. Себебі, қазір елдің бәрін өздеріндегі сөзшең болған деп ойлайды. Манап, Әнел Жарқызын жақсы көретін, керемет, тік тұрып силайтын еді. Хабарласып жүрді. Соғысқа қатысқан, орден-медалі баршылық. Соғыста түскен бір фотосуретін Әнел енемізге соғыстан кейін ғылымға кіре бастаған тұсында берген екен, біздің үйде бар, соны археологтардың қайта-қайта тапсыруымен осы кітапка енгіздім. Басқа да Оразбай әuletінің біраз адамының фотосын кіргіздіртті археологтар, Самашов бар, басқасы бар. Манаптың омірбаяндық суреттері есебінде, онсыз болмайды деп. “Санияз Манаптың ағасы, алашорда болған, қызыл өкіметке қарсы шыққан, атып тастаған”, — деп айттық. Фотосын енгіздік. Ақлия оның бәйбішесі, оның да біздің үйдегі фотосын бергіздіртті. Манап Ленинградтан бітірғен, тарих-археологияның оқуын. Сол кездерде спортпен шұғылданған-

ау, суда өте жақсы жүзитін, спорттан волейбол, басткетболға тым маман еді. Өзі соғыста офицер болған, әскери лайындықпен де әбден шындалған адам ғой. Манап тау-тасқа да шығуды да басқалардан көрі ұнатыңқырайтын. Есімде, күннің ыстығында беталды тауға шығып, жоғалып кетіп, кешке келіп отыратын. Риза болып, “ана тұстан бәленше жер көрінеді екен, мынаның басына шықсан, анау көрінеді екен” дейді. Экспедицияға қатысуга қаладан келген орыс келіншектер мен қыздар, әйтеуір, өзіне үйр болатын. Спортистылығына мінезіне қызығады. Кеінірек Алматыда үйінде талай болдық, орыс женгеміз болды. Сабак берді, тарих, археологиядан. Баладан бір үл. Оның атын Әлкей деп қойған. Бұл Марғұланның құрметіне қойылған ат. Әлкей Әбділманапұлы Оразбаев қазір Алматыда, медицина, оптика маманы, ірі галым. Жайдары, әкеге тартқан жуас, аз сөзділеу. Қаланікі болған сон, түйіктау боп көрінеді және кобіне орысша сойлейді, өте жақсы жігіт. Осыдан бірер жыл бұрын Қазыл екеуміз арнайы барып, үйінде біраз болып келдік. Қонақжай, келіншегі де сондай анық бала.

Мир Қадырбаевты да дәл жаңағы екеуіндегі болмаса да, бірсызыра біліп, көріп жүрдім. Оның атын аудандық па, бір газеттен оқығаным бар, бірде Mіr деп жазыпты. Дұрыс емес. Мир деген ат Мейір дегеннен алынған, Mіr емес. Мир мығым денелі, ұзын бойлы, кең иықты, қара мұрт, сақал қойған жігіт еді. Көзілдірік киді. “Ей, менің руым ақбура”, - дейтін орысшалап. Кейінірек анықтап білдім, ақбура деген Теміртау, Ақмола жақтағы Алтай-Қареке елінен екен. Орыс тілді жігіт еді. Үнемі сол Ресейден оқыған, университет, аспирант оқу барін. Ақтогайда ертеректе болыпты, бірак, кейіннен ол Ағадырды өте көп зерттеді. Ақмұстафа, Ортау, Қызылтау төңірегін. Мен оған Шет ауданы жерінде, Ақсу-Ақалының жанынан ертіп барып, бір үлкен қорым көрсеткенмін. Жетпісінші жылдары. Соны көп қазды. Андронов тайпалары тұрган жер екен, оте үлкен ескі орын есебінде. Кітабында бар. Мир Шідертіле көп жыл Манаппен жұмыс жасаған. Манап-бастығы, Мир — көмекшісі. Ол жақта олар сак, қыпшак заманынан небір ғажап дүниелерді зерттеп, ашып, жаңағы

енгізген. Мир — аса көңілді, ашық, ақжарқын, ширақ, сергек болатын. Мир тамаша музыкант болды. Баян, гармонды келістіріп тартатын. Мен дәл ондай гармоншыны сирек көрдім. Орысша небір музыканы келістіретін. Полонез дейсіз бе, частушка дейсіз бе, түгел келтіретін. Экспедициясында да унемі гармон ұстайтын. Кешкі астан соң, гармонь міндетті түрде тартылатын. Келіншектер топтанып жүретін Мирдің жанында қазбада. Қалалық әйелдер жалаңаштанып қүнге қыздырынуды ұнатады, ондайда ретсіз маңына бара бермейсін. Көргенсіздік болады. Бірдеме сұрап, ынғай берш, сойлесіп жатса, жөні басқа. Мир отыз-қырық студент әкеп, Атасу өзенінде доп ойнататын. Мен ол жерде, Мир барда, кемінде үш-төрт рет болдым. Кейінгісін айтпағанда. Мир, менің пайымдауымша, мықты ғалым еді. Қыш ыдысты, бір барғанымда, әлдекімдерге түсіндіріп отырды. Үкканымыз, қыш ыдыс жасау оңай дүние болмаған. Ол үлкен тәжірибелі, дайындықты керек қылған. Әуелі біреулері балшық қазып әкеп, дайындалап, әлденелер қосып, тұздалап, қоспа жасаған. Одан соң, түрлі порыммен ыдыстың озін жасаған — үлкенді-кішилі қылып. Тегістеп. Оны тағы бір шебер оюлап, бедерлеп тұрган. Одан соң тағы біреулер алдын-ала дайындалап отырған отына күйдірген. Оны біреулер әкеп тазалап, жуып, қырган. Сосын барып, әбден кепкен соң, тұрғындарға таратқан. Керегіне қарай. Осындай әңгіменің арасында жүрдім-ақ, бірақ кезінде ештеңе жазып отырмағандықтан, коп нәрсе қазір жай сөз бол қалды.

Бір айта кететін жайт, Шет ауданында Нұраталды ауылында Тельман есімді кісі тұрды. Осы Тельман Әлағаң, Манап, Мир үшеуін де жақсы билген кісі. Мен өз басым Тельманмен көп бірге жүріп, коп сөйлескенім жок, бірақ археологтардың айтуымен жақсы білемін. Оның үстінде, бір рет Әлағаңмен еріп жүріп үйіне қонғаным бар. Актогайдығы біздің үй сияқты, археологтар осы Тельманнның үй-іші, жанұясымен жақсы араласқан. “Тельман үйінде шығар”, “мынаны Тельманнан билейік”, “ертен барған бетте Тельманга жолыгу керек” деген сияқты сөздер жи естилетін еді. Ескерткіштердің біразын осы Тельман да корсеткен сияқты археологтарға.

Ақынжанов Сержанмен екі-үш рет әр жерде гүлдестім. Ол Ақмұстафада Мирден кейін зерттеулер жасады. Мир жүрек талмасынан Алматыда аяқ астынан қайтыс болды. Сержан мұртты, жіңішке бакенбард сақалы бар, мығым денелі жігіт болды. Ойланып, баптап сөйлейтін.

1989 жылы Алматыға барғанда Кемел Ақышевпен кеңінен сойлесудің сәті тұсті. Ертеден естіп, жақсы біліп жүретінмін, бірақ жеке сөйлескенім жоқ еді. Ақышев те аса ірі қазақ ғалымы, археолог, ғылым докторы, профессор. Ол кісі 1950 жылдардың басында Орталық Қазақстанда жі болып, көп зерттеулер жүргізген адам. Әлаганмен бірге Бегазыны, 37 батыр обасын, Бұғылыны осы ғалым зерттеген. Мен Әлағанмен танысқан кезде Кемекен Қөкшетау жағында жүрген болса керек. Содан соң Жетісуды, Оңтүстік Қазақстан өлкелеріне экспедициялар үйімдастырады. Кемекен – атағы дүние жүзіне танымал әйгілі “Алтын адамды” тауып, зерттеген ғалым. Ақышевтың осы тапқан ескерткіші ел-елді аралап, көне Қазақстан өнерін айдай өлемге паш еткен. Отырар қаласын ашқан осы Кемекен, тағы коптеген белгісіз жаткан мұраларды тауып, оларды зерттеп, халық игілігіне жаратқан. Кемел Ақышев – үзын бойлы, арықша келген, акқұба жүзді адам екен. Қозайлірік киген. Мінезі бір сөзділеу, тәртіпке берік, бос сөзге жоқ, қатаң адам сиякты болып корінді. Басшылық қызметте көп болған соң болар. Бірақ мені аса жылы, жақсы шыраймен қарсы алды. Бір сағатқа жуық кабинетінде отырып, әңгімелестік. Шай қойғызыды. Институттың үзак жыл директоры болған. Соғыста болып. жарақат алған. Ол кісі маған атақты біртуар ғалым академик Қаныш Сәтбаев ағамыз туралы кеңінен айтты. Менен сөз арасында Бегазыны, 37 батыр қорымын сұрады. “Ұлытау жерін билесіз бе?” – деді. Мен “ептеп білемін, көргенмін, барғанмын” деймін баяғы. Орталық Қазақстанның көп жерін ғамаша білетіні аңғарылып отырды. Қоштасарда Сергей деген шоферін алдырып, маған “баратын жерініз қай жерде, мына кісі апарып салады” деп айтты. УАЗ машинасын мінеді екен. Сергей мені Горький көшесіндегі “ЦУМ” орталық дүкеніне әкеп салып, қош айттысты.

Жаны жайсан, ер мінезді, казақтың көне тарихы мен өнері, мәдениеті деп атқа мінген, бүкіл өмірін, болмысын ғылымға арнаған азаматтар менің есімде осылай қалды. Олармен азын-аулақ бірге жұрген жылдар менің өмірімнің аса бір мәнді, кызықты, аса бір жарқын тұстары.

### Екі жебе

1957 жылы Көрпетай-Нұртай тауындағы таңбаларды ашып жаткан кезінде Әлкей Марғуланмен Ақсу-Аюлы жағынан қайтып келе жатқан едік. Әлекен жүргізуши машинаңды көз үшіндағы қонырға қарата беттет деді. Конырдың алдындағы жазықта көп шошак бейіттер бар-тын. Келіп токтадық. Арапап жүрген кезінде Әлекен Қаракерей Қабанбай осы ортада жерленген сияқты. Кейбір зерттеулерім соны айғақтайды,— деген жорамалын айтты. Мынау құрылыштардың мықты салынғандығын байқаисың ба, кірпіштері сондай мықты. бірақ салмағы ауыр емес, женіл,— деді.

Кішкентай доңнің үстінде тұрған, бұл күнде әбден тозып, мүжіле бастаған бейітті шыр айналып, шолып едәуір жүрді. Ойланып тұрып манағы ойын әрі қарай жалғап, Қарашор, Сенкібай, Жидебай осы жақта қалды. Менімше Қаракерей Қабанбай да осы манда қалған болуы керек,— деген жорамалын туиінде айтты.

Сол сапарда Жидекен басына аялдап, дұға оқыдық. Бейіт ішине кірдік. Әлағаң топырағынан сыйпалап, бісмілләсін айтты. Сыйпалап отырып, кірпіштің жігіне, қойылған садақтың үш жебесін тауып алды. Жебенің бірін өзі алды да, “сениң бабай гой, екеуін сен ал, естелік болады” деп маган берді. Жебені осы уақытқа дейін сактап жүрдім.

### Желтаудағы танбалы тастар

Біздін Ақтогай ауданы бойынша, жұздеген аса маңызды тарихи ескерткіштер бар. Менің ертерек кездегі пайдаланып жүрген мәліметтерім бойынша, оның 40-қа жуығы мемлекеттің

корғауына алынған болатын. Басқаларының арасында құжатталғаны, құжатталмағаны бар, ал 1 ескерткіш республикалық маңызға ие делинетін.

Бізге тым жақсы белглі Желтау тауы — үлкен тарихи орын. Бұл арадағы таңбалы тастар сонау ықылым заманнан сақталған. Бұл таастардың бетінде сансыз суреттер салынған. Олар — сол замандағы тұрмыс-салттың, рудың таңбалары, малышылық, аңшылықтың көсіп еткен халықтың жәдігерлері. Ең көп кездесетіні торт түлік мал мен көптеген тағы аңдар мен жануарлар, құйме арбаның доңғалактары, аңшылық, Күн гәніріне жалбарыну, соғыс-шайқас, тағы сол сияқтылар. Әрбір салынған сурет озіндік композиция құрайды, үлкен ойды мензейді, билдіреді. Кезінде, Әлкей Хақанұлы осы суреттерді алғаш рет ашып, сипаттап, зерттеген болатын. Бұл таңбалы таастардың ғылым үшін өлшеусіз маңызы барлығын, сол кісі жазып қалдырыды. Бір кезде Әлекеннің тапсыруы бойынша, осы таудағы таңбалы таастардың кобін өз шамаммен суретке түсірген болатынмын. Сонда мен бір-біріне ұқсамайтын бірнеше мың гаңбалардың суретін түсіріп алғаным есімде. Жалпы таңбалы таастар бұл онірлерде аз емес. Олар әлі түгел ғылым қорына енбеген болуы керек.

Мұндай таңбалытас ескерткіштері, тас мұсіндер ауданымызда бұдан басқа жерлерден де көпtek табылып отыр. Ондай мұсінтастардың бастапкы жерінен ауытқып, бұзылып, сынған 5—6-ын кезінде мен аудандық мұражайға апарып қойдым.

Бір айта кететін жайт, Желтау тауының төңірегі ертеден елдің жайлы қонысы болған. Кеінірек бұл арада төрелер мен каракесектін көшкін агалары мекен еткен. Төре — казактың данасы. Алаш көсемі Әлихан Бәкейханов осы арада, Қасым қорасында дүниеге келген екен. Кейінгі әңгімелерде жи айтылып жүрді. Әлихан Желтаудағы таңбatalытасқа келіп, үлкен қариялардың басын қосып, әңгімелесіп отырады екен. Әлиханды 1922 жылы осы жерде өкімет ұстап, алып кеткен.

Тағы бір мениң жас кезімнен жи естіген сөзім, осы арада торелер Қасым мектебін ашқан. Онда талай шәкірт оқып, биім алған. Қасым мектебін бертінде Ғылым академиясынан Мұрат

Сембай деген жігіт келіп, ашып көрген. Мектептің орнын қағазға түсіріп алған кеткен болатын. Одан кеін бұл туралы не айтылғаны белгісіз.

Коп жылдар боы тарихи-археологиялық ескерткіштердің қорғалу жайы өте нашар болып келді. Талай-талай қаулылар, қағаздар шыққанымен мемлекет бұларды іс жүзінде арнайы сақтап, қорғаған жоқ. Әдемі создер айтылатын, ал тап бүгінгідей арнайы бағдарламалар мен жобалар ол жылдары болмайтын. Бұл беталды жамандау смес, рас сөз. Ертеректе тас мұсіндерді, оба-қорғандардың тас-топырағын құрылыска пайдаланған фактілер әр жерден кездесіп отырды. Оны қойдырган болдық. Ал енді таңбалы тастарды да шимайлап, оны балғамен қашап кетегіндер әлі көп кездеседі.

Ықылым заманнан жеткен коне таңбаның дәл үстінен бояумен оз атын жазып кететін мықты “тәртіп” бар. “Мал” ғой, адам емес, деңін десен, қайран малға обал. Мал не жамандық қылды деп ойлайсың. Бұл әлдебір жерлерде емес, тап бізде Ақтогайда, Балқашта бар. Мұндай сорақылықты ғалымдар ғана емес, менін өзім бертінге дейін көрін келем. Коргемін жоқ деген пенде, барсын да, көрсін. Қола дәуірінен сақталған таңбаның үстіндегі “Қайрат, Гуля. Ақтогай” деген сияқты жазуды. Қоптеген ескерткіштер құлап, тозып, кирап жатыр. Осыған қамкорлық керек. Қазір қаншама жаңа бастамалар, жоба, ұсыныстар котерілуде. Ол – үнемі үкімет тарапынан. Үнемі тек үкімет ойлауы керек. Ал енді жер-жерде отырған халықтың өзі де қазір ерекше ойлануы қажет емес пе? Ескерткіштер кім үшін керек, оларды кім үшін сақтау, қорғау қажет? Халық үшін болса, халықтың өзі де ойланатын кез қашан келеді? Сұрак, міне, осы ғой.

### **Жол сапары жоғалған мұсіннен басталды**

Сапарға шығуымызга қоптеген жағдайлар себеп болды. 1971 жылдың наурыз айы болатын. Бозайғыр даласында мұсін тастар бар деп естітімін. Соны суретке түсірін алу қажет еді. Адам бір нәрсеге бет алса, даланы аңшыдай кезіп кеткін келеді.

Каршығалы өзенінің қысанынан өтіп, Шұбартаймен шекарадас даланы сүзіп шықтым. Сәті түсіп таңба тастарға салынған адамды, анның бейнелерін таптым. Және осы сапарда бір жартасқа кезігіп, қайран қалдым. Өзім түсірген тас мұсінге үқсамайтын тас бейнеге тап болдым. Жаңағы бейнетастан қашалып жасалған түйенің басы болып шықты. Бар өнерімді салып суретке түсіріп алдым. Осы тапқан суреттерімді Алматыдағы Әлағаңа салып жібердім.

Әлекен жазған хаттарым мен суреттерімді алыпты. Содан соң маган хат жолдаған. Онда былай депті: “Аманқұл, Қазыл! Үй-іштерін, балалар аман ба? Жер аяғы кеңіген соң сіздер жаққа арнайы экспедициямен бармаклын. Содан әрі Семей, Қарқаралы, Егіндібұлак, Қарағанды, Ақмола өтпекпін. Актоғайда бірер күн аялдауым мүмкін.

Аманқұл, сениң жіберген суреттерінді тегіс алдым. Оның шілінде мениң түсінбеген жерлерім бар. Болжауымша, Шұбартай совхозы Бидайық бойынан түсірілген суреттерге үқсайды. Бұл кісі мұсіні ме? Тас үлкен бе? Аумағы кішкентай ма? Осы жағын нактылы анықта. Мениң жіберген суретімे үксай ма? Түйенің басы салынған сурет Қазанқап өзенінің бойында болу керек. Тәрізі қалақ тастан жасалған ба деп ойлаймын. Неге десен қалақтас қашауга женіл, жұмсақ келеді. Академия Актоғай аудандық партия комитетіне қатынас жолдаған, Жәкене (Шайдаровка) айт. Тас жақын арада жоғалып кетуі мүмкін. Оның Алматыдағы гылым академиясында тұрғаны жақсы. Сенің тауып түсірген суретіңе қарағанда бұл сирек кездесетін қола дәүірінің тасы болады. Қыскасы, осы тасты аудан болып Алматыға жіберсе, бұл гылымға көмек көрсету бөлар еди.

Салеммен Әлкей.  
27 наурыз 1971 жыл.

Әлағадан хат алғаннан кейін арада бір жыл өтті. Фалым ағаны асыға күтумен болдым. Сөйтіп жүрін 1973 жылдың июль айында телеграмма алдым. Онда таяу арада баратындығын білдірген. Аудан орталығынан күтерсін деген. Көп кешікпей июль айының ортасында Әлекен келді... Бірер күн аудан

орталығында болды. Дем алып, тыныққан соң, сапарын Шұбартай жақтан бастайтындығын айтты.

Әлекен бастап қасындағы адамдармен жолға шықтық. Машинаға мінгенде Әлекен:

— Аманқұл, жолшыбай өзін тапқан түйенің тастан қашалған басын қай жерден таптың, жолды білесің ғой? Бірден соған барамыз,—деді.

Біз аудан орталығынан шығып, Қарынғалы өзеніне келдік. Одан өтін Бозайғыр даласына шықтық. Алдымыз көз жеткісіз жазық. Тек өкпе тұстан Бесшокы көрінеді. Жанталаса қатарласа жүгірген бүйрарат төбелер артта қалып жатыр. Күнге күйген түйе терісіндей маң далада сағым ойнайды. Алдымыздан бірнеше таракталған сұрлеу жолдар кездеседі. Осылардың қайсысына түсетінін Әлаған сұрап қояды. Бұдан бұрын да сандықтаптардың сырын ашқан Әлаған жаңағы тас мүсіннің тұрған жерін көруге асыкты-ак.

Біз Әлекенді тасты суретке түсірген жерге алып келдік. Түйенің басы қашалған тас мүсінді тапқан жерімді көрсөттім. Бірақ іздеп барған тас мүсініміз жоқ болып шықты. Оның жоғалғанына сенбегендей маңайды тегіс шарлап шықты. Осы жерде Әлаған үлкен киялға берілгендей болды. Тасты өзі келіп алып кетпегендігіне өкінді. Сол түйе бас мүсін таста үлкен сыр барын сезген Әлекен:

— Шіркін Аманқұл-ай! Ер бейнетіннен тапқан тасынның шынымен жоғалып кеткені ме? Егер ол болғанда, оның маңызы әлемге әйгілі болып, шарлап кеткен болар еді. Қолға сирек түсетін мұндаидар мұраны алса, геологтар алып кетуі мүмкін, — деп топшылады Әлекен.

Зерттеп жүрген жұмысына шын берілген ағаның осы жerde айтқан әлгі сөзін қойын дәптеріме жазып алдым. Егер тасты ауданға жеткізгенде, Әлаған кандай қуанған болар еді деген ой көңілге орала берді. Не пайда...

Бәріміз машинаға отырдық. Бозайғырдан шығып Көктас-Молакқа келдік. Бұл жерде қола дәуіріндегі мәдени ескерткіштер аз емес екен. Табылған тас мүсіндерді Әлаған суретке түсіртті. Таңбалы тастардың бұл жерлерде де көп екенін айттым.

Бұған ғалым қуанып қалды. Көктас — Молактағы қалашықтар жүртүн Әлағаң арапап көрді.

“Мұндағы құрылыштар жерге көмілуі мүмкін. Үстін зәулім обалар басып жатыр. Қола дәуіріндегі құрылыштардың біразы аласа коршау тастар. Бұлардың даму тарихы қола дәуірін тегіс откерін, ертедегі қошпелілердің де тарихын қамтиды”.

Көктас-Молак бойындағы корған тастарға Әлағаң осындағы қысқаша сипаттама берді.

Әнгіме арасында Әлағана сұрақ койдым: “Молак бойындағы қалашықтар жүртүнін Бегазы мәдениетінен айырмашылығы бар ма?” — дедім.

— Аманқұл, койған сұрағын оте орынды. Молактағы қалашықтар Бегазы мәдениетінен 400 жыл бұрын салынғанға үксайды. Кейін бұл жерлер толық зерттелуге тиіс. Оны өмір корсете жатар,— деп бір қойды Әлекен.

орталығында болды. Дем алып, тыныққан соң, сапарын Шұбартау жақтан бастайтындығын айтты.

Әлекен бастап қасындағы адамдармен жолға шықтық. Машинаға мінгенде Әлекен:

— Аманкүл, жолшыбай өзін тапқан түйенің тастан қашалған басын қай жерден таптың, жолды блесің ғой? Бірден соған барамыз,—деді.

Біз аудан орталығынан шығып, Қаршығалы өзеніне келдік. Одан өтіп Бозайғыр даласына шықтық. Алдымыз көз жеткісіз жазық. Тек өкпе тұстан Бесшоқы көрінеді. Жанталаса қатарласа жүгірген бүйрарат төбелер артта қалып жатыр. Қунге күйген түйе терісіндей маң далада сағым ойнайды. Алдымыздан бірнеше таракталған сұрлеу жолдар кездеседі. Осылардың қайсысына түсетінін Әлаған сұрап қояды. Бұдан бұрын да сандықтаптардың сырын ашқан Әлаған жаңагы тас мұснінің тұрган жерін көруге асықты-ак.

Біз Әлекенді тасты суретке түсірген жерге алып келдік. Түйенің басы қашалған тас мұсінді тапқан жерімді көрсеттім. Бірақ іздеп барған тас мұсініміз жоқ болып шықты. Оның жоғалғанына сенбегендей маңайды тегіс шарлап шықты. Осы жерде Әлаған үлкен қиялға берілгендей болды. Тасты өзі келіп алып кетпегендігіне өкінді. Сол түйе бас мұсін таста үлкен сыр барын сезген Әлекен:

— Шіркін Аманкүл-ай! Ер бейнетіннен тапқан тасыңның шынымен жогалып кеткені ме? Егер ол болғанда, оның маңызы әлемге әйғүй болып, шарлап кеткен болар еді. Қолға сирек түсетін мұндаидар мұраны алса, геологтар алып кетуі мүмкін, — деп топшылады Әлекен.

Зерттеп жүрген жұмысына шын берілген ағаның осы жерде айтқан әлгі сөзін қойын дәптеріме жазып алдым. Егер тасты ауданға жеткізгенде, Әлаған кандай қуанған болар еді деген ой көңілге орала берді. Не пайда...

Бәріміз машинаға отырдық. Бозайғырдан шығып Көктас-Молакқа келдік. Бұл жерде қола дәуіріндегі мәдени ескерткіштер аз емес екен. Табылған тас мұсіндерді Әлаған суретке түсіртті. Таңбалы тастардың бұл жерлерде де көп екенін айттым.

Бұған ғалым қуанып қалды. Көктас — Молақтағы қалашықтар жүртін Әлағаң арапап көрді.

“Мұндағы құрылыштар жерге көмілуі мүмкін. Үстін зәулім обалар басып жатыр. Қола дәуіріндегі құрылыштардың біразы аласа коршau тастар. Бұлардың даму тарихы қола дәуірін тегіс откеріп, ертедегі көшпелілердің де тарихын қамтиды”.

Көктас-Молақ бойындағы корған тастарға Әлағаң осындаі қыскаша сипаттама берді.

Әңгіме арасында Әлағана сұрақ койдым: “Молақ бойындағы қалашықтар жүртіның Бегазы мәдениетінен айырмашылығы бар ма?” — дедім.

— Аманқұл, койған сұрағын өте орынды. Молактағы қалашықтар Бегазы мәдениетінен 400 жыл бұрын салынғанға үксайды. Кейін бұл жерлер толық зерттелуге тиіс. Оны өмір корсете жатар,— деп бір қойды Әлекен.

## КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН ТАҢБАЛАР немесе

### ҰЛЫТАУДАҒЫ ҚОБЫЗ БЕН ҚОЙТАСТАҒЫ КҮН

Ертерек жылдары Жезказганда өткен өлкетану — табиғат корғау қоғамының облыстық конференциясына Ақтогай ауданынан екі адам делегат болып катыстық. Ауданлық аткару комитетінің төрағасы Үйдырысов және мен. Облыста өткен алқалы жыында Алматыда өтетін өлкетану съезіне делегаттар сайланды, соның ішінде мен де бар едім. Осы сапарда Ұлытауға бармак болдым. Ол кезде Ұлытау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жаманқұл Шайдаров еді. Жәкенмен телефон арқылы сөйлестім. Амандақ-саулыктан сон:

— Жәке, Ұлытауды араласам,— деп ойда жүрген шаруаның шет жағасын билдірдім. Жәкен менің кайда токтаганымды биліп алған сон:

— Ертең сағат 12-де тос. көлік жіберемін.— деді. Уәделі уақытта жүргізушісі келіп, біз жол жүріп кеттік. Жолшыбай қымызхана бар екен, соған токтадық. Сол жерде жастау, орта бойлы жігіт келіп, сәлем берді. Есімі Айтқұл екен, өзін мәдениет бөлімінің менгерушісімін деп таныстыруды.

— Мына Жәкеннің машинасына рүқсат берейік, менің машинама жүрініз,— деді жана танысым.

Сол жолы Жаманқұлдың үйінде болдым. Құшак жая ашық-жарқын амандасып, ел-жүртты, Ақтогайдың үлкен-кіші ақсақалдарын сұрап жатты. Келген шаруамды айттым.

— Әлкей Марғұланның тапсырмасы бар еді. Ұлытауда гажайып қобыздың суреті бар. Соны қағазға түсірсем, үлкен жұмыс болар еді деген. Жәке, сол қобызды және хан сарайының орнын көрсем,— дедім.

— Жақсы, жақсы,— деді. Содан сон Айтқұлға тапсырды: — Барам деген жеріне апар. 3-4 күн аралат,— деді.

Сол жолы тастағы таңбалардың 430-ын санап, қағазға жазып алдым. Жол серігім де әңгімеге шебер, ақжарқын азamat екен. Өзі Дүйсебековпен Қарағандыдағы мұғалімдер білімін жетілдіретін институтта бірге оқыған. Ендігі бет алысымыз

Ақсақ Темірдің алтын қорыткан жеріне келдік. Аумағы 200 метрдей жерді алып жатқан ескі корым, коне дүниенің көленкелі беттерінен сыр бұккендей.

Әлекен әйтатын қобыздың суретін коп ізdedік. Әйтеуір таптық, Үлкен жылтыр тасқа қобыздың басы, тау текениң мүйізі мен адырайған көзін қашап салған. Ұзындығы 80—95 см болады. Тасқа қашалған қобыздың суретін коргенде ерекше гебірендім.

Ұлытау жалғыз биік,  
Бауырында ойнаған киік,  
Қобыздың сазды үніне,  
Жатқандай далам иш.—

деген олең жолдары кокейге орала береді.

Бұл жұмыстың бігіргеннен кейін Сарыарқаның төсінде жатқан Алашахан мазары орналасқан Сарыкенгір, Қаракенгір озенінің бойындағы жазыққа тарттық. Мазар күйдірген қыштан салынған. Қыштың беттері үш, торт, сегіз бұрыштан ойылып кептірілген, кей жерлері бұзылған. Бояулары да әртүрлі, бір гажабы, жел мұжіп, жаңбыр шайып, күн күйдірсе де бояулары ошпеген. Құлаған кірпіштің біреуинің бүнірінде 1227 деген таңбаны козім шалды. Мазар осы жылы қаланған деп ойладым. Сол сotte аспаннан жеке-дара бір бұлт тұнеріп келіп, наизағай ойнап, иле —шала жаңбыр құйып жіберді де, мазардың төнірегіне қызыл-сары сәуле шашып, кемпіркосақ тұра қалды. Мұндай да гажап болады еken. Мазардың ірғесінде 16 баспалдақ бар, жоғары котерілп сыртқа шығады.

Жетпісінші жылы Мұхтар Әуезовтың мұражайында Әлкей Марғұлан көне дәуір жазуларына арнаған баяндама жасайды. Осыған қатысқан белгілі археолог Жолдасбек Құрманқұлов оз сөзінде атап өткен еken, “Әлекене Ұлытаудағы қобыздың суретін, Желтаудағы күн таңбасын Аманқұл Мұсатайұлы қағазға түсіріп берді” деп. Осы Желтаудағы күн деген Қойтасқа күнді жеке дара қашап, оның шашырандысынан 12 айды туғызған, оның қыскалығы мен ұзындығын белгілеген. Ол арада 2021 сурет бар. Жатқан өнер галереясы. Міне, біздің өлкеде өткен дәуірлерден сыр шертетін осындай гажайыптар бар.

## ТАҢБАЛЫ ТАСТАҒЫ ТАУТЕКЕЛЕР

Кезінде академик Әлкей Марғұлан Орталық Қазақстандағы мәдени-тарихи ескерткіштерді зерттеуде үлкен еңбек сініргені баршаға мәлім. Көзінің тірі кезінде ауданымызга арнайы іссапармен жиі келні-кетіп жүретін. Фалым адаммен бірге жүрген уақыттарымда көп нәрсөн үйрәндім. Айтқан тапсырмаларын бұлжытпай орындалап отырдым. Менін еңбегімді де Әлаған жоғары бағалады.

1975 жылдың жаз айы еді. Әлкей Марғұланмен Шұбартаудың Қектас-Молақ деген жерлерін арападық. Жаңы жайсан, жүрегі жомарт Әлаған тарихи ескерткіштер жайлы қызықты деректерді жеріне жеткізе әңгімелеп отыратын. Өз еңбектерінің басын қосып баспаға беретінін білдірді. Осы сапарында маган күрделі жұмыс тапсырды.

— Семейдің Шұбартау ауданындағы Керегетас тауларын сүзіп шығуың керек. Ондағы таңба кешендерді, сым тастарды суретке түсіруін қажет. Жолың түсіп бара қалсан, жер аттарын анықтай түсерсін. Алматыға барған сон Шұбартаудағы жігітерге хат жазып, көмек жасау керектігін айтамын, - деді Әлаған.

Үлкен ғалымның айтқанын орындауда жарғақ құлагым жастыққа тиғен жок. Өйтпесем Аманқұл болам ба? Коп кешкпей Шұбартау ауданына жол тарттым. Ондағы ауыл басшыларына жолығып, көлік жағынан көмектесуді өтіндім. Бұл тлегім де орындалды. Құз жартастары төбене төніп түрган Керегетастың табиғаты ерекше көз тартады. Көк шағыл тастарға қашалып салынған таңба суреттерді көріп қайран қалдым. Онда бұғылардың, сілеусіннің, төрт-түлік майдардың бейнелері тайға таңба басқандай анық корінеді. Бұдан кейін Құлшы, Қарашокы тауларына соғып Әлаған айтқан суреттерді шығарып, Әлағана салып жібердім. Осы жолғы сапарымда Әлихан Бокейханов жайлы бір жаксы деректерді тапқаныма қуандым. Енді соған тоқтала кетейін.

Қаратал совхозының 4 бөлімшесінде жасы 80-нен асқан Жасымбек Бегетаев деген ақсақал тұратын. Өзі Әлихан Бокейхановтың немере ағасы екен. Керегетастан қайтып келе жатып сол кісінің үйіне соктыйм. Әңгіме арасында копті көрген көнекөз қария маган бір сауал қойды:

— Аманқұл, сен тау-тасты кезіп, ел аралап, тарихи-мәдени сскерткіштерді зерттеп, суретке түсіріп жүрсің. Көзімнің прісінде, есімнің дүрысында мына бір деректерді айтып кетеин. Кейінгі үрпактың есінде қалсын. Ұзын сонар әңгіменің тиегін ағытты.

— Құні кешегідей әлі де көз алдында. Мына Желтаудың шығыс жақ бетінде Қасым төрениң өзі салдырган мектебі мен үйі болатын. Оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу адам еді. Сол мектепте кедей шаруалардың балалары оқыды. Мектептен білім алғандардың біразы бар. Алды самайын ак қырау шалған ақсақалдар. Көбісі дүниеден отті. Сол мектептен білім алған совхоз орталығында тұратын Сүйді ақсақал да жақсы білеці. Қабыкей карт сол мектепте мұғалім болып істеді. Кейіннен Қасым салдырган мектептің аты “Ақшкол” деп аталды. 1928 жылы байларды қемпескелеу қолға алынды. Сол жылдары шолақ белсенділер жаңағы мектеп пен үйді “байлар салдырыды” деп бұзып тастанды. Қазір сол арада мектеп үйінің тау болып үйілген топырағы ғана қалған. Бұл да асыра сілтеушіліктің зардабы шығар. Осындай келенсіз жайлар еске түскенде ақын Максұт Нарманбетұлының бір ауыз өлеңі ойға оралады,— деп Жассан өлеңдете жонелді:

Белсенділер,  
Галстук тағып теңселді.  
Ақ, қараны айыра алмай,  
Елтірі мен сен-сенді,— деген екен.

Жассан әңгімесін әрі қарай сабактай түсті.— Мектеп салынған жерден жоғары қарай жүрсөн биік жартастар кездеседі. Онда тасқа салынған таутекелердің суреттері бар. Жаңағы жерден ойға қарай құлап бұлақ ағып жатады. Одан әрірек барсан “Аюшатқалы” деп аталатын сай кездеседі. Бұл араны ертеде аю мекендесе керек. Шіркін, откен өмір десенші! Менің немере ағам Әлихан Бекейханұлы ауыл ақсақалдарын жинап сол жерде әңгіме-дүкен құратын. Қола дәуірде өмір сүрген адамдардың мекені деуші еді. Таңба таста телегей-теніз тарих бар. Мұны да ғалымдар зерттеп, кейінгі үрпакқа мұра етіп қалдыратының үлкендерге айтып отыратыны әлі есімде. Әлихан ағамыз Жақсы

**Жанғұтты, Жидебай батыр туралы да қызықты деректерді билетін.**

1920 жылдың жаз айы болатын. Осы жерде дем алып жатқан Әлиханға Семейден келген қызылдардың солдаттары телеграмма әкеліп береді. Телеграмма Сталиннен келіпті. Онда Әлиханды Мәскеуге шақырған. Көп кешікпей Әлихан Каркараты арқылы Мәскеуге кетті, — деп Жасымбек аксақал ағасын бір сәт еске алғандай ауыр ойға беріліп әңгімесін аяктағы.

Әлихан болған жердегі тасқа салынған таутекелердің суретін түсіру үшін іздел бардым. Сол суреттерді көзі тірісінде академик Әлкей Марғұланға жібердім. Оны алысымен галым маған хат жазып жіберіпти: “Аманқұл, Әлихан Бекейхановтың дем алатын жеріндегі тұғыр таста тұрған таутекелердің сурегін алдым. Бұл да зерттеуді қажет ететін жаңалық. 1975 жылдың қысынан аман шықсам, маусым айының ортасына қарай Ақтөғайға барып қалармын” деп жазыпты.

Сол жылдың шілде айында Әлаған ауданымызға келді. Кенелі тауындағы таңбалы тастандарды корді. Жылсыайды аралады. Жоғарыда сөз еткен Қасым төрениң атамекенінде болды. Жартастағы таутекелердің бейнесін коріп тамашалады. Әлихан Бекейханов отырған тұғыр тасты сипап тұрып:

— Елім, жерім деп еңіреп өткен алаштың азamatы Әлихан Бекейхановтан кезінде халқы қапыда айырылып қалды-ау. Мына екі таутекенің суреті болмаса, бұл араны ешкім іздел келмес еді. Қазак халқының біртуар ұлы осындей-ақ болсын. Әлиханмен бірге жүрген қызықты күндерім де болды. Өте білімді, парасатты жан еді. Сөзге шешен, тіле жүйрік болатын. Алтынның сынығы жерде қалmas,— деп еді.

1980 жылдың маусым айында М.Сембин, М.Жолдасбеков деген кіслер келді. Оларды Академиядан арна-йы жіберген екен. Олар Әлихан Бекейхановтың атамекенінде болды. Тұғыр тасты, таутекелердің суретін, Қасым төре салдырған ескі мектеп үйінің орнын қағазға түсіріп, академия-ның мемлекеттік қорына алып кетті. Міне, Әлихан Бекейхановтың туған жеріндегі тұғыр таста тұрған таутекелердің суреттері жайлы дерек осындей.

## ЖАМАНКОҢ, ЖАҚСЫКОҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Тамыздың ми қайнатар ыстығы күидірін тұр. Мұндайда жол жүру онайға соқпайды. Бірақ, карт ғалым шаршаган қабак танытпады. Қайта қызықты әңгімелер айтып жол қысқартты. Қараанды мен Целиноград арасындағы жолда мін жоқ. Ерсіл-қарсылы жосылған машиналардың легі. Элекен бұл өнірді бес саусағындей биледі.

— Жігіттер, ұзак сапардан шаршап қалған жоксындар ма? Аманқұл, саған Ақтогайдан шыққанда Целиноградқа баратынымды ескертіп едім гой. Бұрын бұл жаққа келмеген шыгарсын, — деп алдында отырган Әлаған ұлken тұнғызық ойға беріліп кеткендей болды.

Бір кезде бізге жалт қарап әңгіме айтатындаі нышан билдірді.

— Тарихтан білесіндер гой, — деп бастады әңгімесін Әлаған. Біз не айтады дегендей ғалым ағаға қарап қалыптыз.

— Кешегі ел еркесі Ақанның Құлагермен шарлаған жерлері емес пе, бұл ара? Ақан басына түсken ауыртпалықты көтерін, онын қайғысына ортак болған, Ақанның көңілін әнмен жұбатқан әншілер де ән салған жер бұл. Қарқаралының Айтпайы, Баянауылдың Жарылғапберлісі, Атбасардың Капашын естіген шыгарсындар, — деп өткен күндегі ел еркелерін Әлаған бір сәт ойға алды.

Құлагердің өліміне себепші болған сол кездегі жыртқыш шонжарлардың қатығез қылыштарын бір суреттеп өтті. Ақанның Құлагерін ыңылдалап өленге қосты:

Ақанды айтпаса да қолбасы деп,  
Аяды Құлагердің жолдасы деп...

Сағынай асынан кайтқан серілердің Ақан көңілін жұбату үшін айтқан әңгімелері мен өлеңдерін бізге түсіндірін. осы жакта болған Жаяу Мұса, Шоқан туралы да қызықты деректерді еске түсірді. Ақан үшін Сарыарканы қөктей өтін, Торғай, Тобыл бойларын аралаған жестандай ақындардың достығында не кінә бар? Шіркін. Әлаған тарих шежіресіне беріліп кеткен еді.

Целиноградқа таяғанда Әлаған бұл жерде көп бөгелмейтінін білдірді. Бірден Қорғалжын ауданына өтіп кететінімізді айтты. Тек соган жеткенше, ондағы жұмыстармен танысқанша, ғалым аға асығып келеді. Сол күні Қорғалжыннан отіп, жұмыс жасап жатқан экспедиция мүшелеріне жеттік. Мұндағы экспедицияның жетекшісі Мақсұт Нұрқабаев деген жігіт екен. Машинадан түскен Әлағанды көмекшілері құшак жая қарсы алды.

— Қалдарың қалай жігіттерім, кешікті деп ренжіп жатқан жоқсындар ма? - Әлаған өз адамдарының жан дүниесіне терен үңгіліп сұрап жатыр.

Біз осы арада Мақсұт жетекшілік ететін экспедицияның жүргізген жұмыстарымен таныстық. Қорғалжын ауданына қарайтын Жаманкоң, Жақсықөң деп аталатын жер. Мақсұт жетекшилік жасаған экспедиция осы жерлерден ертедегі тастан салынған корғандарды, қалашақтарды, тас мұсіндерді зерттепті. Мақсұт бізге сол корғандардан табылған ескерткіш дүниелерді көрсетіп таныстырыды. Тастан, сүйектен жасалған құмыраларды, қолдан жасалған садактың жебелерін, жануарлардың сүйектерін көрсетті. Бұл заттар қола дәуірінде мекендеғен елдің өмірі мен тарихын сипаттайды. Әлаған бұл тайпалардың VI—VIII ғасырда Жаманкоң, Жақсықөң басында үлкен бір қауым болып тұрғандарын түсіндірді. Әлаған алғып тастарға қашалып салынған мұсіндерді көріп үлкен баға берді. Табылған заттарды көріп тұрып:

— Аманқұл, ой жүгіртпің байқаймысың? Сен түсірген қола дәуірінің кешен құрылыштары көп қой. Мына тастарға өрнектеп салынған суреттер соган оте ұксайды. Адамның бастары мен хайуанаттар денесін модельдеп келтіруін қарашы. Қола дәуірінде адамдар тасты ондеу ісіне көп көңіл бөлген.

Экспедицияның атқарған жұмыстарына токталып. Әлаған оларға ақыл-кенестерін айтты. Бұдан кейін біз Қорғалжын ауданының Сарыозен, Жаңаарқаның Карл Маркс, Сәкен Сейфуллин атындағы совхоздарында болдық. Қарағандыға келген соң Әлаған академиямен байланыс жасады. Атматыға үшпакшы болды. Академияда жұмыс барысымен шакыртып жатқанын билдірді. Коп күндер бірге болған Әлағанды аэропорт басына шығарып салдық. Самолетке мінер алдында комекшісі

Сұлтанды Әлағаң шақырып алды да: Мына Аманқұлды ренжітпе, ендігі жерлерді көруге менің уақытым болмады. Сен Аманқұлмен бірге Ақтогайға барасын. Екеуін Желтауды зерттеп тексересіндер. Ол жерлерде көп жұмыс жасауға тұра келеді. Аманқұл суретке түсірін маган жібереді. Басқа жұмыстарды көре жатарсындар,— деп қолымыздан үстап қоштасты.

### Шолақсай шежіресінен

Султан екеуміз Ақтогайға келдік. Әлекенің аманатын орындау мақсатында Желтау сапарына дайындалдық. Тамыз айынын 18 күні жолға шықтық. Ыстық қайтып, күздің ызғары билінеді. “Ақтогай” совхозы арқылы Жінішке өзеніне келдік. Содан әрі Желтауға қарай өттік. Ондағы Шолақсай халық тарихы үшін маңызы зор өлкे. Өйткені Әлағаң ол араны тегін айтпаса керек. Сұлтанды бастап Шолақсайға бардық. Сайдағы жартастарға өрмелеп шықтық.

— Сұлтан, мына тастардағы суреттерге қараши. Неге үқсайды деп ойлайсың?— дедім. Әлағаң жанында жүріп мұндай жұмыска көзі қанған Сұлтан:

— Сурет сүзіспін жатқан арқарларға үқсайды, — деді.

Біз жаңағы тасқа қашалған бейнені суретке түсірдік. Шолақсайдағы жартастар қола дәүірдегі деректерге бай екен. Сол сайдың күнбатыс жағындағы жартастан сирек кездесетін сурет таптық. Тасқа қашалып екі бұғының суреті салынған. Көп жерді аралап жүріп мұндай бейнені бірінші рет кездестірдік. Сайдың екінші басындағы жартастан тасқа қашалып салынған жүлдyzдардың суретін тауып түсірдік.

Осындағы дүние Орталық Қазақстанның таулы аудандарында көп кездесетін. Шолақсайдың суреттерді түсіріп алған соң “Қаратал” совхозының Қасабай бөлімшесінен қарайтын Кенелі қыстағындағы таңбалы тастарды да көріп түсірдік. Бұдан кейін “Жамшы” совхозының Тұлқілі өзенінің бойындағы тастан қашалып жасалған әйел бейнесін тауып алып суретке түсірдік. Кезінде бұл суретті Әлағаң екеуміз іздең барып таба алмаған едік.

Содан Сұлтан Ақтогайға бірер күн аялдап, Алматыға қайтып кетті. Коп кешікпей Шолаксайдан тапқан суреттерімді Әлекене жолдаым. Суретке түсірген жер аттарын жазып жібердім. Әлаған маган жауап хаттарында былай депті: “Аманқұл, жіберген суреттерінді алдым. Шолаксайдан табылған бұғылардың бейнесі Желтаудағы бұғыларға үқсамайды екен. Ал үшінші суретін өте сирек кездесетін шежіре. Ол тасқа салынған жұлдыздар. Бұдан біздің түсінетіміз ертедегі бабаларымыз аспан әлеміне де қоңыл болуді ұмытпаған екен. Енді Шұбартау сапарында айтқандарым есінде болар”.

Сәлеммен Әлкей.

30 сентябрь 1974 ж.

### Орындалған аманат

Таңбалы тастардың тарихына коз жіберсек, ертедегі адам баласының іс-әрекетінен туған дүниelerдің бізге келіп жеткенін ғылым толық дәлелдеп отыр. Жартастарға салынған таңбалар, әр жердегі қалашақтар өрні, қорғандар сонын айқын дәлелі бола алады. Жоғарыдағы біз сөз еткен Шолаксайдан Әлекене жіберген таңбалы суреттер аудан көлемін ерте кезде мекендеген адамдардың мәдениетін. салтын, тұрмыс-тірлігін анғартады.

1975 жылдың күркүйек айында ғалым ағаның тапсырмасы бойынша “Шұбартау” сапарына кайта оралдым. Енді сол жерден гапқан суреттер жайында тоқтала кетейік.

Сол жылдың қоныр күзінде “Шұбартау” совхозындағы Құлышы тауына бардым. Ондағы жартастарды аралап көріп, әртүрлі тастарға салынған бейнелерді суретке түсірдім. Бұл мүсіндер қола дәүіріндегі тасты өңдеу техникасы туралы үгым береді. Тасқа түрлі суреттер салынған, ол сол кездегі тас безеу өнеринін түа бастағанын дәлелдейді.

Сол жылдың кыс айы еді. Әлағаңнаң хат келмей койды Шұғыл бір зерттеу, ғылыми жұмыстармен шұғылданып жатқан шығар деп ойладым. Бірде мектептегі сабағымды өткізіп үйге келдім. Стол үстінде көгілдір конверт жатты. Хат Әлағаңнан

келген екен. Асыға ашып көз жүгіртіп оқи басгадым. Хаттың орта тұсына келгенде сасып қалдым. Фалым аға қатты ауырғанын айтып жазған. Онда былай депті: “Аманқұл, Қазыл, амансындар ма? Аманқұл, менің хабарласпай қоюымның себебі болды. Қыс бойы қатты ауырдым. Ауру адамды жүдегетін, оның қасіретіне қол сұғатын мейірімсіз нәрсе гой. Қыс бойы еш нәрсе көтеріп, тындыра алмадым. Ілгеріде осындай бола берсе амал жок. Өте аяусыз, құнінетін нәрсе. Элі көп жұмыстар жасалып бітпеген. Егер оларды бітірсек көпіліктің түлегіне сай болар еді. Сөлеммен Әлкей. 20 наурыз, 1976 жыл.”.

Шынымен ғалым ағаның ауырып қалғаны ма? Сол күні мен Әлекеннің халін білу үшін Алматыға үштім. Тұн кезінде Әлағанның үйіне іздеп бардым. Мені келеді деп ойламаса керек. Есіктен сәлем беріп кіргенде, Әлаған орнынан ұшып тұра келіп, қолымды ұстады: “Аманқұл, келіп-ақ қалғаның ба? Сабазым-ай, жеткен екенсің”.

Отырған болменің іші толған кітап. Жарық күнде ішам жағып, ортасында Әлаған отыр. Ай мандайы жарқырап, ақшыл тартқан бүйра шаштары бейне бір толқынға ұксайды. Әлағанды көріп мен мәзбін. Біраз отырып әңгімелескен соң, таңбалы тастар жайлы әңгіме тиегін ағытты Әлаған...

## Жөл жазба

15 шілде күні таңертен Әлекен аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ж.Шайдаровқа жолығып. Бегазы мен Желтаудағы қазба орындарын тегістеуге көмек сұрап келісті. Сол күні Тоқырауын өзенінің жагалауындағы Қараменде айырығындағы алты мүсін тасты фотоға түсіріп, 1972 жылы Әлекеннің басқаруымен ашылған Қарашоқыға келіп, оны киноға түсірдік.

Бұдан кейін Қарқаралы ауданына қаасты Нұркен совхозынан бастап, “Восток” совхозына бет алдық. Жолда Әлекен әлдене тұнжыр ойларға беріліп, ұзак уақыт үнсіз отырды. Бір кезде ұзак үнсіздікті өзі бүзды.

— Мына жерлер бір кезде Мәдидің туып-өскен жері гой,

шіркін,— деп Мәдидің “Қарқаралысын” есіне түсірді. Сөйтті де оның сөзін айтты:

Сұрасаң руымды — Қарекесек,  
Досымнан дүшпаным көп қылған өсек.  
Дүшпанның құгындаған жаласынан,  
Жатқан жер қу қарағай болды-ау төсек, —

деп өз жағдайын осы өлеңмен-ақ білдірді емес пе?

“Восток” совхозынан шығып, ертемен Баянауылға жол тарттық. Жолда Жаяу Мұсаның тарихын айтып келе жатып, Әлаған:

— Сонау корінген тау Далба тауы болады. Жаяу Мұса осында дүниеге келген,— деді.

Баянауылға жақындаған сайын мениң ынтызарым қурып келеді. Өйткені бұл жерді тамашалап көргім келин, ынтызарым ауып. құмартып жүруші едім. Жол бойында Әлекен Найзатас деген тауды көрсетіп, бұл жер халқымыздың аяулы ұлы Қаныштың туған жері екендігін айтты. Қаныштың әкесі Имантай 50 жасқа келгенше бала сүйемпі. Ол содан туған - туыстарының кенесімен Әлима атты тағы бір әйелге үйленеді. Әкесі 56-ға келгенде дүниеге Қаныш келінти. Қаныштың азан шакырып койған аты Фабдулгайни көрінеді. Еркелетіп Қаныш деп атап кеткен екен. Әлағаң Қаныштың ғылымдағы зор ерліктерін, мінездерін жырдай қылыш айтып отырады. Ол жазушы Зейін Шашкин жоннінде сүйсініп еске алды. Бұдан кейін Баянауыл ауданының “Южный” совхозына келіп, халық шеберлері жасаған текемет, алаша, тағы басқа бұйымдарды түрлі-түсті пленкаларға түсіріп алдық. “Южный” совхозынан өтіп. Жантайма, Баспақ қыстактарындағы археологиялық экспедицияны басқарып келген Мир Қадырбаевтың отрядына келдік. Мир Әлекене “Бесоба” деген жерден табылған әйелдердің алтын алқасын, алтынменен қапталған конус сырғаларын, коладан жасалған садақтың үш қырлы жебелерін корсетті. Сонымен қатар тастан қасқырдың басы қашалған үш таған табақ та табылыпты. Табақтың тастан жасалған үш тағына қасқырдың басы асқан зор мәнермен, шеберлікпен қашалыпты.

Мұнда өлғен әйелдің жанынан мүіз қасық та табылған. Қасықтың табанында буркіттің, киіктің, қасқырдың бейнесі ойылған.

Келесі күні Баянауылдың орталығына келдік. Осындағы Қаныш Сәтпаевтың мұражайына келіп, ондағы Жаяу Мұса, С.Торайғыров, Мәшһүр Жұсін Көпеевтің суреттері кинөға түсірілді. Айнакөлге келдік. Айнадай жарқыраған әсем ақ екен. Бұдан әрі Әлекенің өзінің туып-өскен жері, жауқазын гүлдей жас қундерін өткізген жері, Жасыбайға келдік. Жасыбай көлі Баян және Жасыбай тауларының өртасында орналасқан, солтүстік батысы жазық дала, көл теңіз деңгейінен 400 метр биіктікте жатыр. Төңірегіндегі таулардың ең биігі Ақбет шыны. Көл сүйе ғажап тұнық. Тау баурайы сыңсып өскен қарагай, қайын, тал аралас шырша, демалыс үйлері. Ақын айтқандай бұл жерді көрген адам:

Мың көрсөн де ажарын  
Оте алмайсың қарамай.  
Қара тасты қақ жарып,  
Қаптап өскен қарагай,  
Жаратылыс қожасы  
Жасапты оны мықты ғып.—

деп көрікті де көркем, әсерлі де, әсем табиғатқа сұқтанар еді.

Жасыбайдың жағасында тамашалап, көрікті көріністерге көзім тоймай тұрган менін ойымды Әлаған:

— Аманқұл, бері кел. Сені ертіп шыққанда Баянауылдың қашшама тылсым сырларын білсін деген едім. Жасыбай біздің бабамыз болады. Жасыбай ірі батыр болған адам,— деген сөздермен бөлді.

Марғұлан Олжабай батырдан тарайды екен. Арқаның атакты Жаяу Мұсасы Әлкейлерге туыстас көрінеді. Жаяу Мұсаның арғы атасы Орман, Олжабаймен туыстас. Ал Олжабай батыр Орта жұз ханы Абылайдың оң қөлі болған жаужүрек, ақылды адам. Марғұлан да сері, сал адам. Оны Баянауылдың қонекоз қариялары Әлкеймен әнгімелескенде “Біржан сал сияқты еді” деп Марғұлан өміріне байланысты жайттарды жыр ғып айтып отырғанда естідік.

— Валера, — деді бір кезде Элекен, — киноаппаратураны дайында. Сұлтан, сен де жәрдемдес.

— Әлаға, біз дайынбыз, — деді Сұлтан. Элекен киімін шешін суға шомылды. Мен жағалаудан алыстай жүрдім. Элекен ғажап жүзеді екен. Жасының егде тартқанына, ауқымды мол денесіне қарамай жағалаудан ат шаптырым ұзап кетті. Сұнғип те, жүзін те жүр рахаттанып. Айдынын сағынған аккулар осылай етеді деуши еді қариялар.

Ақбет тауының баурайындағы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың зиратына бардық. “Қараңғы қазак қөгіне өрмелеп шығып, күн болуга” талпынған осы бір жерлесінің қыршын кеткенине қынжылып, оның “Бір адамға” деген өлеңінің сонғы шумағын жатқа айтты да, үн-тұңсіз келіп автомашинаға мінді.

Элекен одан шығып Жаяу Мұсанын. Қаныштың ұлы атасы Сәтбайдың зиратында болдық. Әлағаның туған жері Жасыбай көліне таяу Карабұлак деген жерге келдік. Бұл жerde қазір Жаңажол деп аталатын совхоз болімшесі орналасқан екен. Содан Сәтбаев атындағы совхозды араладық. Арғынның бір бұтағы саналатын Қаржас, оның ішінде Алтынторы Қалқаман ұлы Бұхар жыраудың зиратын Элекен сонаудан көрсетті. Ол жер “Қызыл керегетас” деп аталады екен. Элекен Бұкар Жыраудың, Абылайдың ақылшысы. қабыргалы би болғандығын, әрі суырып салма ожет ақын екендігін қызық етіп әңгімеледі.

Ендігі беталыс Қарағанды облысының “Нұраталды” совхозы. Осы совхоздың N3 болімшесінің басқарушысы Тельман деген жігіттің үйінде болдық. Ол үй немерелі болып қуаныш үстінде екен. Ымырт жамылып кешкі ас үстінде Тельман отырып Әлағага:

— Faфу етіңіз, бір баламның атын Марғұлан деп қойып едік, ұрыспайсыз ба? — деді.

— Неге ұрысам, қарағым, көрсет баланы, алып келіндер, мандайынан искеп, батамды берейін, — деді. Элекен баланы қолына алды да:

— Мендей ғалым бол! Өз Отаныңа қызмет ет, — деді.

Баланың ата-анасы мәз-мәйрам болып қуанды. Шілдехана үстінде Әлаған:

— Тельман, сен Абайдың елі боламын дедің гой, бабаның жақсы әндерін білесің бе, — деп саяал койды. Тельман жымышпі:

— Бileмін, Әлаға, — деп Абайдың бір-екі әнін домбыраға қосылып орындағап берді де, Әлағаңан ән сұрағандай кейінте үмсұныңқырай отырды. Жітігің ойын түсінген және жиналған жүрттыш меселін қайтарғысы келмеген Әлекен:

— Экел домбыранды, Тельман. Баланың атын Марғұлан қойыпсын гой, мен де бір-екі ән айтайын, — деді де, Абайдың “Сегіз аяғын”, “Бүркітбай”, “Қаракесек” әндерін зор да емес, коныр да емес, бір жақсы жағымды өуенмен, жанга жайлыш дауыспен тамылжытып емес, тамсандырып, серпіліп емес, ой тастап, ерекше бір мәнерлеп, сыйызғы үнмен сыйылта, сол баяғы сабырлы қалыпты сақтап, тамаша бір сезімнің шағында қалатын әсермен айтып берді.

Сол кеште өңгімeden әнғіме туып отырып, Тельман етінжайдын ортасында шашын өрген, құлағындағы сырғасын, төсін әдемілеп келтірген көрікті мұсін сымтас бар екендігін айтты. Ертеңіне барып көрсек қыз бейнесі өте көркем мұсінделген екен, 500 гектар етінжайдын нак ортасында “Мен диканмын” деп қаскайып тұрган секілді. Әлекен Тельманды шақырып алды да:

— Тельман, мына мұсіннің өзі айтып тұр “мен диканмын” деп. Сен мұны ешкімге білдіртпе, — деп тапсырма берді.

## ТАС ТАҢБАДА – ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ ТАРИХ БАР

Шөл даланың 167 миллион гектары Қазақстанның үлесіне тиеді. Сондыктан да ата-бабаларымыз негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан көшпелі болып, кала салу ісі баяу дамыды. Сол кездегі қала салу ісінің, бір жерді үзак мекен ете алмаушылықка, парсы патшалары мен Ескендір Зұлқарнайының, монғолдар мен Темірланның, жонғарлардың шапқыншылығы қалалар, қорғандар, бекіністер мен қаншама сәuletті де сәнді құрылыштар, ғимараттар төбе-тебе топыракқа айналып, талай тылсым сырды бөгеп жатыр.

Міне, осыған қарамастан байтақ Қазақстан жерінде ата-бабаларымыздың өнері мен мәдениетін бейнелейтін, қалауын тапкан адамға шежіре іспетті сойлеп коя беретін сан қылы ескерткіштер, көне бабалардың ісмерлік, сәulet өнерін, құрылыш тәсілдерін паш ететін таңбалы тастарда да телегей теңіз тарих бар. Қияндағы құпиялардың сырын ашуда кен байтақ даламыздың шежіресін көпке паш етуге атагы әлемге әйгілі екі бірдей ғылымның докторы, Қазақ ССР ғылым Академиясының академигі Әлкей Хаканұлы Марғұланның енбегі үшан-теніз.

1974 жылдың жаз айларында 70-ке толған Әлекен өзінің бұрынғы зерттеген жерлерінде болып көптеген ғылыми жұмыстар жүргізіп қайтты.

Қазақ ССР ғылым Академиясының археологиялық экспедициясы Орталық Қазақстанды зерттеуде үш отряд үйымдастырған екен. Бір отряд Баянауыл ауданындағы Тағыбайбұлақ тұрағын, екінші отряд Шортанбұлақ атты тұракты, үшінші отряд Ботагай деген жерді зерттеп, Нұра өзенінің төменгі сағасында жұмыс істеді. Бұл үш отрядқа жалпы басшылықты Әлекен жасады. Үш отрядтың да жасап жатқан жұмыстарын Әлекен ай бойы аралап, көзімен көріп кеңес берін отырды.

Әлекенниң осы сапарында мен бірге болып коса араладым. Міне, осы себепті ардакты ағамызben бірге болған сапарымыз жөнінде, алған әсеріміз жайында, жөне Әлекенниң өз аузынан

естіп білген, өр жерде үзіп айтқан өмір тарихы жайында айтпактыз.

Әлекенмен көп жылдан бері таныспын. Таңбалы тастағы суреттерді жазуларды жіберіп тұрамын, хат арқылы да хабарласып тұрамыз. Осы саяхатқа шығар алдында Әлаған маган былай деп хат жазып жіберіпти:

“Аманқұл, Фазыл! Сендерге көп сәлем. Осы июнь айының сонына таяп сіздің жакқа экспедициямен бармақ ойым бар. Ақтогай ауданында біраз болып, содан Абыралы, Дегелен, Шыңғыс тауларына бармақтын. Кусақтың өлкесінде сен түсірген мұсіп тасты сенімен бірге іздел табуға тырысамын. Саган бір суретін, фотосын жіберіп. соған ұқастығы бар ма деп сұраған едім. Жауап жазбадын. Сөйтіп сенімен бірге бірнеше кия тастарды араламак ойым бар.

Жаманқұлға айтып кой, бізді Кекшетау, Абыралы, Баршатас жерлерін аралап шығуға көмек етсін. Ол машинаға ие болатын әрине сен боласын. Оның үстіне Қусақтан Баршатас, Абыралыға дейінгі жерлерді жүйрік билетін, қай жерде не барын көрсететін жырынды бір кісі керек. Осыларды карастыра тұтарсын. Шығарда телеграмма берермін.

Салеммен Әлкей.  
18 июнь 1974 жыл”.

Көп кешікпей 12 июль күні телеграмма да алдым. Онда “13 июльде Актұмсықта кездесейік. Онда көп болмаймын, бульдозер жөнінде біл. Марғулан” делінген екен.

Әлекен Алматыдан Балқашка тікелей самолетпен келіп, Балқашта өзін тосып тұрган машинамен Ақтогайдан 60 шақырым жердегі Актұмсыққа келмекші. Телеграмманы алысымен партия комитетінің бөлім менгерушісі К.Сәдуақасов мені машинамен Актұмсыққа әкеліп салды.

Әлекен 14 июль күні кешке келді. Сол күні Токырауын өзенінін бойындағы 70 жастағы қарт Жаров Мұхаметәлінің үйінде болдық. Әлаған Мұхаметәлі ақсақалмен көп әнгімелесті. Ертеңіне ертемен Әлаған маган:

— Ал, Аманқұл, Желтаудағы өзіннің тапқан таңба суретке бастап жүр, көрсет барынды — деді.

Қарашокы, Қойтасқа келдік. Машина ішіндегі Әлекене осы Қойтастың өзінде 2044 сурет таңбалар бар екенін айттым. Әлекен мұның бәрін есептеп жүргенің жақсы екен деп қуаныш калды.

Қойтасқа келгеннен кейін оның онтүстік шығысынан көруді бастадық. Ең бірінші жартасқа салынған түйенің суретін көрсегім. Жартасқа салынған түйенің арт жағына таман парсы яки арабша жазу жазылған екен. Әлаға өзімен бірге келген киноаппаратшы орыс жігітіне қарап:

— Валера, киноаппаратынды дайында. Аманқұлдың көрсеткен суреттерін киноға түсір деді. Мен Қойтастың онтүстік шығысынан бастап суреттерді көрсете бастадым. Жартастағы билеп жүрген адамдардың, андардың, садақ тартқан аңшы бейнесін, жайылымдағы бұғыларды көрсөттім. Валера бұлардың бәрін киноға түсіріп алды.

Енді Бегазы тауына қарай беттедік. Қарашокыға келдік. Осы жердегі суреттерді фотоға түсіріп, оның 38 данасын Әлекенін 70 жасқа толуына байланысты құттықтап, ескерткішке жіберген болатынмын. Қарашокыдағы суреттердің ішінде бүркіттің таутекеге түсіп келе жатқаны бейнеленген.

Кезең асып Әлағаның өзі ашкан Бегазы корымына келдік. Құн екінді кезі болатын. Корымды бәріміз аралап көрдік. “Мұның жан-жағындағы үйліген топырактарды жөндеу үшін райкомнан көмек сұрау кажет”, — деді Әлаға. Бұдан кейін ол кісі Бегазы туралы сөз қозғады.

Әлағаң алғашында сонау 1926—1930 жылдар арасында СССР Фылым академиясының профессоры С.И.Руденко басқарған экспедицияның құрамында атакты археолог, антрополог, этнограф ғалымдарымен бірге болған. Сондай экспедициямен бірге Каспий жағалауында, Манғыстауда, Орталық Қазақстан мен Алтай өлкесінде болады. Осы сапарында ол ғұламағалымдардан үйреніп, іс-тәжірибе жинақтап, үлпі-өнеге алады.

Әлкей Марғұлан бастаған экспедиция Бегазы қалашығын 1946—49, 1952 жылдары зерттеғен. Бұл кіла дәуірінің соңғы кезінде жасалған ең ірі мемориалдық құрылыштардың бірі.

Бұл Қазақстандағы мегалит құрылыштарының одан әрі

дамуы негізінде болған ерекше бір тобы екен. Андрон тас коршауларымен салыстырганда бұл олардан әлдақайда үлкен. Бегазы тауында бір типті 6 құрылыш бар. Әлекенін айтуы бойынша бұлардың ішіндегі ең үлкені және аса қызықтысы бұрын тонап қазумен бүлінген 1 құрылыш екен. Қалгандары 1947—1952 жылдары жоспарлы ғылыми әдіспен зерттелген. Мұндағы құрылыштар сырт жағынан үқсас болып келсе де өздерінің үлкенді-кішілі аумагымен, қабырға конструкциясының түрліше жасалуымен, жеке камераларға бөлінуімен бірінен-бірі айырылып отырылады. Бұлардың бәрінде ішіне кіретін галерея, тіреу тас бағаналар және тіректер бар.

Бегазы құрылышы шаршы жобамен түрғызылған біріне-бірін енгізе орнатқан екі қабырғалы құрылыш. Олар бір не екі бөлмеден келіп, бүйірі тұра 4 құбылаға қарап жасалынған. Ішкі қабырғасын терең қазған жерге енгізе жасап, кейде жер қабырганың бетін кесек тастармен оріп шығарып, қалап арасын құрғақ балшықпен жымдастырып отырған. Сырты екінші қабырғамен қоршалған. Коршау қабырға біріңгай жойқын қакпа тастан тік түрғызылып, олардың қатарын біріне-бірін жымдастырып, түйік етіп жасаған. Коршаган тастар толық сақталмаған. Кобісінің жоғарғы болігі әртүрлі шаруашылық қажеттеріне сындырылып, іргесі әлдеқашан жерге көміліп қалған. Соның өзінде қоршалған тастың қолемі орасан зор. Бұл тастар Бегазы тауынан алынған. Салмақтары үш тоннага дейін болады. Олардың жерге мықты орнатылуы үшін 80—130 сантиметрлік терендікке қазып орнатылған. Осы орасан зор тастарды коріп бұлар қалай түрғызылды, алып тастарды қозғап әкелуге қандай техникалық операциялар жасалды деғен сұралк туады. Бұлар енбек етудің алғашқы қауымдық формасы кезінде ру колективінің бірлесіп күш жұмсауымен түрғызылған. Жойқын тастарды қозғау да тәсілін білген жұртқа өте қарапайым болған. Жұмыс аудару құралымен бөрене арқылы сырғыту жолымен істелген. Олар көбінесе сүйреткімен тасылған.

Бегазы қорымы жөнінде айтып болып, Әлекен Қызыларайға бет алушы үйгарды.

Әлаған бәріміз машинаға отырдық. Кабинаға жайғасқаннан кейін Қазак ССР Фылым академиясы үйымдастырыған археологиялық экспедицияның арнайы бір отрядын басқарушы, Бұғылы тауында қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан Манап Оразбаевқа барамыз деді.

Манаптың отряды бұл жерден екі-үш күн бұрын кетіп қалған екен. Әлекен осы Бұғылы тауындағы Шопа деген жерде 1954 жылы қазба жұмыстарын жүргізген көрінеді. Бұл жер де киноға түсірілді. Соңан кейін Шортандыдағы қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан Манаптың отрядына бет алдық.

Шортанбұлакқа үш-төрт шақырым қалғанда жол бойында тұрған жалғыз жаяу адамды көрдік. Алда отырған Әлекен әйнекке үмттыла түсіп, он қолымен терезе әйнегін сипады да:

— Мынау Мәнәп болды гой. Біздің бұғін келетініміздің кайдан білді екен, бұл Мәнәп (Манапты Әлекен Мәнәп деп ерекше дауыспен айтады), — деп өзінің жақсы көретін шәкіртшіе сүйсінген, жагынған кейіппен тамсана қарады.

Машинаны корген Манап бізге қарай жақыннады. Машина тоқтағаннан кейін Әлағаң кабинадан ширақ түсіп Манапқа қол берді, құшағын аша амандасты да:

— Манап, қалың қалай? Мен кешікті деп ренжіп қалған жоқсың ба? — деді. Манап:

— Жоқ, Әлаға, ренжіген жоқлызы, жұмыс көңілдегідей,— деді де Шортанбұлак қонысындағы қазба жұмыстары жайында айтып, бізді солай қарай бастап алып жүрді. Түрегеп тұрып, есебін тыңдалық.

Шортанбұлак қонысы Қарағанды облысының Шет ауданына қарайтын Қотырқызылтаудың ішінде орналасқан. 1972 жылы экспедиция осында бір жеркепені қазып зерттеген. Жеркепенің формасы тортбұрышты болып келген. Есігі шығыска қараған. Жеркепенің ұзындығы 12 метр, ені 8 метр. Шығыс жағында дәлізі болған. Оның ұзындығы 2,5 метр, ені 1,7 метр, терендігі 90 сантиметр. Іргесіне қатар-қатар баған орнатылып, арасына қолмен шарбак тоқып, екі жағын да балшықпен сылаған. Бұл зерттелген кепенің ерекшелігі — бұл

сирек кездескен басқышты археологиялық қазба. Жеркепеден түсіп шығу үшін басқыш жасалған. Басқыштарға жалпақ гранит тастар қойылған. Жеркепедегі жер басқыш құлап қалмау үшін оның үстіне үш жалпақ тас қойылған.

Бұл кепені зерттегендеге көптеген қыштан жасалған, қүйдірілген құмыралар, ыдыстардың сынықтары табылды. Олардың бетіне нешеме түрлі геометриялық өрнектер салынған. Бұлардан басқа мұнда тастан, сүйектен жасалған құралдар, сиыр, кой, жылқылардың сүйектері табылды. Табылған заттар осындағы жеркепелерде өмір сүрген елдің түрмисын, онеркәсібін анықтауга мүмкіндік берді. Табылған заттар осы қоныста қола дәүірінде мекендерге елдің омірі мен тарихын сипаттайтын. Бұл тайпалар қола дәүірінің соңғы гасырларында, Шортанбұлактың басында үлкен ауыл болып тұрған.

Шортанбұлактағы қазба жұмыстары да тегіс киноға түсірілді. Әлаған осыдан кейін Манапты ертіп алып Ақбауыр тұсындағы Кенасу жерін, ондағы алдағы қазба жұмыстарын жүргізуге жоспарланған жерлерді корсетті. Осы жерде Манаппен қоштасып Ақшоқы совхозының үстімен Жақсы керегетас деген жерге келін. ондағы таңбалы тастарды суретке түсіріп алдық. Содан Ақтогайға, оның ертеңінде Бегазыға келдік. Онда бізді совхоз партия комитетінің секретары О.Дулатбеков бастаган жігіттер қарсы алды. Бегазыдағы қазба орны С-100 тракторымен тегістелініп тазаланды. Мұндағы жүргізілген жұмыстар да киноға түсірілді.

Кешкे қонақта отырғанда Әлекен Мұхтар, Қаныш туралы еске алып, әсерлі өнгіме айтты. 1921 жылы Семейде оқып жүргенде Мұхтар казақ әдебиетінен сабак бергенін, Мұхтардың кенесімен келер жылы өзінің Ленинградқа бірге барғандарын жырғып айтты. Қоныrlауда дауысынан сол бір жастық шағын сағынғандығы анық аңғарылып тұрды.

Мұхтардың әсемдікке жаңы құштар, оның сырбаз сұлу киинетіндігін айтқанда Әлекеннің Акан сері жайында жазған бір макаласында: “Мұхтар да ескі серілердің дәстүріне түсіп, Семей көшесіне салдардың сылқым киімімен шығатын” деген жолдар көкірегімде сайрап тұрды.

Сөз кезегінде Орынбасар отырып:

— Элеке, мына Аманқұлды жаңыныңда ертіп жүргенде, өзінің еш еңбегі бар ма? — деді.

— Ореке, — деді Әлаған, — басқа аудандарда оз жерін зерттеуші адам некен саяқ. Аманқұл тұған жер топырағының нағыз жыршысы. Ол Актоғай ауданының мактандышы емес пе? Аманқұл Қазақ ССР Фылым академиясының фотокорреспонденті. Республика бойынша салған суреттері сан рет бірінші жүлдеге ие болып жүр. Үйнен бара қалсаң көрмеге кіргендей әсерде боласын. Әсіресе Әл-Фарабидін, Шоқанның картиналарын жақсы салған екен. Қылқаламы төсөлген, — деп әңгіме басын басқа арнаға бұрды.

Ертеңінде Бегазыны қайта киноға түсірдік. Бұл жаздың жайма шуақ әдем! құні еді. Аспан ашық. Біз Бегазы кенишінің жаңында тұрмыз. Қарсы алдымызды сол өңірге көрік беріп Бегазы жатыр. Әлекен айналаны тамашалап, Арқаның құба жонындай қасқа басын жан-жағына баппен бұрып, іштей әлденеге разы болып тұрды. Бізді бір топ жігіттер шығарып салды. Машинаның жаңына келіп сәл бөгеліп, айналаға қыла қарап тұрды да:

— Қызыларай, Бегазы бауырындағы толған халық, атын әлемге әйгілі болды! Енді маған разы болған шығарсың, сау болып тұр, — деп машинаға мінди.

Қызыларай, Бегазы бауырындағы халықтың бір ұлы менмін фой. Сол бір сәтте жүрегіме жылы леп құйылып, мактандыш сезімі орнады. Машинага мінген соң ол кісі:

— Аманқұл, озін суретін жіберген Қасым торенің қорасына баралық. Жол сілтеп отыр, — деді де адамга ерекше салауатты әсер қалдыратын нұрлы жүзімен алға ұмсынып, қықтау келген мөлдір де тұнық көздерімен бір қиял қанатына мініп қалықтап үшіп жүргендей, сәл жыныспа біразға дейін ұнсіз отырды.

Желтауға жақындағанда Әлекен:

— Аманқұл, екі таутеке бейнеленген шежіре сынды орындық тасқа баралық, — деген соң машина бағытын Желтаудың шығыс жағына қарай бұрдым. Әлекен көруге құмартқан жерге де келіп, Желтаудың етегіне машинаны қалдырып, жартасқа

жаяу аяңдадық. Тауға өрмелегенде Әлекен менен қалысар емес. Талай тауға табаны тиген тарлан емес пе, ентігіп, алқынған да жоқ. Жартасқа жақын келін таутекелердің суретін тамашаладық. “Сурет оте шебер салынған екен”, — деді.

— Мына жартасқа байланысты талай көнекөз карттардың аузынан аныз-әңгіме естіген едім, бірақ анық қай жерде екенин білмейтінмін”, — деп осы тасқа байланысты әр алуан әңгіме айтып, тарихты сойлеп кетті.

Осы жерді суретке түсіріп “Шұбартау” совхозына келіп, совхоз директоры Есенбай Тахановтың үйіне қондық. Есенбай “Қозы — Көрпеш Баян сұлу” жырынан, Шөртанбай, Бұқар жыраудан үзінділер, соқыр Есжан жайындағы хикаяларды Әлекенде жатқа айтып берді. Есенбайды сабырмен тыңдалап отырған ол кісі жас балаша қуанып қалды.

— Есken, көп жігітten көш ілгері екенсін. Бәрін есіне сақтап жатқа айтатын шешен екенсің. Мұның жақсы... — деді ол.

Ертеңінде Қоктас-Молакқа келдік. Бұл да Бегазы сиякты кішігірім бір орын, корымтас екен. Маған “қолың қалт еткенде осы жерді зерттеп көр. Қалай зерттеу керектігін бұрын да айтып едім гой” деп кеңес берді.

Бұдан кейін “Айыртас” совхозы арқылы өтіп, Емел тауын тегіс араладық. Жорға тауына бардық. Одан әрі Әлекендер Ақбастауга бет алды. Мен осы жерде қоштасып, ауылға, Ақтогайға қайттым.

## АЙЫРТАС ӨҢІРІНДЕ

Май айының аяқ кезі. Мектепке шұғыл хабар жетті. Әлаған Актогайға хабарсыз келе салыпты. Мені іздеп жатыр. “Бұлай ерте келмейтін еді” деген ойымды іштей сабактап, тұра жөнелдім. Сабактан дереу сұранып, кете бардым. Кете бармайтындаі хал жоқ еді.

Әуелі қатты жүріспен Қызыларай жетіп, үлгермей жүрген шаруаларын аяқтады. Тағы тарта жөнелдік әрмен қарай. Археологтар да шіркін, жүреді-ақ қой, несін айтасыз. Кейде таңертең жолға шығып, қонағаға үшінші облыстың жерінде отыруши едік қой, бір кездерде.

Бұдан кейін Әлаған “Шұбартаудан” өтіп “Айыртас” совхозына бет алды. Осы жолда Айыртас, Табак даласы жағындағы Үкілі тауына сокпакшы болдық. Табак даласындағы Ортatabақ, Баставақ деп аталатын жерлерді Әлаған жақсы биледі екен. Осы жерлердің ертедегі тарихы жөнінде жол бойы әңгіме айтып отырды. Сырмінез адамбыз, сөзді бөлмейміз. Бөлсен, шорт кесіп, айтпай қояды. Үкілі тауына келгеннен кейін бос кеткеніміз жоқ. Ертедегі тас кешендерді суретке түсірдік. Үкілі тауының маңындағы тас мұсіндер, қорғандар тарихын Әлағаннан сұрап билдік.

Үкілі тауынан шыққан соң Әлаған:

— Ей, Аманқұл, сен тыңдал алшы. Айыртас совхозымен жapsарлас Семейге қарайтын Қабыргаши, Ешкілмес, Ойран, Жорға, Арқалық, Емел тауларында да, ескерткіш таңбалардың гажайып түрлері бар. Кеін жеке зерттеп суретке түсірерсін,— деді.

Біз “Айыртас” совхозына түске қарай келдік. Жылқы фермасының менгерушісі Үмбетбайдың үйінде болдық. Дастархан үстіндегі әңгімеде Әлаған Семейдің “Жорға” совхозына қарай өтетіндігін айтты. Мен ол жақтың жолын жете білмейтінімді жасырғам жоқ. “Жорға” совхозына дейін жанағы Үмбетбай өзі бастап баратындығын айтты. Жол бойы әңгіменің қызығымен “Жорға” совхозына келіп қалғанымызды билмей қалдық.

Ертеңіне Әлағаң Қарқаралы арқылы Егіндібұлак өтетінін билдірді. Фалым жүрейін деп тұрып:

— Ей, Аманқұл, Ақтогайдың біраз жерін арападым. Енді сен осы арада қаласың. Мен Қарқаралы, Егіндібұлак арқылы Қарағанды барамын. Сол Қарағандыда екеуміз кездесетін болайық. Сен Емел, Арқалық, Темірші, Қарашокы тауларын аралай кет. Тапқан жаңалықтарың болса айтарсың. Ол жакты тегіс сүзін отуғе уақыт аз.

Сөз өрайына айта кетейік. Мен Әлағаң тапсырмасы бойынша Айыртастан 50 шақырым шалғай тұратын Қызылуйтасқа бардым. Неге екенін кайдан білейін, бұл араны ауыл адамдары осылай атайды екен. Айналасы ат шаптырым кең жазық. Соның ортасында сол онірге сән беріп тұрғандағы екі биік шоқы бар. Шоқылардың арасында алласа обалар орналасқан. Анық байқап қараган адамға корған тәрізді. Қола дәүірінің құрылыш дәстүріне жататын қорғандар жөнінде Әлекенниң айтканын еске түсіреді. Жаңағы обаның айналасы әр түрлі танба тастармен коршалған. Қолемі әр түрлі. Сол жартастарға салынған танбалы суреттерді таптым. Қорған ескерткіштерін суретке түсіріп алдым.

Мен Әлекенниң айткан уәдесі бойынша Қарағандыға барған едім. Айткан күніне жеткеніме Әлағаң қатты қуанды.

— Аманқұл, сен келіп те қалдың ба? Ендігі сапарымыз әрі қарай жалғасуға тиис, — деді.

Осы жолы Қарағандыда Әлекен университеттің ректоры Е.Бекетовпен кездесті. Қөптен кездеспеген қос ғалым үлкен сыр шертісті. Е.Бекетов Әлағанды университетпен таныстырылды. Ғалым аға студенттер мен оқытушылардың сұрақтарына жауап берді.

### Ғұлама ғұмыры

Задында жасампаз ғұламалардың бәрі де жан-жақты болған гой. Әлкей Марғұлан да ғылымның әр саласына өз үлесін қосқан өте билімді ғалымдардың бірі. Әлағамен коп жылдар бірге жүріп, экспедициядағы оның ғылыми еңбектеріне

көмектестім. Үнемі жөн-жоба, ақыл-кеңес алып жүрген ұстаз жайында, көрнекі ғылым қайраткері жайында, қарапайым аға жайында, оның ғылымдагы мұраты, ой-парасаты жайында жазудың киын екендігін мен қолыма қалам алғанда түсіндім.

Ғылым жолы, өнер жолы, табиғат сырты табандылықты, талмай ізденуді қажет етеді. Мен Әлкейдің берген тапсырмасын бұлжытпай орындал, бар деген жеріне барамын, зертте деген жерін зерттеп, хат жазып жіберетін едім. Бул мениң суретшілік, шығармашылық еңбектеріме көп пайдасын тигізді.

“Әй, Аманқұл сенің еңбектерінді Әлемге әйгілі етемін” деуші еді. Мениң бугінде атымның аталуы сол Әлағаң айтқан сөзден жеткен жетістігім ғой, “ғалымның хаты олмейді” демекші міне, енді мен де Әлағаңның еңбегін айта кетсем деген ойым.

1970 жылы Жапонияда біріккен ғалымдардың ғылыми конференциясы отті. Сонда мен салған суреттерді көрген ғалымдар көшпелі халық қазақ даласында тарихи таңба жазу жок деп таласқан. Ғалымдар келесі жылы Францияда конференцияны қайта өткізбекші болып, күн тәртібін бекітеді. Көп айтыс-талас болғанын әңғімелеп айтып келді де, “жаным тірі болса дәлелдеп. келесі жылы аузына су құйып. тығындеймын” деді.

Әлкей Марғұлан мениң өзімді өмір бойы білім, ғылым жолындағы шыдамдылыққа үйретіп кеткенін мақтаныш көремін.

### Ұлытау сапары

Кең байтақ республикамыздың қай жерінде болсын тарих пен мәдениеттің алуан түрлі ескерткіштері көптеп кездеседі. Олардың кейбірі біздің жыл санауымыздан бұрын пайда болған. Ол өткен заман слемдерін танытқан құнды дүниелер. Біз сол ескерткіштерден халқымыздың салт-санасын, әдет-ғұрпын, өмір сүрген тіршілік тұрымыстарын аңғарамыз. Солардың ішінде колонер ескерткіштерінің де алатын орны бір төбе. Алғаш рет 1918 жылы 5 сентябрьде “Жеке адамдардың, жүртшы-

лыктың, мекемелердің иелігіндегі өнер және коне ескерткіштерді тіркеу, есепке алу, қорғау туралы” декретке В.И.Ленин қол қойған болатын.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша республикамызда мәдени ескерткіштерді қорғау қогамы құрылды. Қоғамның I құрылтай съезі 1972 жылы өткен еді. Ал II съезі 1976 жылдың июнь айында Алматыда болды. Мен осыған арнағы барып қатысқан едім. Бұл мәдени ескерткіштерді қалпына келтірудегі үлкен бетбұрыс болды. Мәдени мұралар өткеніміз бен бүгініміздің аса құнды шежірелері екені аян. Осынау тарихи, мәдени, саяси тәрбиелік мәні бар халыктың мұраларына мән беріп, жүйелі зерттеулер жүргізу, олардың құндыларын қалпына келтіру бүгінгі уақыт талабы.

Бұл мұраларды зерттеп кейінгі үрпаққа мирас етіп қалдыруда ғылыми жұмыстар жасап келе жаткан галымдар бар. Соның бірі - Әлкей Хақанұлы Марғұлан. Таңбалы тастар құпиясын ашуда Әлағанмен көп құндер бірге болған сапарларым, кезінде баспа сөз беттерінде жарық қөрген болатын. Сөл ұзак сапарда Әлаған мыс алыбы Жезқазған қаласына соклақшы еді. Бірақ оның сәті түспеді. Бірде, 1973-тін көктемі болатын, академик Әлкей Хақанұлы Марғұланмен байланыс жасадым. Июнь айында Жезқазған қаласында өтетін мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының II конференциясына баратындығымды айттым. Фалым аға маған хат жазыпты:

“Аманқұл сенін жіберген хатынды алдым. Егер сен Ұлытау жаққа бара қалсан, ондағы мәдени ескерткіштерді суретке түсіріп ала қайт. Бұрын кормеген боларсың. Алашахан, Жошыхан, Ерден-Дүзеннің, Болған-ана, Жұбан-ана мазарларына соғарсың. Ондағы жігіттер көмектесетін шығар.

Солеммен Әлкей.  
1973 жыл”.

Міне, сол сапардың сәті түсті. Біз 13 адам 1973 жылы облыста өткен мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының II конференциясына қатыстық. Одан коптеген жақсы әсерлер алдық, озекті

ойлар ортага салынып, құнды пікірлер айтылды. Ұлken жынын аяқталғаннан кейін Ұлытаудағы мәдени ескерткіштерді суретке түсіруге камданым.

Күн сенбі болатын. Жезқазғаннан батысқа қарай таспадай тартылған асфальт жол. Бізді Никольск қаласына алып келді. Жас кала әсем көрінісімен өзінді іштей баурап алады. Мұнда коп аялдағанымыз жок. Қаланың өкпе тұсынан Ұлытауга қарай шықкан жол Қаракенгір өзеніне өрлей тартты.

Май айының жаймашуак күні. Қасымыздың жігіттер жүргегіне нұр үялатқандай. Әңгімемен талай жерді артка тастаппсыз. Бұл саяхатта жерді жете билетін Жезқазған облысының бас архитекторы М.Бегенов, музыка мектебінің директоры Ш.Шокатаев, қаланың бас архитекторы К.Тұрлыбаев, тап сол кезде партия комитетінде қызмет атқарған К.Садуақасов жолдас та бар еді. Бұл онірді бұрын аралып көрмегендіктен, олар айтқан қызықты деректерге қызыға құлақ түрін отырмыз.

Бұл аймақ Сарыарканың аскарлы белі саналады екен. Киік ойнаған дала сиыр тандайлалып алыстан бұлдыр сағым ойнайды. Женіл автомашинамен қоса жарықсан Қаракенгір өзені біздің ауданымыздың Токырауын өзеніне ұксас. Жағасы құлтеленген тал шілікті, жидек ағашты жер. Кер бетегелі, топырағы сұрғылт тартқан көрер көзді қуантып әкетеді.



Ә. Марғұлан  
Бегазы өлкесінде.



Ә. Марғұлан  
Жезқазған қаласында.  
Экспедиция кезі.



А. Мұсатайұлы, Ә. Марғұлан,  
Ә. Оразбаев.  
Шортандыбұлақ олкесі.



Ә. Марғұлан, Ә. Оразбаев Шортандыбұлақ  
қонысының жаңында. Шет ауданы.



Ә.Марғұлан. Ақтогай оңірі.



Ә.Марғұлан жұмыс үстінде. Орталық Қазақстан  
экспедициясы.



Конференция кезинде. Сол жақ шетінде  
А. Мұсатайұлы.  
Он жақта тұрган археолог М.К. Қадырбаев.  
Алматы қаласы, 1976 ж.



Әлкей Марғұлан шопандар арасында. Ақтогай.



Ә. Марғұлан Қарқаралы ауданы “Восток”  
кеншарында (қазіргі Токтар ауылы).



А. Мұсатайұлы Желтау  
таңбалы тасында.



А. Мұсатайұлы таңбалы тастар  
жанында. Қасым қорас.



Атка мінген адам.  
Желтау.



Құлшы тауындағы суреттер.



Желтау таңбаты тасы.  
Жаман сай. Тарак  
мүйізді бұғылар.



Билен жүрген  
адамдар. Құлша тауы.

Таутекелер. Сарыозек.  
Желтау өңірі.



Кошкар тауындағы  
суреттер. Шұбартау.

Бұғы бейнелері.  
Койтас.



Аншылық  
композициясы. Кошкар  
тауы. Шұбартау.



Түйе бейнесі. Желтау.



Жылқы суреттері.  
Кошкар тауы.  
Шубартай.



Аншылар композициясы.  
Желтау.



Түйе, таутеке  
бейнелері. Желтау.



Қарашокы суреттері.  
Жінішке боиы.



Жылықон суреттері. Желтау.



Жылықон суреттері. Желтау.



Кошқар тауындағы  
суреттер. Шұбартай.



Тас мұсін. Жіңішке  
бойы. Бесбатыр.



Бұғылар. Жангүтты олкесі.



Тас мұсін. Балапан сайы.



Күн рөмізі, қару  
бейнеленген құлпытас.  
Бектауата олкесі.



Шортандыбұлак  
конысын қазу сөті.  
Ә. Оразбаев  
қазбалары, Шет  
ауданы.



Корнетай-Нұртай тауы.  
37 батыр. Қыпшактар  
осы атанды согыста  
кайтыс болған.




Қойтас тауындағы күн  
бейнесі. Шұбартай.

Құлшы тауындағы суреттер.  
Шұбартай.



Археология тақырыбына суреттер. Қойтас корінісі.



Археология тақырыбына арналған топтама.



Археологиялық топтама.  
Теректі коріністері.



Археологиялық топтама.  
Саяқ коріністері.



Бегазы қалашығы.  
А. Мұсатаиұлы



Археология тақырыбына  
сүреттер. Бегазы  
корымының корині.

١٤٦  
 اَنْتَ كَمْ اَنْتَ كَمْ اَنْتَ  
 سُوكُونْ كَمْ اَنْتَ كَمْ اَنْتَ مُشْكِنْ  
 اَرْسَمْ كَمْ مُشْكِنْ اَنْدَارْ كَمْ  
 دُوْلَهْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 لَهْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 سُوكُونْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 دَلْ جَانْتَانْ سُوكُونْ كَمْ اَنْدَارْ  
 كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 اَرْسَمْ دَلْ جَانْتَانْ سُوكُونْ كَمْ اَنْدَارْ  
 شَفَافْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 قَوْسْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 تَكْلِيْفْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 قَوْسْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ

ئ. مارغۇلанның араб  
 жазуымен жазган хаты.  
 15 наурыз, 1975 ж.

١٥٣

بَلْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 سُوكُونْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 دَلْ جَانْتَانْ سُوكُونْ كَمْ اَنْدَارْ  
 كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 اَرْسَمْ دَلْ جَانْتَانْ سُوكُونْ كَمْ اَنْدَارْ  
 شَفَافْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 قَوْسْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 تَكْلِيْفْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ  
 قَوْسْ كَمْ اَنْدَارْ كَمْ اَنْدَارْ

ئ. Марғұланның хатынан.  
 14 қазан, 1971 ж.

Казан. 20 жыл, 1971 ж.

Сүйрөн болады да биң жаңа тәжілдегі  
Акмолинск өмірінде Нарбай оңтүстік  
Мемлекеттегі салынғанда болады да үзілік  
Көбілі Аманат Қарынғы да айтты Сарғылт  
Да. 7-дүйгелес жаңа шағындықтар  
Біліктің дәулетінде Қарынғы да үзілік  
10-шыңынан көрсетілген 20 жылдан білді

А. Сандырханұла Үзілік шағындық  
да, жаңа шағындықта да оның  
жоғарылайтында үзілік болады  
Мемлекеттегі жаңа шағындықтар  
Біліктің оңтүстікінде 20 жылдан  
Болашақтың да жаңа шағындықтар  
Ак жаңы Солтандас да оңтүстікінде  
Одай өзінің 5-жылдық жаңа  
Сарғылттың да жаңа шағындықтар  
Солтандас жаңа шағындықтар  
Біліктің оңтүстікінде 20 жылдан  
Мемлекеттегі жаңа шағындықтар  
20 жылдан білді

---

Ә. Марғұланың хаты.  
20 қыркүйек, 1971 ж.

Казан. 20 жыл, 1979 ж.

Сүйрөн болады да биң жаңа тәжілдегі  
20 жылдан білді. 20 жылдан білді  
Ак жаңы Солтандас да оңтүстікінде  
Одай өзінің 5-жылдық жаңа  
Сарғылттың да жаңа шағындықтар  
Солтандас жаңа шағындықтар  
Біліктің оңтүстікінде 20 жылдан  
Мемлекеттегі жаңа шағындықтар  
20 жылдан білді.

Ақ жаңы Солтандас да оңтүстікінде  
Одай өзінің 5-жылдық жаңа  
Сарғылттың да жаңа шағындықтар  
Солтандас жаңа шағындықтар  
Біліктің оңтүстікінде 20 жылдан  
Мемлекеттегі жаңа шағындықтар  
20 жылдан білді.

---

Ә. Марғұланың хаты.  
25 казан, 1979 ж.

## ЖОШЫХАН МАЗАРЫ

Арада көп уақыт отпей межеленген жерге де таядық. Қаракенгір өзенінің бойы жайдақталып, жазыққа айнала бастады. Көз ұшында қарауытқан белгіге таяп қалдық. “Анау көрінген Жошы хан мазары”, — деді қасымызыдағылар. Мен бұрын мұндай айбарлы мазарды тамашалаған жоқ едім. Бұл – Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының басына салынған мазар. Талай ғасырды бастан кешірген мәдени ескерткіш озінің ерекше тұлғасымен көрген адамды таң қалдырады. Мазарға таяғанда тұнық аспанды бұлт торлап откінші жаңбыр себелеп коя берді.

Жошыханның мазары озен бойындағы қоянжон донеске салынған. Жаңағы аз ғана жаңбырдан соң мазардың тұсы көкшил жасыл сәуле шашып ғажайып көрініс берді. Осы сәуле мазар кірпішінің әсері ме, әлде күн сәулесінен бе таңырқай қаастық. Жошының мазары тегіннен-тегін осы араға салынбаған сияқты.

Доңесті дөп басқан адамдардың ғаламат көрегендігіне бас иесің. Оны қалаган шеберлердің қолтаңбасы, күні бүтінге дейін сакталып келгені қайран қалдырады. Мазарды алыстан байқаган адамға, ол сол өнірге сән беріп түрғандай айбарлы көрінеді. Жөшыхан мазары XIII ғасырдың ескерткіші. Мазар күйдірген кыш кірпіштен қаланыпты.

Ал, жоғары сыртқы тұлғасы ұзынша тортбұрыштанып келген. Биіктеген сайын қолөнер шеберлері мазарды донгелете қалағанға үқсайды. Геометриялық дәлдікте — ирек қырлар шығарған. Мазардың сырты өрнектермен әшекейленіп безендірілген. Сыртқы бояуы сол бетінде өңін жоғалтпастан тұр. Байқап қараған адамға бояу өшіп. қомескі тартқанға үқсайды. Мазардың іші киіз үйдің іші тәріздес. Қазактың үйіне үқастыра қалаған ба деп ойланасың. Мазар қапталып әшекейленген.

---

<sup>1</sup> Бұл мазарлар бертінде арнайы ондеуден өтіп, қалпына келтіру шаралары аткарылды. Бұл істер Караганды облыстық Мәденист департаменті тарапынан қадағаланды.

Жошыхан мазары әбден шегіне жетіп тозған<sup>1</sup>. Ұлытау маңындағы бұл тарихи құрылыштың маңызына жергілікті түрғындар қалайша мән бермей жүргендігі ойға оралады. Біз мазарды тамашалап тұрганда Қ.Сәдуақасов қашықтау жерден кірпіш сынығын тауып әкелді. Жаңағы кірпіште “1227 жыл” деген жазу бар. Бұл жазуға таңдана тұрып қызыға қарадық. Мен жаңағы жазуы бар кірпішті фотога түсіріп алдым. Демек, бұл мазар Жошының екенін халық айтады. Халық жүрегінен жарып шықкан жыр дәлелдейді. Арқа даласында Жошыханның аң аулап жүрші құланның тобырына кездесіп, оның оң қолын құланның айғыры шайнап олтіргендігін гуралы аңыз бар. “Ақсак құлан” күйінің шығу себебі де Жошыханның оліміне байланысты.

Бұл тарихи ескерткіш бүгінгі үрпаққа Жошының мазары болып жетін отыр. Сол замандағы халықтың ақыл-ойын, шеберлігін корсетеді. Сондықтан, архитектуралық мұраны келер үрпаққа қамкорлықпен шыгарып салу керек-ақ. Жошыханның мазарының қаирғы қүйі қоңылға кірбен туғызады. Мазардың тозығы жетіп, мұжілғен. Сыртындағы шыны орнектері сынып қалған. Мазар елді мекеннен алыс емес. Оның маңайы коршалмаған. Жазда тақау отырған ауылдың жылқылары үйе здеу мүмкін. Қасынан ел жүріп өтетін жол бар. Мазар қабырғасына “Мазар мемлекет қарамағында” деп жазылған. Бірақ, оның өзін танып оқу киын. Бұл бертінде жазылған екен. Ал бұрынғы жазылған жазуды олдкімдер алып кеткен. Жоғарғы жақ қабырғалыр құлап, ішіне түскен. Мазардың сыртын жауын шайған. Қабырғалары шөгіп, жерге отыра бастаған. Жер өскендіктен мазар томенге түскенге үқсайды.

## АЛАШАХАН МАЗАРЫ

Жошыхан мазарынан 20 километр қашыктықта тұратын Алашахан мазарына келдік. Бұл тарихи ескерткіштер Сарыкенгір өзенінің солтүстік жағына орналасқан. Ойлап карасаң жер бетіндегі ертедегі мәдениет ескерткіштері арналы өзендер бойына көбірек салынғаны ұқсайды. Алашахан мазары өзінің бітім тұлғасымен, салыну ерекшеліктері жағынан ерекше көзге түседі. Мазар XII—XIII ғасырларда пайда болған. Бұл мазар салынуы жағынан Жошыхан мазарына ұқсас емес. Неге десеніз, көркемдеу тәсілі өзіндік өрнек тапқан. Ондағы суреттер ұшбұрыш, ромб тәріздес. Европалық стильге ұқсайды. Кілемге ойып салған әшекейлі өрнектер мазар қабыргасынан коз тартады. Кіреберіс есік қақпаларының жан-жағы оюлармен айшықталған.

Есіктен ішке қарай кірп жоғары көтерілу үшін басқыш баспалдактар салынған. Сол арқылы мазар үстіне шығасын. Хас шебердің колынан өткен мына ескерткішке адам баласы танданбай өте алмайды. Бұдан мың жыл бұрын Ұлытау өнірінде бой көтерген ғимаратты кімдердің салғаны күні осы күнге дейін беймәлім. Солай болса да халық өнерін, халық тарихын ерекше бағалауга үлкен мән берілп келеді.

Күмбез қабыргаларының ішінде айнала көтерілетін кірпіш сатылар бар. Күмбездің ішкі қабыргалары күйдірілген қызыл кірпіш. Күмбезге кок сылак жағылған. Осы мазарда бұрын төртқұлақ бөлғанға ұқсайды. Ол тоза, тоза құлаған корінеді. Алашахан мазарының ұшар биігі донгелек тесік болып, кірпіштері ішке түсken. Мазардың тағы бір ерекшелігі кірпіштеріне бедер салмай каланғандығы. Сырты тоқылған алашаға немесе шымшиге ұқсас. Мазарға кірпіштен өрнек тоқылған, ғаламат тұлғасы архитектураның қалану тәсілінде кездеспейтін ерекшелік деуге болады.

Көне дәуір ескерткіштерінің Ұлытау өніріндегі енді бірі Аяққамыр мазары болып табылады. Бұл жөнінде қызықты деректер айтылады екен. Аяққамыр (накты жерленген адамның ағы белгісіз) Алашаханның келині болған. Аяққамыр жайында

көнекөз карттар мынадай кызыкты деректерді келтіреді. Сол кездегі діни әдет-ғұрыптар бойынша келіндер атасына бетін корсетпейтін болған. Көбіне перде жамылып жүзін жасырған. Құндердің бір күнінде Алашаханның келіні қатты аурады. Өлерін билген Аяқкамыр өсiet айтады. Мениң мазарымның төбесі атам Алашаханның бетіне көрінбейтін болсын. Биік төбенің тасасына салынсын депті. Міне, содан Аяқкамыр мазары атанып кетіпти. Біз болған жерлердегі адамдар Аяқкамыр мазары жөнінде осындай азыздар айтады.

Ұлытауда болған сапарымда көптеген тарихи ескерткіштерді көріп қызыктадым. Найман руынан шыққан Сандыбай балалары – Ерден-Дүзеннің бейіттері де жоғарыда сөз еткен мазарлар типтес салынған. Бірақ қамқөрлікка алынбаған. Азып-тозып, құрып кетуге айналған. Сонау XIX ғасырда салынған осы мазарлар казірде құлагалы түр. Ұлытауда XII-XIII ғасырда қаланған мәдени ескерткіштер коп-ак. Атап айтқанда Болған-ана. Жұбан-ана сиякты. Жаңарқа жерінде де бірнеше көне дәуірдің қөлтәңбалары бар. Жезқазған облысы мәдени ескерткіштерге бай. Бұғанде бұл өнір Отанымыздың мыс қазынасына айналып отыр. Академик Қаныш Сәтбаев Жезқазған даласын зерттеп, Отан иғлігіне, халық дәулетіне жаратып кетті. Кезінде сағым өйнаган сайын даланы жүтірген ан, ұшқан құс мекен етсе, қазірде ен далаға сөнді үйлер салынып, адам танымастай өзгерді.

## АС БЕРУ, ӨЛГЕНДІ ҚҮРМЕТТЕУ

Элкей Марғұлан өз өмірінде көп еңбек жасап, әлемге айтулы зерттеулер жүргізді. Не көп, тас мұсін көп далада. Еңбектерінде ол кісі тас мұсін қойылған жерлерді ұлы мереке жасап, ас берген ұлы қоныстар деп көрсеткен.

Халық аузында сакталған тарихи аңыздар бойынша тайпалардың ас беру тойына әрбір тайпаның елшілері катысып, өлген адамның басына ескерткішті бірлесе орнатқан. әр тайпаның өкілі салт бойынша бір-бір тастан қоятын болған. Тас бағаналар тізбегінде мықты ұлыстар орнатқан балбалдар әрқашанда да құрметті орында тұрады деп ойлаған. Тайпа, халық өздерінің өмірінде ата-бабаларының аруагын қадірлеп, құрметтеп, тастан, кейде ағаштан ойып, мұсін бейнесін жасап, басына қойған. Себебі, аруақ разы болсын, аруақ сактасын, аруақ қолдай көр, қолтығымнан жебей көр деп ата-бабасының аруағына арнап, ай мүйізді, аша тұяқты мал әкеліп сойған, жылқыдан бозқасқа, қойдан ақсарыбас әкеліш шалып, ас берген екен.

Элкей Марғұлан өзі зерттеу еңбегінде Ибн Фадланнан дерек алып былай деп көрсеткен: “Өлікті қадірлеп шығаруга байланысты молдалар өліктің жанына жиылып, біртіндеп ташпық тартып, түнде күзетіп, шығарып салу дәстүрлі іс санаған. Оғыз, қыпшак тайпаларында қонақасы беру, коштасу, жоктау, аза тұту, қайғыру, үйдегі бала-шаға, туыстарына парыз” дейді.

Сонымен катар, Әлағаң айтып отыратын кейбір арнайы сөздер бар-тын. Мәселен, өлікті құрметтеген тұста. жиындарда адамдар өзін-өзі үстай билуі керек. Беталды сөз болмайды. Дүние сөзіне сак болу керек. Ұйымдаған шаруа жинақы, ықшам, тез болады. Газалыққа айрықша мән бериледі. Бұл жалпы өлікке деген құрмет пен міндет екенін үйымдастыруыш да, жиналған әлеумет те біліп, сезінуі керек.

## АС БЕРУ ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША ДЕРЕКТЕР

Ас беру дәстүрі тәртібі қазак халқының негізін құраған арғын, оғыз, қыпшақ, найман, керей, т.б. тайпалардың өмірінде кең өріс алғандығын Әлкей Марғұлан былай дәлелдейді. Мысалы, Өскенбайдың асында барлық Тобықты елі шекесінен бүгілін отырып ботадай боздап жылай берген дейді. Асқа келген Байжігіт Танабай деғен кісі Темірші маңының тумасы, қарakesек қамбар Жанак ақынның қасына келін: “Мыналардың жылауын, қөнілін басу бір ғана сенің құдіретті қолыңнан келеді”, — депті.

Сегіз қырлы, бір сырлы Жанак ақын қобызын алғып сарнатып, боздатып күй тартады. Қобыз үніне қосқан сөзін Құнанбайға арнап жеткізеді:

Ей, Құнанбай, Құнанбай.  
Қазакта сенен артық  
Ұл туар ма мынадай.  
Ас бердің әкене  
Ұш жүздің косып баласын.  
Биледің гой Орта жүздің  
Төресі мен карасын,—

деп халыққа да токтау айтқан екен.

Тоқырауын өнірінен келген Дадан Тобықтыны бастап келген Мәңжіғұл батыр 100 қаралы адамымен асқа жиналған жиынға қашықтан ат қойып, тігілген қара үйді айнала “бауырымдап” шауып жүріп алыпты. Ел жігіттері олардың аттарын тізгінінен ұстап, түсіріп алады. Сонда Құнанбай жігіттеріне: “Түсіріп алдыңдар ма, бауыры екен гой, шын бауыры екен гой”, — деп конці босап, көзіне жас алыпты. Халық сонда “шын жыласа соқыр көзден де жас шығады екен гой” деген екен.

Төбе басында отырган Құнанбай асқа келушілерді бақылап, Мұса, Жанғұтты отырган жерге көз тастап, жігіттеріне тапсырма беріп, басшылық жасап отырады.

Әлкей Марғұлан енбектерінде ру, тайпа, рулы елдің асқа ортақ ісі деп, әр ата баласы өз үлесін қосқаның жан-жакты

жерттеп былайша қорытындылайды: “Өскенбайдың асына Тобықты руы ғана емес, бүкіл аргынның би, болыстары асты басқаруды қолға алады. Асқа 360 үй тігледі, 60 бас бие, 40—50 ат-айғыр, қойдан 150 бас сойылған екен. Бәйгеде келер бас атқа бәйге сайын торт жұздік бүйим, жұз теңге деп белгілеп, 20—30 атқа бәйге белглекен”.

Археология еңбектерінде көрініп тұрғандай, қай дәуір болмасын, асты осылай жөнелткендігі дәлелденген.

### Марғұлан тойында

1974 жылы Әлкей Марғұлан өзінің 70 жасқа толуына байланысты Алматыда өтетін тойға шақыру қағазын жіберіпті. Қараша айы еді. Эрі ойланып-бері ойланып, “ат мінгізу керек” деген шешімге тоқталдым. Шақыру қағазды айтып, райкомда нұсқаушы болып қызмет істейтін Сәдуақасов Қайырбекке келдім. Әлағадан шақыру қағаз алғанымды айттым. “Ортағасы ұлы ғалымымыз гой, Әлағаның тойы құтты болсын. Кенесарының Оқжетпес шыны бар. Әлағаның ғылымына оқжетпес, ғалымның ғалымы гой” - деп ойланып қалды. Ат мінгізу туралы оз өйімді айтып едім, “бул ойынды булар шеше алмас, Жаманқұл Алматыда Қонаевтың санаторийінде дем алып жатыр” деді. Енді не істейміз? А.Құсайыновка өзі кіріп шықты. Мәселенің шешілмегенін 2—3 минут өтпестен хатшы кабинегінен қолын бір сермен шыққанынан-ақ сездім.

— Кірмегеніңіз жақсы болды. айқасып қалар едіңіз, құдай сактады, — деді.

— Не деді!— деп сұрағанымда, — Актогайдың тумасы емес, босқа ат мінгізіп не керек, — депті.

— Әттеген-ай, өзінмен коса кірмегенімді карашы, — деп оқінгенім.

Қайырбек тағы да ойланып көрейік деп, шақыру қағазды Жөкішке апарып көрсет деді. “Ассалау-магалейкум” деп сөлем берін, Жаманқұлдың үйіне келдім. Жөкішті жақсы адам деп еститінмін, жай келмегенімді сезген сияқты, “Жоғары шығыңыз!” деп, озі да стархан жая бастады. “Шаруамды

айтамын да, кетемін” дегеніме қарамады. “Қуыс үйден құр шықла деген, дәм ауыз тиесіз, асықланыз, қайынаға” деп дастарханға табагымен ет әкеліп қойды. “Әйел ет турамайды, өзіңіз тураныз” деген соң, ет турай отырып, келген шаруамды баяндадым:

— Әлағаң қараша айының 2-сінде 70 жасқа толады. Жәкене шақыру қағазын жіберген еken, алды ма, алмады ма билгелі келдім. Шаруам осы, —дедім. Барлық мән-жайды билгеннен кейін Жекіш ойланып: “Казактың атақты ғұлама ғалымы ат минуте жарамай ма, ойланбай айтып қалған болар, әйтпесе бұлай айтпас еді ғой. Жәкенің Алматыдағы адресін беремін, барыныз”, — деп шыгарып салды.

Жәкенің Алматыға іздең келдік, жуынуға кеткен еken, тосып отырмыз. Бір уақытта:

— Ақтогайдың исі аңқып шығып кетті ғой,— деген дауыс шыкты. Көріпкелі бар ма, кайдан көріп қалды десек, артымызда үлкен айна тұрганын аңғармаппыз. Ауыл амандығын сурап билгеннен кейін шаруамды айттым. “Сонда бұл шаруаны мен гана шешуім керек пе? Үяттау болған іс еken”, — деп ойланып қалды да, біздің бәйбіше түсініп, бойбашелігін жасаған еken деп, риза болып қалды. “Әлкей Марғулан 70 жаста ат мінбегенде кім мінеді, ат мінгізейік”, — деді.

Ертеңінде Фылым Академиясының үлкен залындағы шылыми конференция өтетін болды. Президиум столына мүшелері барып отыра бастағанда Әлағаның құлағына Жаманқұлдың келгенін сыйырладым. Ол осы конференцияны басқарып жүрген шылым докторы, профессор Кемел Ақышевты шақырып алдып, айтып жатты. Әлден уақытта Ақтогай аудандық комитетінің хатшысы, Қазақ КСР-ның депутаты Жаманқұл Шайдаровтың президиумға шақырылатынын хабарлады. Жаманқұл мен Әлаға екеуі құшактасып амандасты. Конференцияны Фылым Академиясының вице-президенті, академик Ақай Нұсіпбеков ашып, “Әлкей Марғуланның шылыми және педагогикалық қызметі” туралы белгілі археолог-ғалым Кемел Ақышев кең көлемді, мазмұнды баяндама жасады. Баяндама соңынан құттықтаулар айтылды. Ақын Қалижан

Бекхожин ғалымның мерейтойына арнап жазған “Ғұлама” деген өлеңін оқыды:

Бұл күнде ойы биік ел ағасы.  
Хатқымыздың мұрагері – ғұламасы.  
Жая бер тамырынды терендерге,  
Ғылымның бәйтерегі, гүл-ағашы.

Бұдан әрі ақын Faфу Қайырбеков Әлекене арнаған өз өлеңін оқыды.

### Академик Әлкей Марғұланға

Білмеймін байдан да, жарлыдан,  
Дүниеге туып бір қалды ұлан.  
Туды да “білім” деп салды ұран,  
Ашылып кең сарай алдынан,—  
Жас бала Әлкей Марғұлан.

Жер-көктің тарихын қамтыған,  
Талайга теңдерді шандыған —  
Шешем деп тосыннан “салды лаң”.  
Халайық боп қалды таң бұған —  
Жас жігіт Әлкей Марғұлан.

Даланы шарлаған, тау барған,  
Қырлардың қыртысын аударған.  
Қираған құмыраға жүккан шандардан,  
Олген қалалар сырын анғарған,—  
Археолог Әлкей Марғұлан.

Қос күмбез, торт құлак тамдардан,  
Суларсыз бос қалған анғардан.  
Құлагы тас болған шалдардан,  
Шым-шымдал шындықты зорға алған —

Таңбалы жартастың жарынан,  
Кынаның бояуы қарыған.  
Орхонның жазуын таныған,  
Аскан зеректік дарыған —  
Филолог Әлкей Марғұлан.

Салтанат шалқар кош сабылған,  
Салт-сана сөүкеле салынған.  
Сан ғасыр күй тартқан занынан —  
Этнограф Әлкей Марғұлан.

Жолынан жұмбак тылсым табылған,  
“Ашпа, шешпе” деп олар жалынған.  
Белгісіз мекендер — ат, айдар тағылған,  
Радлов, Потанин табынған,  
Географ Әлкей Марғұлан.

Осынша ескіден, аргыдан,  
Жаңаға жақын жоқ ән бұдан.  
Сөз айтса жұртты естен тандырған —  
Шежіре-шешен Марғұлан.

Дауысын тарих шаңы қарыған,  
Сонау Әлкен шарлаған шағынан.  
Жылдардың жүйткіп жөлнан,  
Жетпіске киіктей қарғыған —  
Марқаска, маңғаз Марғұлан.

Мандайдың коленке жүрмес маңынан,  
Оқымыс екенін ел айтпай таныған.  
Қазактың қалың қауымнан,  
Құттықтау сәлемін қабыл ал. —  
Академик Әлкей Марғұлан!

Бұдан кейін сөз маған берілді. “Ақтогай еңбекшілері Әлкей Марғұланның 70 жылдық тойына тұлпар мінгіздік”, — деп дауыстадым. Ел du қол шапалақтап жатыр, арасынан “дұрыс-ақ” деген дауыс құлағыма естилді.

Ертеңінде Карл Маркс көшесіндегі үйіне достарын қонаққа шакырды. Арасында біз : Қазыл, Сұтемген және мен болдым.

“Сұтемген Бұкіров Жезқазғандағы Қаныш Сәтбаев атындағы мұражайдың директоры, коп жылдар бойы экспедицияда бірге болғанбыз. Қасындағы сұлу кара мұртты, халық суретшісі, оз ісіне мықты Аманқұл жолdas”, — деп таныстырып отті де, сөзін әрі қарай жалғастырып, — “Жаманқұл мен Аманқұл тұлпар ат мінгізпі, мен оны Оразбай қажының немересі Фазылға мінгізем”, — деді.

Ақай Нұсіпбеков сөйлеп тұрып: “Ат байлағаныңыз дұрыс-ақ, аруактың алтын көзі ғой”, — деді. Әлкей Алматы Суретшилер Одағында майлы бояумен салынған суреттің маған сыйлады. Қазір сурет галереясында тұр. Бұкіров Сұтемгенге “Бегазы-Дәндібай мәдениеті” атты кітабын сыйлады. Оған “Әлкей Марғұлан” деп қолтаңбасын қойыпты.

Қайталанбас тұлға, ғұламағалымның бұл асыл сөзін қалай үмітасын. Осының бәрі ғалымның ұлан-асыр еңбегі ғой. Ірі-ірі ғалымдармен жүздесіп танысып, ауылға марқайып қайттық.

## ТАСТЫ СӨЙЛЕТИП, ГАРИХТЫ ТЕРЕНДЕТКЕН

Академик Әлкей Марғұланның 100 жылдық тойы Баянауылда, Павлодар қаласында отетін болды. 2004 жылы мамыр айында бұл тойға баруға асықтым. “Балхаш түсті металл” ондірістік бірлестігінің директоры М. Әліпбергеновке: “Құрметті Махмұт Қасланұлы! С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде 2004 жылдың 26—29 мамырында академик Ә.Х.Марғұланның 100 жылдығына арналған “Кошпелілер оркениеті мен рухани мәдениетінің тарихы” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция отпек. Аталмыш конференцияның қонағы ретінде шакырылып отырған археолог, суретші Ә.Х.Марғұланның шәкірті, жолдасы болған Аманқұл Мұсатайұлын іссапарға жіберуінізді өтінеміз” деген мәтінде ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Р.Ж.Қадысовадан жеделхат келген екен.

Біздің Махмұт нағыз ер азамат қой. Бұны айтпауга тағы болмайды. Мына шаруаның менің жеке басым үшін емес, Әлағана қатысты екенін, өркенді ел ғалымын, ғылымын құрметтей бюлентіндерге деру түсінді. “Әй, дайындал, қаражатынды ал бізден. деру аттан”, — деді.

Сөйтін, 25 мамырда Әлкей Марғұланның 100 жылдық тойына жол тартып кеттім. 27-сі Павлодар қаласына келіп түстім. Радиодан әлдекімдер “Мұсатайұлы Аманқұл, біз тосып тұрмыз, бәлен жерге келініз” деп айтып жатыр. Жоғалып кетеді деді ме, біртүрлі қызық екен. Аманқұл жоғалушы ма еді? Бірак, жақсы үйымдастырылған, деру колікке мініп тарта жөнелдік.

Мемлекеттік университеттің алдына келдік, жиналған халық облыс әкімі Қайрат Нұрпейісов, экономика ғылымының докторы, профессор Е.Арынмен кездесті

Әлкей мұражайына кіргізді, үлкен залға коптеген енбектері қойылған екен, қазбадан табылған алтын білезік, сакина, құмыралардың бірнеше түрі, таңба, жартасындағы андар, малдар, қыпшақ ойма орнектері, тастан құйылған арыстанның басы және менің де түсірген таңбаларым тұр. Өзім түсірген дүниені көрп қуанып-ақ жатырмын. Еңбек еш

кетпеген, каншама жыл жанына еріп едім. Күбірлеп сөйлеп қоям. Ағаның бейнесі көз алдыма келеді. Сабырлы, ойлы қалпы.

Сағат 10-да облыс әкімі К.Нұрпейісов ғылыми конференцияны ашылды деп хабарлады. Білім жөне Ғылым министрлігінің Ғылым департаментінен Жақсыбек Құлекеев сөз сойледі: “Совет дәүірінде қазақ тарихы тұншығып, жарық көруден қалды, шаң-тозаң болып жатты. Әлкей Марғұлан Қазақстан мәдениеті мен тарихының үш саласын бірдей, ұзак жылдар бойы түпкілікті, әрі жемісті зерттеп кетті”, — деді. “Бұган Шоқан. Абай, Жаяу Мұса, Акан сері, Тәттімбет жайындағы 20 дана баспа табақ еңбекті қоссаныз, академик Марғұланда ол жарияланбаған каншама қымбат мұра жатқанын анғару қыын емес. Қаныш, Мұхтар, Әлкей халқымыздың көне тарихын, мәдени шежіресін жалықтай зерттеп, халқымызға өмір бойы азық болатын бағалы кітаптар шығарды. Дүние жүзіндегі ең ұлы эпостың бірі — Манас жырын Шоқан тұнғыш рет зерттеп, қағазға түсіріп жариялаған болса, Әлкейдің Шоқан мұрасын зерттеудегі сінірген енбегі үшан-теніз”, — деді.

Қазақстан Республикасы Президенті аппаратының жетекшісі Иманғали Тасмағанбетов мырза, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Әлкей Марғұланның 100 жыл толуына арнайы жолдаған құттықтау хатын оқыды.

“Ғылымның қажымас алып қыраны” — Әлкей Марғұлан, — деп бастады ол өз сөзін, — “әр заманды зерттеп тану үшін үлкен дайындық керек, біраз, қазақ тарихының ертедегі, қазіргі жүйесінің ғылыми деректері әлі зерттеліп жеткен жөк. Қазақ тарихында ауыз әдебиеті, өнер мәдениеті VIII—X ғасырларда ошпес әйгілі із қалдырган дана, өйшыл, шешендер болған. Мол мұра қазақтың өзімен мәңгі жасап, біздерге жетті. Қазіргі үрпаққа қазақ тарихын, өз тілін әдейілеп. шындыққа негізделеп әкелуіміз керек. Сонда ғана тарихымыз жөнделеді. Окулыққа саналап, анықтап кіргізу қажет. Бұрынғы откен ғасырдағы скиф, сак, ғұн көшпенділерін мектеп жасындағы жас жеткіншектер білмейді. Оларға айтып, оқытып, үйретіп, баянды етіп түсіндіруді қажет етеді. Біздің қоғамды, ғалымдарды

коммунистік партия әбден тұралатты, одан әлі де болса, арыла алмай келе жатырмыз. Әдебиет жанашыры болған кейір ағаларымыздың озіне қатты қысастық болды. Мәселен, Ә.Тәжібаев, Әбішев тағы да басқалардың кей шығармалары идея жағынан, үлтшыл саяси жағынан қате танылды. М.Әуезов, Қ.Жұмаділов, Е.Смайлұс, т.б. еңбектері өткір сынға алынды. Жүсіп Қоғаевтің еңбектеріне төнген қара бұлт Кенесары Қасымовты дәріншеген Ермұқан Бекмұхановқа да осындай қынышылықты әкелді”.

Бұдан соң, бүгінгі ғылымға талаптар айтылды.

Одан әрі баяндамалар легі ағылды. Өте көп адам сөйлеп, Марғұлан жайлы лебіздер айтылды, оның еңбектеріне баға берілді, мұрасын зерттей түсу керектігіне шүқшиды. Арасына үзіліс салып, конференция оте көп жұмыс аткарды.

Маган соз берілгенде, маган үнаганы, “бұл адам Марғұланмен коп жыл бірге болған, экспедицияны бірге атқарған” деп атап, шегелеп айтты.

Сол кезде залдан бір адам, кім екенін біле алмай кеттім, “қалада, үйде ғұламаның қасында кім жүрмейді, ал енді экспедицияда бірге болу деген мүлдем басқа ғой, ағасы, сөйленіз” деп дауыстап қалғаны. Зал ду қол соқсын. Қошеметтеп жатыр. Алакан біраз уақыт басылмады.

Мен сасыңырап қалғаным, тап осы тұста, рас. Өйтеді деп кім ойлаған. Байқай білетін жанға бұл ұлken нәрсе ғой. Расында да даланы кезу, экспедицияны бірге атқару деген мүлдем басқа шаруа. Оны ғылымның жөнін билетіндер ғана парықтай алады.

Мен Әлағадан бастап, Ақтогай, Бегазыны, Желтау, Шұбартауды желіп отырып, шолып өтіп, археологияның еріккеннін ермегі емес екенине жеткен тұсында зал ду-ду етті. Шарт-шұрт шапалақ, Әлдекімдер фотога ма, бірдемелерге тұсіріп әуре, жарқылдап от жанады. Кейін Қазыл: “Сол тұсіргендерден сұрамадың. фотосы болса беретін еді”,— дейді. Ондайда Аманқұл жүре ме, сұрап, әуре боп. Фотога түссек, жатады да “шан басқан архивтерде”, ол да тарих қой кейінгі жастарға, кім екенімді билмей бастары қатсын. Мен қайтем оны. Содан орағытып, олай-бұлай келіп, Балқашты,

Нығматуллинді, Ахметов пен Аяпбергеновты атап оттім. Бұлар Бақаштағы Әлағанды жатқа соғып отырған бүгінгі інілері, шетінен ерек, азamat, ер, мені осында жіберді, “сәлемімізді жеткіз” деді дедім. Оным рас еді, титтей ойдан шығарғаным жөк. Махмұт қой, өл. Билет алдым, кеткелі жатырмын дегенімде “Ал, шал, жөнел. Тек, жөндеп сәлем айта бар” деген.

Сөзімді бүгінгі келелі міндеттер, жастардың алдындағы тапсырмаларға әкеп тіреп барып, нағыз әккі. көргенді кісіше бітірдім. Бірсыныра сойлей алушы еді, Аманқұлың, жаңылмапты. Зал тағы да ду-ду. Эдейі салмақтанып, айбаттанып, асықлай түсіп бара жатқанымда, әлдекім тағы бір атап өтті —“бұл Марғұланның жаңында жүрген бәленшекен”.

Жалпы конференция тамаша үйымдастырылыпты, қаншама баяндама, көрнекі құралдар, кездесулер өйластырылған. Мұндай салиқалы жиынның жүртшылықка берері өте көп қой. Балқашқа марқайып, Әлағанмен сөйлесіп келгендей бол қайттық. Ардақтап жіберген балқаштық ер-азаматтарға көп-көп алғыс дедік.

## **Хаттар, хаттар, хаттар...**

*Академик Әлкей Марғұланның суретші Аманқұл  
Мұсатайұлына жазған хаттарынан*

Аманқұл, Фазылға, аpanа, балаларға бәріне көп сәлем.

Жіберген хатынды, газет кесінділерін алдым. Бірақ, бір номер (131) жок. Газете басы 131-номерде деп көрсетілген. Онда не жазылғаны маған белгісіз. Мына екі номерде шыгарған макалаларың жақсы, көрген нәрсөн бүлжытпай, сол калпында айтып беруге тырысқансын. Айтпай екеуінің тілдерің бай, көркем сөзді орынды қолдануды ерекше етті алғансындар. Ішінде тек кейбір географиялық жағдай болмаса, өзгесі дұрыс. Жоргадан кейін мені Ақбастауга кетті депсін. Дұрысы: Мейзек, Аққойтас, Қарақойтас ед!. Жалпы. материал беруде, әсіресе, сырттан айтқанда өте сақ болу керек. Ол тілшінің бірінши қағидасты. Бопса, жобалауга бармаған жон. Жер атауларын дөл беру керек. Колға қалам алғанның жауапкершілігі зор болмак.

Макалада тас үстінде отырып түскен менің суретімді беріпсін. Оны Раушан, балалар. тағы өзгелер өте үннatty. Ол негативті бізге жіберсен жақсы болар еді.

Бегазының жаңадан түсірген негативін күтем.

*Әлкей.*

*19 қыркүйек 1969 жыл. Алматы.*

\* \* \*

## *Ардақты Аманқұл!*

Қарт анаға, Фазылға, балаларға, өзіңе көп сәлем. Мен өзіңмен қоштасып кеткеннен кейін үйге аман-есен келдік. Жазған хатында Желтаудың жартасында отырған Әлиханның, екі таутекенің суретін фотога түсіріп жіберген екенсін. Желтаудың қай жері, озіңе кім айтты, хатқа жазып жібер. Әлиханның ғылыми енбектеріне қосқан үлесін. Амандық болса, келесі жылы отырған орнын көріп қайтамын. Фазылды сол жартасқа отырғызып түсірген екенсін. екі таутеке анық түскен, ғаламат.

*Салеммен Әлкей.*

*20 наурыз 1970 жыл. Алматы.*

\* \* \*

### *Аманқұл!*

Көп сәлем. Жіберген ақшаны ендігі алған боларсың. Қошқарбайдагы мүсін тасты жер кебісімен жіберерсіндер, райисполкомның хатында солай жазылған. Үйіне қалдырып керегі жоқ, ол кезде Алматыда ешкім болмай қайтып кетуі мүмкін. Есінде болсын, Қошқарбайда мүсін тас біреу емес, бірнеше болуы тиіс. Оны сол жердегі жақсы билетін қарттардан сұрап білу керек. Оларға табылған мүсін тасты көрсетін, осындаи мүсін тас тағы қай жерде бар,— деп сұрасаң олар маңыратып айта бастауы тиісті.

Шубартау совхозына жақын тұрган Қазанғап өзенінің бойында Қалақтас дейтін жер бар, ол кесуге келетін өте жұмсақ тас. Мүсін тастың қөбін содан жасаған болу керек.

*Сәлеммен Әлкей.  
1970 ж.*

\* \* \*

### *Аманқұл, Фазыл, сендерге, үй-іштеріне көп сәлем.*

Жаңа жылда құттықтап жіберген телеграммаларың, фотоларың келген. Бірақ та тез жауап қайтаруға мұрша болмады. Озіміз бір қалыпты жүріп жатырмыз. Жұмыс көп, қол тимейді. Аманқұл, саған мына бір ерте кездегі адам бейнесін түсірген фотоны жіберіп отырмын. Эбден жақсылап кара. Кусақ бойында сениң көрген тасың бұған үқсас па? Болмаса екеуі екі түрлі ме? Онымен қатар, Фазилдің айтуы бойынша ол тас жоғалып кетпеген, біреу апарып қорасына қалаған. Егер бұл анық болса, ол тас кімнің қорасында тұрғанын білуге боладығой. Қар кете сен бұның сонына тағы түсіп, қалайда табу керек. Осылар туралы маган жазарсың. Екінші жер аттары туралы. Қарашокы тауы ол жакта бірнеше жерде бар. Сенін фотога сурет түсіргенің қай Қарашокы? Ол қай өзенге жақын? Қай жерде тұрғанын көрсету керек.

Кенелі тауы да солай. Ол Қызыларайдың бұтағы ма, болмаса Бегазы тауының сілемі ме, болмаса жеке тау ма?

Монша да солай. Ол қай тауға жақын, қай совхоздың жерінде?

Анау жоғалып кеткен сурет тастың соңына жақсылап тұс, таппай қойма. Ол жоғалмаған болу керек.

Сәлеммен аған Әлкей.  
3 февраль, 1971 ж.

\* \* \*

*Ардақты Аманқұл!*

Қарт анаға, Фазылге, балаларға, өзіне көп сәлем. Жіберген суреттерің келді. Оған көп алғыс айтамын. Бегазының қақпа тастарын жақсы түсіріпсің, масштабы бұдан гөрі ірі болғанда тіпті өзгеше болады еken. Шоканның бейнесі жақсы табылған. Жалғызак оның бет-ажарын, көзін, мұртын дегендей оның өзіне жақындарса, композиция келіп тұр. Шапаның желбекей салып, далада ой үстінде жүрген Шоқанды шалқытып көрсете аласын. Романтика мен тұнғиық сезімге шомылған жас ойшыны солай көрсету шеберлікті корсетеді. Бірақ ойға батқан сол күшті романтиканы бұдан гөрі де шалқыта берсен Шоқанды сенен артық жазған кісі болмақшы емес.

Сәлеммен Әлкей.  
20 март 1971 жыл, Алматы.

\* \* \*

*Ардақты апаң, Фазыл, Аманқұл!*

Бізден көп сәлем. Біз үшін балаларды құшактап сүйіндер. Карқаралыдан шықкан соң машинамен есен-саяу үйге келіп жеттім. Қазір дем алып, серғідім. Енді бір жұманың ішінде Ташкенде болатын казақ әдебиеті мен онерінің 10-күндік мерекесіне бармақ болып отырмын.

Аманқұлға уәде еткен Шоқанның екі фотосын жіберіп отырмын. Аманқұл мұны корген соң көп толғанып, шабытына келер. Шоқанның бейнесін одан гөрі де сұлуулап, өз түріне жақындар деп үміттенемін. Бірақ, ана бұрын салғандарын бұзып алмасын. Олар ойға батқан жақсы, әдемі. Тек солардың бет-жүзін біраз байқау керек. Далада тастан түсірген суреттер болса, маған хабарлар. Орынқай тауын ұмытпасын. Ол туралы Бәзілмен кеңесу керек.

Сәлеммен Әлкей.  
20.09.71 ж

\* \* \*

*Ардақты Фазыл, Аманқұл!*

Өздеріңе, үй ішінде бізден көп сәлем. Мұның алдында Шоқанның екі фотосын салып жібердім. Хат жазған едім, алдындар ма? Ол хатты бала окуға асығып бара жатып, марка жапсырмай, поштаға тіркетпей, шалғай жіберген, фотолар жақсы еді, алдың ба?

Алсан да, алмасаң да хабар бер. Айыртастан түсірген суреттерді көруге аса қызығамын. Орынқай тауларын да ұмытпаған жөн, биыл болмаса, келесі жаз шыға қолға алу керек. Майтас, Айыртас, Қызылтас тауларында да сурет болуға тиіс. Әсіресе Дастар тауында, Ақтүмсықта. Оларды түсіргенде бұлжытпай, көрінген қалпында түсіру керек.

Әлкей.

30 октябрь, 1971 жыл.

\* \* \*

*Ардақты Аманқұл, Фазыл, балаларға көп сәлем.*

Керегетастарға барған фото суреттерінді алдым, көп раҳмет.

Аманқұл, саған тапсырған Қаракесектің бейнесін майлыш бояумен салынуды тапсырған едім. Сен қолға алсан, жақсы болар еді. Шоқанды ойдағыдай, өдемі келтіріпсің. Қаракесекті де ойға шомылтып романтика ой сезіміне келтірін салсаң тіпті жақсы болар еді. Кімдерді пайдалану керек екендігін айтқан болатынмын. Фазыл, сен де есінде ал.

Сәлеммен Әлкей Марғұлан.

27 шілде 1972 жыл. Алматы.

\* \* \*

### **ТЕЛЕГРАММА**

13 июля выезжаю в Актумсук для встречи. Там буду недолго. Узнай в райкоме о бульдозере.

Маргулан. 1974.

\* \* \*

*Аманқұл, Фазыл екеуіне, үй-ішіне көп сәлем.*

Ноябрьдің басында 70 жылдық өткізбек ой бар, шакыру билетті жақын арада аласын. Оған келерде сен Бегазыны жаңадан фотога түсіре келсен иглікті іс болар еді. Жазғы күнгі түсіруде бульдозердің іздері бар. Көзге жақсы көрінбейді. Ол іздер қазір жаңбырмен шайылып, жеммен үріліп тегістелген болу керек. Енді түсірсе жатық, көркем болып шығуы мүмкін. Сен түсіргенде бір ашық, жаңбырысыз, бұлтызы күні келіп түсір. Жаңа екі үлкен құрлысты міндетті түрде біріктіріп түсір. Жеке-жеке түсірмей-ақ қой. Маган керегі екеуін сөүлетті түрде төрт жағынан төрт рет біріктіріп түсіргені керек. Әсіресе өнгістік-шығыстан, өнгістік жағынан, солтүстік-батыстан, солтүстік-шығыстан (Бегазы тауының биік жағынан) түсірсе көркемірек шығуы мүмкін. Оны өзін зерттеп көресін. Түсіргенде екі зәулім құрылыштың бірігіп, үйлігіп кетпей арасында біраз саңылау түрүү керек. Осыларға жақсы көңіл койып, маган жақсы негатив әкелерсін.

Екінші — Желтаудан Каршығалы Бесшоқыға қарай жүргенде Керегетас деген бір аласа тау түрады. Оның іші де сынсып тұрган сурет. Жазды күні қағазға қарамай бір жағында қалып қойған.

*Салеммен Әлкей.*

*12 қыркүйек 1974 жыл. Алматы.*

\* \* \*

*Аманқұл, Фазыл, көп сәлем.*

Жіберген екі бандерольдерінді алдым. Көп раҳмет. Сұраган фоталарынды жақын арада жіберермін. Осы соңғы күндері біраз ақша жібердім, ендігі алған шығарсын. Сенің жіберген суреттерінен менің түсінбегенім Шубартай совхозы, Бидайық фермасынан түсірген сурет. Бұл кісі мүсіні ме, жоқ аның мүсіні ме? Тас үлкен бе, аумағы кіші ме? Кіші болса, совхоз директорына айтып Алматыға менің атыма жіберсе жақсы болар еді. Оны Алматыға жіберту туралы Жаманқұл Шайдаровқа айт. Тас жақын арада жоғалып кетуі мүмкін.

Сондыктан Алматыда Фылым академиясында тұрганы

жақсы. Осыны жіберуді Жаманқұлға жеткізе айт. Сенін суретіне қарағанда, ол сирек жолығатын қола дәүірінің тасы болу керек. Кен зерттеушілердің көруіне де керек болады. Қыскасы ол тасты аудан болып, совхоз болып Алматыға жіберсе Ғылымға көп көмек көрсету болар еді.

Екінші — Айыртаста “Арқардың мұсіні бар” депсін. Бұл не? Мұсін тас па? Болмаса қашап түсірген суреттер ме? Осы туралы жазарсың. Қыскы каникулда Алматыға келсем депсін, онда мені таба алмайсың. Ол кезде мен Ленинградта, бір ай шамасында жұмыс үстінде боламын. Ең дұрысы, жаз күні, майдың сонында июнь айларында келгенін дұрыс болады.

Сәлеммен Әлкей.

\* \* \*

### *Аманқұл, Газыл!*

Көп сәлем. Алматыға келгеннен бері сұық тиіп, бір айдай ауырып, әлі айығып болғаным жок.

Аманқұл, саған лайықты қызмет Академияда жок, бізде бос орын екі жылдан бері жок. Мұндағы “Союз художников-тағы” кіслермен сөйлескенде олар сені Қарағандыда істегені дұрыс болар еді дейді. Егер істеуге көнілің болса, мұндағы суретші Нагымбек Нұрмажанбетовке хат жазып алдын-ала сөйлесіп көр. Ол саған көмек көрсетуге дайын. Оған жазған суреттерінің фотокопиясын жібер (Шокан, Әл-Фараби, тағы басқалар). Ол тіпті арыз жазып анкета, автобиографиянды да жіберсе дейді.

Олай істеуден бұрын әуелі хат арқылы танысып, содан кейін жіберген ақылға сиымды болатын шығар. Екінші жағынан көп семьялы кісіге басқа қалаға көшу онай тие ме еken, ол арасын ойлау керек. Мүмкін сол жерде отырып, “Союз художников-пен” байланыс жасап, солардың заказын орындалған жүргізен женшілрек болуға тиісті. Осы туралы Нагымбекпен байланыс жасап көр. Оның адресі: Алматы-100, ул.Калинина 96, кв. 19. Нұрмухамедову Нагымбек.

Электрогрелканы балалар ізден таба алмай жур. Қалай тапса, солай жібереді.

Сәлеммен Әлкей Марғұлан.

\* \* \*

### *Ардакты Аманқұл!*

Анан қайтыс болды деп естідім, топырағы торка болып, өздеріне мықты денсаулық, қуанышты өмір берсін. Біз сені ертіп аламыз деп аңқылдаш келген едік, сенің жөйінді естіген соң қатты қамықтық. Енді оған уайымдаудың еш пайдасы жок, ақылдың көрсетуіне көңіл бөліп, уайымды женуге тырыскан дүрысырақ болады.

Сен келеді деген соң таңертенгі сағат 10-ға дейін күттік, содан кейін жолаушы кісімін ғой, бөгеліп отыра алмадык.

*Әлкей Марғұлан.*

21.07.75.

\* \* \*

### *Ардакты Фазыл, Аманқұл!*

Сендерге бізден көп сәлем. Өмір әр алуан түрде жүреді ғой. Кейде көп уақыт кездесе алмай, хабар ала алмай отырасын. Бұл хатты сендерді Октябрь революциясының 62 жылдық мерекесімен құттықташ, өздеріне қызық қуанышты өмір берсін деп жазып отырмын.

Балаларың жақсы оқып жүр деп естідім, бірақ біздің үйге келіп өзі туралы еш нәрсе айтпайды. Бәрі жақсы болу керек.

“Арқа енбеккері” газетінің редакторы Қ.Ағаділовке менен көп алғыс айттыныз. Оның газетінің 40-жылдық мерекесіне ауырып жүріп еш нәрсе жібере алмадым. Ілгеріде шамам келсе оның айтқандарын іс жүзінде көрсетермін.

*Салеммен Әлкей Марғұлан.*

25.10.75 жыл

\* \* \*

### *Ардакты Фазыл, Аманқұл сендерге көп сәлем.*

Қыс бойы ауырып үйге келгеніме екі-үш күн ғана. Ауру адамды жүдетіп, оның қажеттеріне қол сұғатын мейірімсіз нәрсе ғой. Қыс бойы еш нәрсені көтеріп шығара алмадым, ілгеріде осылай бола берсе, ол өте аяусыз, қүйінетін нәрсе. Көп жұмыс жазылып бітпеген, оларды бітірсек көпшилік тілегіне сай болар еді.

Мен емделуде жатканда, біздің үй көшіп басқа бір пәтерге ауыстырық, жаңадан салынған жақсы үй. Оның адресі мынау (адрес жазылған).

Сәлеммен Әлкей.  
20 март 1976 жыл.

\* \* \*

*Ардақты Аманқұл, Фазыл, екеуіне көп сәлем.*

Тапсырган химикатты жігіттер тауып әкелді. Барлығын бір жәшікке салып жібердік, 50 жылға жетеді. Ондағы заттарды былай бөлсөң жақсы болады. (қалай бөлетіні жазылған).

Жазған екі хатынды алдық. Жәкеңе барды. Фотога түсірген Шымшидің текеметсіз негативтерін жіберсөң жақсы болар еді, оны біз басқа түрлі түсірер едік. Актогай ауданында әдемі нәрселер — коркем түскіздер, қырнаған кебеже, жұқаяқтар, сыйырлауық есіктер, тағы қандай тамаша нәрселер бар. Соларды түсіріп негативін жіберсөң бір жақсы іс болар еді. Тым көркем, жақсы болмаса өзгелерінің керегі жок. Бұрын жасау жиған үйлер болса Ըрастырып көр.

Сәлеммен Әлкей.  
8 декабрь 1976 жыл.

\* \* \*

*Фазыл, Аманқұл, көп сәлем.*

Әзір тыныш, еptеп жүріп жатырмын. Сенің мақаланды “Қазақ әдебиеті” басып шығаруга көңіл білдірді, жақын арада шығып қалар. Жаз осында боламыз, ешқайда бармаймыз. Тапқан нәрселерің болса жазып түр.

Сәлеммен Әлкей.  
3 июнь 1978 ж.

\* \* \*

*Ардақты Аманқұл, Фазылға, балаларға көп сәлем.*

Денсаулық бұрынғыдай емес, ауырып жүрмін. Нұра бойындағы Жидебайдың басына бардық, коп әңгімелестік. Аңырақай соғысында Жидебай 24 жаста болатын. Балқаш көлінің онтүстік даласында Жонғар, қалмақтармен қырғын соғыс болатын. Абылайдың каһарлы батыры еді. Бейнесін жобалап салсан

тариҳка үлес қосқан болар едің. Сен Жидебайдың үрпағы боласын.

Сәлеммен Әлкей Марғұлан.  
18 көкек 1980 жыл. Алматы.

\* \* \*

*Ардақты Аманқұл, Ғазыл екеуіне көп салем!*

Көптен бері жазбай жүрген едік, хатына коп алғыс.

Хатта жазған Қызыл-Сенгір Актогайдан 50 шақырым гүраратын Қызылтас емес пе? Ол Майтаспен қатар тұрады гой. Қызыл-Сенгірді мен жолықтыра алмадым, қай жерде екенін білмеймін.

Қызылтаста үлкен ауыл, мұғалімдері бар. Оның онтүстік-күнбатыс жағында бір тас обалар бар, ғұн дәуірінен, кейбіреулері түрік қағанаты, қыпшақ заманынікі. Көбі ерте кезде қазылып төбесі қысташып жатады. Сенің айтканың осылар болу керек. Сенің музей ашып, оған директор боламын дегенің өте қуанышты. Онда Бегазының тастарын қорғауға алып, оның сыртынан темір коршау түрғызатын боларсың. Директор болсан академияның музейінде болып, жазды құн олармен екі-үш ай бірге істесіп, казудың техникасын үйренесің. Онда Бекен деген бір жақсы ғалым жігіт бар, сонымен кездесіп, қазуды үйренесің.

Актогай ауданындағы қорғандар Тоқырауынның бас жағында Байыштың Қарашоқысы деген жерде көп. Соларды қазсан музейді байытасың. Гундердің әдемі қорғандары Қорпетай тауының батыс-теріскей жағында. (Курган с усами). Осыларды қазсан ғылымды өте байытпаксын.

Әлкей.  
Алматы, 1983 ж.

## ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖЫРШЫСЫ

Осынау кең даланың құшакқа сыймаса да, бүкіл корініс-келбетімен кейде қеудене қонақтап қалатын бір кезі бар гой. Ояу жүрек, ойлы жанның ақшаңқан арманымен, шалқар жерді шабытты бір күймен тербететін шақтарын корсөн-ау. Токсан толғалы, толғанысқа толы бүл бір сәттерде табиғаттың танғажайып дастанын оқығандай, Аманқұл үнсіз ойға шомып, алдындағы қызылшака құздарға қарап, көне дәуірлердің кереметтеріне, өшпес өнеріне таңырқап, атамекеннің арғы тарихына тебірене терен бойлап кетеді.

Ол күйші де, ақын да емес. Бірақ, туган жерге іңкәр жүрек, дауылды күйші мен дабылды ақыннан кем жырламайды. Эттен, сол бір көңіл-күйін қаз қалпында бере алмайды-ау. Табиғат оған ақындығы мен күйшилігін неге кимады екен?

Ол-археолог та, тарихшы да, лингвист те емес. Бірақ, көне жердің тарихын көп жыл бойы қағаз бетіне түсіріп келеді. Осынау таулы өлкеге келген сайын, көненің көзін көргенде. ата-бабалардың талып жеткен сөзін көргендей болады. Күн сайын ынтығып, сары даланың самалына төсін сүйдіріп, таулармен тілдеседі ол. Эттең, табиғат оған мынау таңба тастардың тілін білетін талант бермепті.

Сонда да, ол осы сағымды далаға құштар болып туган жан. Қеудесінде дойім даланың қонырауы ағып тұратын сиякты. Белгісіз бір күш таулы өлкеге тартады да тұрады. Мойнында фотапарат, қолында қылқалам. Мотоциклді қаңтарып тастайды да, таңертенен кешке дейін таудағы таңбалы суреттерге қарап, тебіреніп, ежелгі жердің ерте дүние шежіресін көшреді. Сызу сабагының мұғалімі — Аманқұл Мұсатайұлы. сонғы он бес жыл бойы осы қарекеті мен осы қалпынан өзгерген емес. Жер аяғы кеңіп, көктем шығысымен мектептегі сабагын бітірген соң, ол бірде Беғазы оңіріне, бірде Ақшокы мен Айыртасқа, бірде Қызыларай мен Желтауға жол тартады.

Шіркін, әр адам табиғатты осы Аманқұлдай сүйсе гой! Шіркін, бар адам даңқты жеріміздің көне тарихын осындай терен ықыласпен зерттесе, ежелгіні баяғыда-ақ әйгілі еткен

болар еді гой. Осы тұрғыдан қарасақ, Ақтөгай мұғалімінің бүл еңбегі үлкен ерлікпен тең. Көп жылдар бойы сарсыла жүріп, тарихты сарғая зерттеген Аманқұл, тұган жер жайлы үлкен бір толғау жазды десе болғандай. Ол Қазақ ССР ғылым академиясының археология және этнография институтына, Ақтөгай өлкесінің шежіресінен тастағы жазулар мен суреттерді, тас мұсіндерді қаз қалпында тұсірген 25 сурет дәптерін тапсырды. Үйінде өлі осынша дәптер сактаулы тұр.

Жалпы алғанда, ол осы таулы өлкенің онірінен, бір мыңнан астам ескерткіштер мен таңбалы тастарды сол стилін сактай отырып, алуан тұрлі бояумен қағаз бетіне көшіріп алса, бірнеше мың мөрте фотоаппаратпен де тұсірді. Аманқұлдың архиві өте бай. Оның жұмыс кабинетін табиғаттың таңғажайып бір кормесі деуге болады.

Оның табиғатты осындай жан-тәнімен құлай сүюі де суретшілік талантынан болар. Сонау жігіт кезінде Алматыдағы суретшілер училищесін бітірген ол, Қарағандыдағы облыс суретшілерінің шеберханасында өзінің өнер жолын бастаған еді. Кейін ол өзінің ендігі еңбегін тұган жер тарихын тануға арнады. Содан бері ол тұган жер шежіресінен бір алыстаған емес.

Бір гажабы, Аманқұл дәптеріне тұскен таңбалы тастар мен таңбалы мұсіндер, балбалдар мен кешендер археология ғылымына үлкен жаңалық болып, қосылып отыр. Осы Ақтөгай онірін ерекше ынта қоя зерттеп жүрген, академик Әлкей Марғұланның Аманқұлды өзінің ғылыми хатшысындағы көре-тіні де содан болар. Осы өлкенің сай-саласын, қалтарыс-кой-науына дейін белетін Аманқұл тарихтың өзі тапқан жаңа беттерін дереу Алматыға, академикке хабарлап отырады. Әлекен болса, ұстазға үлкен алғыс айтып, алдағы жұмысына ақыл беріп, ғылым үшін қажетті деректер жинау жөнінде арнайы тапсырма береді.

“Ардакты Аманқұл үй-ішіне, бала-шагаларыңа тегіс сөлем. Жазған хаттарың, жіберген суреттерің біраз анықтауды қажет етеді. Олар мыналар:

Тоқырауыннан деп. бір планшетке 6 мұсін тұсіріпсің.

Токырауынның бойы ұзак қой. Оның қай тұсы, не деген жер? Алты мүсін бәрі бір жерде ме? Бір жерде болса, обаның үстінде ме, жок, тас қоршаулардың күн шығыс етегінде ме? Ондай жерге барғанда, құлап жатқан тас бағаналарды әуелгі қалпына келтіріп, тік тұргызып алып, фотога сосын тұсіру керек. Егер обаның үстінде болса, дөңгелене тұрган болар. Осыны айрып жазып жібер.

Қаршығалы озенінің бойында мүсін тастың тұрган жері қалай аталады?

Қаратал совхозы Қызыларай тауында ма?

Шұбартау сөвхозы Бидайықтағы мүсін тастың қөлемін жазбасың. Қандай? Оның түрі кісіге келе ме? Аңға келе ме? Егер сондай ауыр болмаса, Ақтогайға жеткізіп, почтага салып жіберу туралы райком секретары Жаманқұлмен сойлесерсің. Айыртастағы мүсін тастарды жақсылап кара. Қошқартай мен Айыртас туралы маган хабарлап тұр.

Тағы бір таудың атын Тастар депсін. Дұрысы — Дастан. Актұмсыққа жақын тұрады. Ондағы үнгірде таңба жазуы болуы анық. Жаздығұні мен суретшімді жіберген едім, ол жондеп түсіре алмай келді. Актұмсықтың өзінде де сондай жазу бар. Ол екеуін қағазға тұсіру қажет. Және бұлжытпай көрінген калпында тұсіру керек.

*Көп сөйлеммен Әлкей Марғұлан.  
14 октябрь 1971 жыл. Алматы.*

Бұл коп хаттың біреуі ғана. Осының өзінде Аманқұлдың еңбегіне академик берген үлкен бага бар. Фалым мен табиғатты сүйген суретші- ұстаздың арасындағы бұл достық тұған жер тарихынан басталған еді. Аманқұлдың қылқаламынан тұған Әлекеннің портреті суретшілердің республикалық көрмесінде бас жүлденің біріне ие болды.

Әлем тарихына “Бегазы мәдениеті” деген атпен даңқы жайылған осы Ақтогай өніріндегі кола дәүірінен қалған көне ескерткіштерді тегіс қағаз бетіне тұсіріп, ғылым кәдесіне жаратуда Аманқұл Мұсатайұлы да ғалымдармен бір сапта талпынып келеді. Иә, ол тұған жердің бір жаршысы секілді.

## II БӨЛІМ

### *Зерттеулер, ойлар*

#### БЕГАЗЫ МӘДЕНИЕТІ

(Б.з.д.2-ші мынжылдықтың соны)

Еліміздің көне тарихын зерттеуде тынбастан еңбек етіп, үлкен үлес қоскан, аса көрнекті ғалым, археолог — Әлкей Ханұлы Марғұлан. Оның жан қиярлық еңбегінің аркасында ғана Қазақстан территориясында ежелден бері тарихи-мәдени процесстердің жүргені, қазақ жерінің өзінің көнеден бергі төл мәдениеті болғандығы анықталды. Аталған ғалымның зерттеу аумағы кең болатын. Мысалы: тарихшы, этнограф, шығысташуышы, өнертанушы, филолог. Бірак, Орталық Қазакстанның қола дәуір археологиясына назар аударғаны қуантарлық жағдай еді. Себебі, осы Орталық Қазақстанның Бегазы-Дәндібай мәдениеті ашылған болатын. Оз жерімізде қалыптасып, дамыған бүл мәдениетке Әлекенің талай мақалалары, зерттеулері арналған.

Бегазы-Дәндібай мәдениетін үстанған тайпалар жөнінде айтатын болсак, ең алдымен олар сұзы мол, шүйгін жайылымды, климаттық жағдайы жанға жайлышы, жалпы өмір сүруге қолайлы жерлерді таңдаған. Ал, ондай жердің “жаннәті” болатын жерлер Орталық Қазақстанға тән еді. Сондай керемет жерлердің бірі өзіміздің Ақтогай ауданындағы Бегазы тауының маңайы еді. Сондыктан да бегазылықтардың көрнекті ескерткіштерінің бірі осы жerde орналасқан.

Бегазы қорымы аудан орталығы Ақтогайдан оңтүстік-шығыска карай 40 шакырым жерде, Қаратал өзенінің Токырауын өзеніне құятын жерден 18 шакырым жоғарыда, табиғаты әсем Бегазы тауының етегінде орналасқан.

Бегазы қорымы Орталық Қазақстанның ең көрнекті және негізгі ескерткіштердің бірі екені белгілі. Бегазылық ескеткіштер

алғашында-ақ “плиталық қоршаулар” аталынған екен. Ең үлкен және ерте кезеңге жататын кесенелер Бегазы тауының етегінде, қорымның солтүстік жағында шоғырланған. Бегазы қорымында және қоныстарда көптеп керамикамен қоса, жануарлар сүйектері кездеседі. Қоршаулардың түр жағынан құрылышы және бір-біріне үқастығы байқалады. Мысалы: кесенелер дәлізі шығыска бағытталатын, құрылыштардың бір ерекшелігі алып көлемінде. Кесене қабырғаларындағы тастардың салмақтары 2 тоннадан асады. Тіреуіштер әрбір қоршауда бар екенін әбден көруге болады. Бегазы қорымында тек көне дәүір адамдары рухани тыныштық тауып қана қоймай, сонымен қатар, мұның сөүлет өнерінің көрнекті ескерткіші екені әр бір ғалым-археологта белглі.

Бегазы қорымынан Әлағаң 6 кесенені зерттеген.

Бегазы граниттік жартастарының етегінде, қорымның солтүстік жағында №1 кесене түр. Төртбұрышты кесене ерте кезеңде бірнеше рет тоналған екен. Қабір үстіндегі тас үлкен сұр гранитпен қоршалған. Бір-біріне тақалып, ал төменгі жағының жерге еніп тұрғаны корініп түр. Тіреуіш қызметін атқаратын блокты плиталар гранитті. Дәлізі бар горизантальді қойылған плиталар да корініп тұрғанын байқадым. Кішігірім қоршауларда дәліздер қалың және биік плиталардың ұштары құрылыштың қабырғаларына бағытталғанын да анғару әбден мүмкін. Бұл кесенеде құрбандық шалу орны да бар. Бұл орында қоладан жасалған найза ұшы, төрт сынған құмыра сынақтары табылғанын естігенмін. Дәліз өте нашар сакталған, одан басқа онтүстік қабырғалар мен қоршаудың ішкі жағындағы онтүстік-шығыс және солтүстік бұрыштары нашар қалыпты сақталғаны көрініп-ақ түр. Керамика мен найза ұшынан басқа, менгірлер жанында марал, арқар, таулы қой сүйектері табылғаны жайында да ғалымдардан естуім бар. Менгірлер (археологтардың атауынша) арасында ортеп жерлеу ғүрпynың қалдықтары кездесті. Яғни, ол онтүстік-батыс бұрышында жатқан-ды. Бірак, бұл ескерткіш Қазақстанның архитектура және өнер жағынан таңдамалысы екенінің дәлелін содан-ақ анғардым. Құрылыштың жалпы көлемі үлкен екен. Бұл ескерткіш қола дәүірінің

ішіндегі ен ірісіне жатады. Ескерткіш қасында тұрып, талай ойлар келеді. Заманауи құрал жабдықтары бар болғанымен, осыншама алып тастарды қалай орнатып, тірек ретінде пайдалануды қалай білген? Жай ғана адамдардың қолынан келу мүмкін бе? Қабірі 1 м-дей терендікте жатқанын байқауға болады. Тасты плиталардың дәлме-дәл тұзу орналасқанына тән қалдым. Сыртқы қабыргалардың жан-жағы 30 тасты плиталардан тұрады еken, оның сакталып қалмағандары да бар шығар. Өз кезеңінде де, казіргі уақытта да, бұл тарихи ескерткіш сәулетті өнерге, археологиялық құнды-құнды ескерткіштердің біріне, сәulet өнеріне жататыны анық.

Алғаш рет N2 кесене 1946 жылдары зерттеле басталып, қазу жұмыстың жоспарында тұрған еken. Кейінрек, екі жылдан соң 1948 жылы Л.Р.Кызласов деген мәскеулік археологтың қатысуымен қазба жұмыстары жүргізілген. Бұл монумент N1 кесенеге үқсас, бірақ құрылышында өзгешелік бар еken. Бұл ескерткіш орташа колемді. Ескерткіш өзінің құрылышымен ерекшелінетінін байқадым. Өзіндік мағынасы бар ескреткіштің сыры ашылайын деп тұрғандай. Кесене ішінде орналасқан болмелер мен дәліздерге керамикалық бұйымдар койылған, мұнда қоладан жасалған қару-жараптар, әшекей бұйымдар жаткан-ды.

N3 кесене N2 кесененің батыс жағында орналасқан, байқап қарасам қабыргалар биіктігі 1,5 м-дей, сыртқы плиталар ішке карай бағытталып, төменгі жағы тасты блоктармен тірелген. Қабыргалар қалындығы 2 м-дей еken. Археологтардың айтуынша, бұл ескерткіш те байыргы заманда тоналған еken. Қабірде керамика, жануарлар сүйектері бар делінген. Ушінші кесене маңында N4 кесене орналасқан. Коптеген қыш құмыралар табылған еken, бұл ескерткіш алып қөлемімен қатар, ерекше құрылышымен ерекшеленеді. Кесене және кесене ішінде табылған материалдар көптеп кездескенімен, мұлдем жаман халде еkenі де еске түседі. Сол заманғы адамзат тарихында әлеуметтік тенсіздіктер жайлы ғалымдар осы ғажап сырлы кесенелі-ескерткіштерден көп мәлімет ала алады.

N5 кесене тастаны ұлкен, плиталары биік, кесене құрылышы

төрт бұрышты, бұл кесене басқа кесенеден кішлеу болып келеді екен. Айтарлықтай кіші болғанымен археологиялық тұрғыдан үлken мән беретіні анық деп ойлаймын. Кесене дәлізі айқын көрініп тұр. Қабірде сөре, мұнда оз уақытында ғұрып ретінде тамак қоятынын естігенім бар. Қорымының онтүстік батысында Қаратал өзенінің маңында, жоғарыда аталған бес кесенеден бөлек №6 кесене орналасқан. Естуімше, кішігірім жартасты кесене түріне жатады. Бұл ескерткіштің басқа кесенелерден алысырақ, бөлек тұруы, әрине белгілі-бір себептермен байланысты. Фалымдардың пайымдауынша, бұған сол кездегі таптық не болмаса рулық бөліністің салдары өз септігін тигізген тәрізді.

Бегазы кесенелері қола дәуірінің көрнекті ескерткіштерінің бірі. Бегазылық құрылыстардың ортақ сипаты бар. Бегазы кесенелері өзінің қабыргалық құрылышымен ғана емес, мәдениеті жөне салу техникасымен, табылған қару-қыштарымен ерекше дейді ғалымдар.

Бұл қорымдағы кесенелерге қарап, археологияға, сәулет өнеріне, әр бір ғылымға тиер пайдасы мен мұрасы баршылық болып корінетіндей. Үнсіздік танытып, бір-бірімен үйлесімдік сақтап, өзіндік бір үлken ерекше мән беретіні хак. Адам баласының сол заманғы ағысын ескеріп, талай ой елегінен өткізген ескерткіштер бұлар. Олардың ойымен тіршіліктең әдістәсілдерін көзімізге елестетіп қана қоймай, сонымен катар, сол өткен уақытка кіріп, шыққандай боламыз. Әрине, ой зердесіне салсақ, ақылға сыймастай сырлар мен қайшылықтар да бар. Бірак, болашақ ғалымдарымыз оны ескерер, зерттеу жұмыстарын жүргізер, үлестерін қосар деген ойдамын.

Бегазы сиякты алып мөлшерлі ескерткіштер Орталық Қазақстанның асыл да, бай мұрасы.

Бегазы халқының осындай үлken, зәулім ескерткіштерді тұрғызуына не себеп болды деген сұрап туындаитыны зандылық. Бұған жауап беретін болсақ, сол дәуірдегі қоғамдағы таптық бөлініс десек, екінші жағынан сол кездегі адамдардың дүниетанымымен байланысты. Ә.Марғұланның пайымдауынша, күн-шығыс идеясы, отқа табыну, ата-бабаны құрметтеу – бәрі де осы кесенелердің мағынасына кіреді.

Эрине, мыңғырган малы бар, әлеуметтік жағдайы жақсы адамдар, бір сөзбен айтқанда, байлары өздерінен кейін мәңгі өшпестей етіп аттарын қалдырығысы келетіні айдан анық. Сол себепті де, осындай шара қолданылған. Ал, қабыр ішінен табылған заттарға, жалпы қабыр құрылышына қарап, сол заманда кәсіпкөй шеберлер болғаны анықталады.

Мысалға, қыш ыдыстарды даярлау ісіне келетін болсак, археолог-ғалымдардың зерттеулері кезінде, яғни археологиялық қазба жұмыстары уақытында, мейлі ол қоныстардағы зерттеулер ме, мейлі ол қорымдардағы зерттеулер ме, ең көп табылатын заттардың бірі — керамика болып табылады екен.

Бегазылықтардың басқа мәдениеттерден ерекшеліктері, оларда қыш ыдыстарды қуюда алуан түрлі пішіндер мен өрнектердің сан түрлерінің болғандығында. Осындай әр түрлі өрнектерге бай қыш ыдыстардың қалдықтары Атасу, Шортандыбұлак, Суықбұлак және тағы да басқа қоныстарда кездескен. Жоғары сапалы қыш ыдыстарды дайындау үшін бегазылықтар арнайы құм түрлерін тандауды билген. Кейіннен оны қамыр қылып илеген соң, ыдыс формасын беріп отқа койып құйдірген. Кобінесе, ыдыстар ашық-қызыл, қызыл, қоныр түсті болады. Демек, осындай үлкен процесс кезінде білкті маман болмаса, қарапайым қатардағы адамның қолынан келмейтіні көрініп-ак түр.

Осындай үлкен мәдениетті қалыптастырып, дамытқан бегазылықтар көршилес аймақтарға ықпал етпейді деуіміз үлкен категілік бөлательнін еді. Сол себепті бегазы-дәндібай мәдениетін үстанған тайпалардан қалған ескерткіштер Бегазы қорымынан басқа да аумактарда белгілі. Ондай жерлерге Бұғылы, Айбас-Дарасы, Ортау сиякты жерлерді жатқыза аламыз.

Бұғылы таулары Қазақстандағы ірі өзендердің бірі болып табылатын, коптеген қазак руларының жайлауы болған, Шерубай-Нұра өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Бұғылы тауының аймагын ертеден-ақ адамдар мекен еткен. Оның айғағы ретінде бұл өлкедегі әр кезендік ескерткіштердің көптеп шоғырлануы бола алады. Осы коптеген ескерткіштердің ішінде Әлекен ашқан бегазы-дәндібай мәдениетіне жататын ескерткіштер басым болып келеді.

Бұғылы-3 кесене-ескерткіші 1955—1956 жылдары зерттеліп, қазба жұмыстары жүргізілген. Бұл ескерткіш Бегазы қорымындағы кесенелерге құрылышы жағынан ұқсас болып келеді. Бұғылы ескерткішіндегі дәліздің ұзындығы 3 м. Ескерткіш ерте кезде-ақ тоналғандықтан, қабыр ішіндегі адам сүйегі, құрбандыққа шалынған мал сүйектері шашыраңқы күйде анықталды.

Ортағасырлық қалалар, тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіштерді атап айтқанда, Жоши хан, Алаша хан кесенелері орналасқан Ұлытау өнірі де бегазы-дәндібай ескерткіштерінен құр емес. Айбас-Дарасы кешеніндегі ескерткіштер Ұлытау жеріндегі көрнекті ескерткіштердің катарына жатқызылады.

Бұл кешенде әр кезеңнің ескерткіштері көптеп кездеседі. Атап айтатын болсақ, қола кезіне жататын қорған, VI—IX ғасырлармен кезеңделетін түркі, қыпшақ обалары да бар. Зерттеу жұмыстары кезінде казылған нысандардан жоғары сапалы көптеген қыш ыдыстардың қалдықтары және алтын бүйімдар табылды.

Қола дәүіріндегі тайпалар металлургия саласын да өте жақсы менгергендігі ақырат. Оларға шикізат көзі ретінде Балхаш өніріндегі Саяк, Қонырат жерлері, Жезқазған төнірегіндегі кен орындары атқарған. Кен орындарынан алынған шикізаттар, Атасу қонысында табылған мысқорыту пештеріндегідей жерлерде балқытылып, арнайы құймалар құйылған. Олар осы алынған металлдан оздеріне тұрмыста, шаруашылықта, аңшылықта керекті заттарды даярлаған. Мысалға, жалпақтау келген наиза үштари, онымен қоса садақ жебелері, өшекей заттардан сырға, білезіктерді айтуга болады.

Жоғарыда аталған көптеген үлкен кесенелер салған қоғам мүшелері қай жерді мекен еткен деген сұрап коптен бері мазалаушы еді. Бірақ оның жауабын археолог-ғалымдардың еңбектерінен тауып та алдым. Сонау ерте кездерде, қола дәуріндегі тайпалар өзен жағалауларындағы жартылай жертөле-лерде мекендеген екен.

Сарыарқаның кең байтак, ұлангайыр даласындағы Тоқы-

Ан, Нұра, Сарысу, Атасу, Есіл, Сілеті, Шілдерті, Тұндік, Жарлы озендерінің маңайларында осында жартылай жертолелер көптеп кездеседі.

Зерттеушілердің пайымдауынша сұлу да әсем Сарыарқа жерінде олардың саны көпtek саналады. Әлекенниң айтуы бойынша, қола дәуірінің қоныстарының ең ірі, әрі көрнектілеріне Қарқаралы, Милыбұлак, Сорқұдық, Айнакол, Бестөбе, Жолымбет, Жосалы, Тағыбай-Бұлак, Мырзашокы, Шортанды-Бұлак тағы да басқа қоныстары жатады. Қоныстардың формасына келсек, өлардың құрылыштары дөңгелек-сопакшалау келген. Қебінесе, бір жерде 5—6-дан, я болмаса одан да көп болып шоғырланады. Қолемдері жағынан да әр түрлі.

Кең қолемде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде қоныстардан үй жануарларының сүйектерінен басқа дала андарының сүйек қалдықтары да шықты. Бұл нені мензейді? Біріншіден, үй жануарларының сүйектірі ішінен қой мен жылқы сүйектері басым болып келген екен. Демек, тебіндеп жайылуға ынгайлы қой мен жылқы малдарын ұстау қола, сак дәуірлерінде өте тиімді болған. Екіншіден, дала андарының сүйектері табылды деп айттық. Оның ішінде құлан, арқар, марал, қабан, коян, тұлқи андарының сүйектері кездеседі. Яғни, қола дәуірінде адамдар аңшылықты да жақсы менгергенді аңғарады.

Қоныстардағы қазба жұмыстары кезінде табылған заттар ішінде кетпенді айтпау кемшилігім болатын еді. Бұл орайда кетпеннің табылуы, өз кезегінде адамдардың егіншілікпен айналысқанының дәлелі бола алады. Егіншілікпен айналысканың тағы да бір дәлелі — су тоғандарының қалдықтарының табылуы. Ондай су тоғандары қебінесе Орталық Қазақстанның онтүстік аймақтарында кездеседі. Ең үлкендеріне Керегетас, Милықұдық, Қанаттас, Ақши тоғандары жатады. Қысқасы, өзен қойнауларындағы шүйгінді жайылым бақташылықтың дамуына септігін тигізсе, су бойындағы құнарлы жерлер өлкедегі егіншіліктің негізін қалаған еді.

Бегазы төңірегінен қазылған көне қоныстарды озім көре алмадым. Археология Институтының қазіргі қазбаларында

болмаса, бұрынғы зерттеулерде қоныстар жок. Ал, енді Мәнап Оразбаевтың ыждағаттап қазған Шортандыбұлак қонысын өз козіммен көрдім. Бұл да осы қола дәуірі. Шет ауданында, Қотырқызылтау төнірегі. Өзім әдейі іздеп барып көрген болатынын. Айтылып отырған жеркепелеріміз дәл сонда бар. Мәнап екі үлкен үйді қазды. Біреуі тұрғын үй, екіншісін Мәнап пен Әлағандар қорытпа пеші бар, металтург-шебердің үші деді. Әлаған бұл жайлы кейін де жиі айтып жүрді, кайтакайта оралып. Шортандыбұлак мекені — металтургтар өмір сүрген орын, яғни өндіріс орны, жұмысшы поселкесі есебінде. Қорытқан металдар — малахит, корғасын, мырыш, темір. Алабұға мен Алайғырда тап осы кендер бар, міне, осы жерлерден алту әбден мүмкін.

Жалпы көне қоныс казудың маманы қылыш осы Мәнапты дайындаған ба дедім. Өйткені, Қаркаралыдағы Суық-бұлак қонысын Мәнап қазды. Бұғылыдан да қоныс қазды. Ол дұрыс та гой. Біреу бірдемеге маманданса, ол соны жақсы аткарады емес пе? Оның үстіне Мәнап сияқты еңбеккор, тиянақты, тыш адам болса.

Токсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні — елімізде “археологияның атасы” атанған Әлкей Хақанұлы Марғұлан жайлы, оның зерттеген тақырыбы мен жерлері туралы айтар әңгіме көп. Оны бүтіндей алып, түгелін қамту мүмкін емес еді. Академик Әлаған өзі: “Әр ғалымның өмірдегі басты нәрсесі зерттелмегенді танып білуге, жаңалықтар ашуға үмтүлүү, өткенге сын көзben карауы”, — деген екен.

Ендеше Әлкей Хақанұлы өзінің бүкіл гұмырында зерттелмеген талай мұраларды ыждағаттықпен жете зерттеп, халыққа қажет канша жаңалықтар ашып берді. Заман тудырған ғажайып таланттың өр тұлғасы әрқашанда ғылымның биік шынынан көрінбек.

Өзінен кейін өшпес мұра қалдыраған Әлаған — қазақтың мактанына айналған біртуар тұлға.

## ӘЛЕКЕҢНІҢ МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ СЕМЕЙГЕ КЕЛУІ ТУРАЛЫ МАҒАН АЙТҚАНЫ

Жаз айы болатын. Мұхтар Әуезов Ресейден Семейге келеді дегенді естідік. Ертіс өзенінің бойына Мұқана арнап үй тігіп, ел іші әбігер болып жатты. Сөз билетін кариялар шакырылып, оның ішінде Оразбайдың Медеуі секілді азаматтар және Абайдың кара сөздерін, өлеңдерін жинақтаған Әділ ақсақал да бар.

Сол бір естен кетпес күндері Мұқаның қасына еріп, Ертістің басында серуендереп келе жаттық. Әңгіме алдағы өмір қалай болады, ұлтымыздың, еліміздің, өнеріміздің тағдыры қандай күй кешеді деген алан, қоңылдегі ойлар еді. Сол жолы ол маган, аялы жанары мейірлене қарап:

— Әлкей, сен Петроградка оқуға барсаң қайтеді,— деді. Сейтті де менің жауабымды тоспастан:

— Онда шығыстану университетінің, шығыстану бөлімі бар, онда оқысан үлкен білім алып шығасын.

Осылайша Әлекен Ленинградқа аттанған еken. Мұхтар Әуезовтың ақылымен барған едім деп, тағы бір-екі жерде айтып қалғанын естіген болатынмын.

Әлекен академик ғалым болды. Мұқаның ақылы жерде қалмады. Үлкен адамның үлкен гибратты сөздері көздеғен межеге барды, ой орындалды.

Әлкей Марғұлан көп жерді шарлады, ел көрді, жер көрді. Тынымсыз енбек етті, қаншама кітаптар, зерттеулер, макалалар жарық көрді. Алматыда жерленді. Андрон, Сак, Фұн, Тұркі, Қыпшак, Арғын, Үйсін тайпаларының тұрмыс-тіршілігін зерттеп, жарық дүниеге шығарған атакты зерттеуши, археолог Әлкей Марғұлан артына мол мұра қалдырды. Сол кісінің менде қалған заттарын, киімдерін, сақал алғыш құралдарын, домбырасын, автоқаламын, т.б. мұражайға тапсырдым.

## АМАНҚҰЛ МҰСАТАЙҰЛЫ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

### Академик батасын беріпті

Бұл адамды қала көшелерінен жиі кездестіруші едім, бірде жөн сұрастық.

— Атым Аманқұл, әкемнің аты Мұсатай. Қалалық мұражайда көрме үйымдастырылып деп жүрмін. Көрме ашылғанда келініз,— деді.

Аманқұл, академик Элкей Марғұлан Ақтөгай аймағын аралап, археологиялық қазба жұмыстарымен айналысқан кезде, онын жаңына еріп, серік болыпты. Көнеден жеткен таңбалардың, ескерткіштердің суреттерін салып, археолог-академикке көмекші болыпты.

— Сонау жылдары Жезқазғанда өткен, өлкетану-табиғат қорғау қоғамының облыстық конференциясына Ақтөгай ауданынан екі адам, аудандық атқару комитетінің төрагасы Үйдышсов жөне мен делегат болып қатыстық. Облыста өткен алқалы жиында, Алматыда өтетін өлкетану — табиғат қорғау қоғамының съезіне делегат сайланды. Олардың ішінде мен де бармын. Осы жолы Ұлытауға бармақ болдым. Ол кезде Ұлытау аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жаманқұл Шайдаров еді. Жәкенмен телефон арқылы сөйлестім. Амандықсаулықты сұрасқан соң:

— Ертең сағат 12-де көлік жіберемін,— деді. Уәделі уақытта мәшине де келе қалды. Жүргізуісі де лыпылдаған кішіпейіл жігіт екен. Біз бөгелместен жол жүріп кеттік.

Ұлытауға барған соң Жаманқұл Шайдаровтың үйінде болдым. Ол кісі құшқақ жая қарсы алды. Мен бірден шаруамды айттыйм:

— Элкей Марғұланның тапсырмасы бар еді. Ұлытауда ғажайып қобыздың суреті бар. Соны қағаз бетіне түсірсем және Хан ордасының орнын көрсем, — дедім. Ол кісі Айтқұлға:

— Аужекенді барам деген жеріне апар, 3—4 күн ауданды аралат,— деді.

— Сол жолы тастағы таңбалардың 430-ын санап, қағаз бетіне айнытпай түсіріп алдым. Жол серігім де әнгімеліл, ақжарқын

азамат екен. Ақсақ Темірдің тас корытқан жеріне келдік. Аумагы 200 шаршы метрдей жерді алып жаткан төбе көне дүниенің сырларын ішке бүккендік. Элекен айткан қобыздың суретін көп іздедік. Әйтеуір, таптық-ау. Үлкен жылтыр тасқа қобыздың басымен бірге таутекенің мүйізі, адырайған көзі қашалып салыныпты. Ұзындығы 80—90 сантиметрдей. Тасқа қашалған қобыздың суретін көргенде ерекше тебірендім.

Бұл жұмысты бітіргеннен кейін, Алашахан мазары тұрған Сарыкенгір, Каракенгір өзендерінің бойындағы жазыққа тарттық. Мазар қуидірген кірпіштен салынған. Олардың беттері үш, төрт, сегіз бұрышты болып ойылып келтіріліпті. Құлаған кірпіштің біреуінің бүйірінен 1227 деген таңбаны көзім шалды. “Мазар осы жылы қаланған шығар” деген ойда қалдым.

Белгілі археолог Жолдасбек Құрманқұловтың айтуынша, Элекен “Ұлытаудағы қобыздың суретін, Желтаудағы күн таңбасын Аманқұл Мұсатаев қағазға түсіріп берді” деп риза болып жүреді екен. Желтаудағы күн дегені қойтасқа күнді жеке-дара қашап, оның шашыранды сәулесіне 12 айды туғызған. Оның қыскалығы мен ұзындығы белгіленген. Ол арада 2021 сурет бар. Жатқан өнер галереясы.

Галерея демекші, менде сурет галереясын ашсам деген арман бар. Менде 200-ден астам сурет бар,— деді суретші.

Мен оған табыс тіледім.

*M. Оразымбетов.*

## СУРЕТШІ ЖӘНЕ СУРЕТ СЫРЫ

Мына суретте бейнеленген, басындағы бас киімі де, мойнындағы галстуғі де, үстіндегі киімі де, бойы да, аш-жалаңаштар мен еңбекші бұқара қауымының көсемі атанған Ленинге үқсас адамды Ақтогай ауданы, Балқаш қаласының көптеген адамдары жақсы таниды. Ол кезінде ғұламағалым, тарихшы, археолог, академик, өткен жылығана ЮНЕСКО шенберінде туғанына 100 жыл толуы аталып өткен Әлкей Марғұланның комекшісі болған, Аманқұл Мұсатаев деген суретші ақсақал. Суретте өл өзінің тегі Қаракесек — Бөлатқожаның өзі салған суреті жаңында бейнелеген.

Академик Марғұлан Беріккарада және Ақтогай ауданының басқа да елді мекендерінің жаңында, Ұлытауда, Желтауда, Сарысу, Кенгір өзендерінің бойында археологиялық қазба жұмыстарын және тарихи-ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде, ол ұш дөңгелекті мотоцикліне мініп алып, мотоцикл дөңгелектеріндегі камералары жыртылып, жарамсыз болып қалғанда, олардың орнына өлеңшөптерді тығыздап тығып алып, академиктің сонынан қалмай, оның тапқан көне дәүірдің күесіндей болған заттарының бәрінің суреттерін салып, тарих пен археология ғылымдарын дамытуға өзіндік үлесін қости. Жұырда ол өзін жаңастырып, көне заманның сырын ұғынуға көмектескен ұстазы академик Ә. Марғұланның жаңына еріп жүріп, Орталық Қазақстанда табылған көне дәүір ескерткіштері бейнеленген суреттері және өзінің жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарын кітап қылышып бастырып шығаруға көмектесу жөнінде, КР Ғылым және білім министрлігіне хат жазған екен. Министр Б.Әйтімова оған: “Қозғаган мәселеніздің жөні бар екен, нақты жауабын кейін береміз” деп, үміттендіріп жауап қайтарады. “Балқаш өнірі” газетінің редакциясына келия, жауап жазылған хатты көрсетіп, бізді суреттер көрмесін көруге шақырды. Бардық, көрдік. Салған суреттерінің бәрінде жеке тулғалар бейнеленіпті. Олардың арасынан академик Әлкей Марғұланның, Әл-Фараби, Ер Тарғын батыр, Абылай хан, Қазыбек бидің жорамал суреттерін көруге болады. Ақтогай-

Балқаш өлкесіне аты мәлім болған Шалғынбай күйшінің суретін де өз топшылауы бойынша салыпты.

— Жұырда Алматы қаласына бардым. Қазақ радиосына Шалғынбай күйшінің бұрын ешкім естімеген бес күні жазылған таспаны тапсырдым. Сонымен қатар, Ахметжанның Сармантайның “халық жауы” ретінде ұсталып, айдалып бара жатқанда шығарған “58” деген күні жазылған таспаны табыс еттім. Қазақ радиосының музыкалық редакторы күйдің мәнісі мен мазмұнын терен түсінетін жігіттер екен. Менің апарған күйлерімді тыңдал, ризашылық танытты.

Қабыргада ішілі тұрган домбырасының басын көкке көтере, ерекше бір жағдайда шабыттана шертіп отырған, басына такия киген мұртты адамның суретін көріп:

— Мына суретте кім бейнеленген? — деп сұрадық. Ол “Мәди Бапиұлы Алшынбаев” деді.

— Сіз Мәдиді көріп пе едіңіз?

— Жоқ, ол кісі өмір сүрген заманда мен бұл дүниеде жоқ болатынын. Оның артында Тоқаш Кәдікеев ақсақал сақтап келген Мәдидің жалғыз суреті жарияланғанын айтып едік. Ол:

— Мен, оның қырынан отырған кезін бейнеледім. Мұрнының құсмұрындығын айнытпай келтіріппін. Ал сақалына келетін болсақ, газеттегі суретінде ол шоқша сақалымен бейнеленіпті, ал мен оны сақалсыз, күзелген мұртymен бейнелеген едім. Газетте Тоқаш ақсақалдың айтуынша, Мәдидің түрі ақ сүр емес, қараторы. Қашып-пысып жүргенде жүдеуліктен ақ сүр болып көрінуі мүмкін. Мына суретте көзі қысынқы, ал негізінде Тоқаңның сөзін дәл сол күйінде берсек “Көзі отты, қасқырдың көзіндей қып-қызыл еді”. Суретке қарап отырып, Тоқаш ақсақалдың: “Ойбай-ая, көзін неғып жіберген” деп, өкініш білдіргені бар деп жазылыпты. Жалпы Мәдидің түр-түсі, келбеті туралы әркім әр түрлі пікір айтты ғой. Мысалы, академик Ахмет Жұбанов “Замана бұлбұлдары” атты кітабында “Асқан сұлу жігіт, ақ сүр беті аздап тотыққан, бойы сұнғак, дене құрылышы көркем” деп жазса, Бектасов пен Адамбеков “Мәди” атты өмірбаяндық очеркте “кең иыкты, келбетті, атжақты, қыр мұрынды, жазық

мандалы, бет пішіні шам-шырақтай шаралы, жалынды көздері жанып тұратын” деп суреттейді. Ал мен болсам, елдің айтқанынан естігенім болмаса, оның бет жүзін көрген адам емеспін. Ол менің көзіме қалай елестесе, солай салдым. “Орталық Қазақстанда” басылған жалғыз суреті ғой. Оның өзінде 1915 жылы Атбасардың абақтысынан кашып шығып, жасырын жүрген кезінде Токаш Кәдікеевтың туысы Қамал деген кісі, бір суретші-фотографты үйіне ертіп әкеліп түсіріпті. Бұл кезде Мәди 35 жаста екен. Басынданы тымакты Алшын-Жаппас елінің өзімен бірге абақтыда жатқан азаматы жолдас ретінде беріпті. “Атыннан айналайын, Қаркаралы, сенен бұлт, менен қайғы тарамады” деп, күгін-сүргін көріп жүріп, патша заманында тас түрменің іргесін етіктің нәлімен қазып, кашып шыққан, әрі акын, әрі сазгер, әрі әнші Мәди кеңестік заманда да тыныштық таба алмай, артынан жасырынып келген жауыздың аткан оғынан мерт болып, опасыз дүниеден өтті ғой. “Үқсаса да, үқсамаса да менің салған суретім ол туралы ескерткіштердің бірі болып қалары даусыз”, — деп суретші өзі салған суретке барлай қарап, үнсіз, үзак отырды.

*M. Оразымбетов.*

## ҒАЖАЙЫПТАР ГАЛЕРЕЯСЫ

### *Аманқұл Мұсатайұлының үйін осылай десек те болады*

Аман ағаның арсы-күрсі мінезіне, қимылына қарап, ол кісінің ішкі жан дүниесін, бүкіл азаматтық болмысын шолак ойлап, келіте қайыра салсақ, онда біздің жалпы адамтанудан ауылымыздың алыстап кеткені болар еді. Рас, ана сүтімен дарып, сүйегіне сінген дыз етпе мінезі бар. Бірак, кекшіл емес. Кемшилігің бар ма, бет моншагына қарамайды, ағылып келген созін тогеді де салады. Азаматтығынды алыстан танып, айғайлап тұрып айтады. Қиялға еріп, қиянға шығып кететіні тағы да бар. Бегазы-Дәндібайдың қойнауында сан ғасырлар бойы томага-түйік жатқан тарих сырын ашамын деп, жылдар бойы тер төккен ғұлама ғалым Әлекенің (Әлкей Марғұланың) жансерігі болып, исі Алаш зиялышының қолына су құйып, шашбауын көтеруді Аман ағаннан басқамыздың пешенемізге жазбапты. Бақыт па?! Сөзсіз, өрине!

Аманағанды сегіз қырынан көрсетіп сойлеуге болар. Бірак оған бола асықлайық, ол алдағы құндердің еншісіндегі шаруа. Ал, бұғынгі тілге тиек етеріміз ағамыздың қыл қаламның исі — суретшілігі жайында бір-ак штрих.

— Эй, жігіттер!— деді Аман ағаң баяғы ақкөнілділігіне басып,— Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейлі мерекесіне арнап, тұтас бір портреттер галереясын салып бітірдім. Қолтыққа қыса салатын дүние емес, үйге жүріп, көріп қайтсандар? - деп алдымызға бір өтінішін көлденен тартқан еді.

— Ләpbай, тақсыр,— деп жанымызға фототүшімізді ертіп, салып ұрып Аманағаның үйіне келдік. О, ғажап! Мұндайды кім көріпті? Басқаларды қайдам, мен өзім бейне бір тұнғиықтан сыр тартып, тұнып тұрган ғажайыптар галереясының ішінде жүргендей болым. Аядай болмеде көз токтатар қуыс жок, жағалай пейзаж, катар-катар тіzlіген портреттер. Исі мұрнымызға бармайтын қылқаламның қасиеттілігін, суретшінің биік талғампаздығын танытып-ақ тұр.

— Аманаға! Абай қайда, Абай?!— деп, айқай салыппын ғой мен де, мына портреттер арасынан ұлы ақынның суретін көре алмаганнан кейін.

— Э-ә-ә! Сен бала оған асықпа! Ол кісінің барлық қырын танытып, бүкіл болмысын жазып шығу үшін, маган әлі де біраз тер төгу керек. Саспандар, жігіттер! Сәтін салса ұлы адамның ұлылығын танытатын бір туынды келеді өмірге,— деп Аман ағаң алдағы шығармашылық жоспарының шетін шыгарып койды. Асаятқа мінгендей болған конліміз содан кейін барып саябыр тапты гой.

Жалпы, суретшілер де, жазушылар сияқты ойға алған шығармасына тақырып таңдал, оқып, біліп, зерттеп барып жазады. “Жазады” — деп отырғанымыз, суретшілер әбден пісіп, жетіліп өмірге келген дүниелерін “салдым” демейді “жаздым” дейді. Оның да өзіндік сыры бар. Айтальық, жазушылар дала бейнесін қалай суреттесе, суретшілер оны сан құбылған бояулар арқылы сойледеді. Міне, олардың таңдайынды тақ еткізер кереметтілігі де осында.

Аманағаң кәсіпқой (профессионал) суретшілер қатарына жата ма, жатпай ма, ол — мен беретін баға емес. Мениң билетінім — бұл ағамыз тұған жерін, өскен елін, сол жердің жақсы мен жайсандарын, арыстары мен зиялыштарын қыл қалам арқылы жаңартып, жасартып, үрпактарға мұра етіп, қалдырып жүрген тұлғалы суретші. Оған, Абай атамыздың 150 жылдығына орай әр тақырып бойынша салған мына портреттері күә.

Y.Жармаганбетов.

### Үйірме ашылады

М.Хамзин атындағы мысшылар мәдениет сарайында белгілі суретші, археолог Аманқұл Мұсатайұлының корме залында суретке қабілеті бар, дарынды балалар үшін үйірме ашылып отыр. Бұл үйірменеге №2,18 орта мектептерден және мектеп-гимназиядан окушылар келіп, тегін дәріс алуда.

— Бұл үйірмені ашудағы мақсатының не? — деген сұрағымызға Аманқұл Мұсатайұлы:

— Біздің уақытымызда бейнелеу онер суретшілері аз болды. Мен 1949 жылы бейнелеу, онер училищесіне оқуға бардым. Онда 2-ақ қазақ баласы оқыдық. Мениң үйірмені ашудағы

мақсатым — қазақ балаларын бейнелеу өнеріне, графикаға үйрету, сонымен бірге қазақ тарихында өшпес із қалдырыған тарихи тұлғалардың бейнесін сомдап, қылқаламмен үштастырса деген ниет,— деді.

Жас үрпакты бейнелеу, сурет өнеріне баулуды діттеген суретшінің Ақтоғай ауданындағы мұражайға өзі жинаған 1000-нан астам экспонаттарды сыйға тартқан. Сонымен қатар, онда көне жиһаздар мен алматылық суретші Сақи Романовтың полотносы да қойылған.

Ал қаламыздың жаңадан ашылған үйірменің өз жұмысын бастағанына небәрі 3 ай болғанымен, Аманқұл Мұсатайұлы алдағы уақытта үйірмедегі шәкірттерінің тырнақалды шығармаларынан көрме өткізбек. Бұл жоспарды жүзеге асыруға “Балқаш түсті металл” өндірістік бірлестігінің бас директоры М.К.Әліпбергенов мырза қамқорлық етпекші. Қазақта “шәкіртсіз үстаз — тұл” деген нақыл сөз бар. Карт үстаз да осы қағиданы ұстанып, иғлікті істерге үйытқы болып жүр. Балғын өнердің бағбаны болып жүрген ағайға, енбегініздің жемісін көрініз дегіміз келеді.

*Әсем Ақансеріқзы.*

### “Әл-Фараби портретін біздің академияға жібер”

Мұғалім, үстаз, оқытушы. Тіліміздегі, баяғы заманнан бері осынау бір атауларды халық аса құрметпен айтып келгені белгілі. Қазірде де бұл сөздер халықтың үлкен сүйіспеншілікпен, құрметпен айтатын атаулуры. Дәл осы күндері бүкіл дүние жүзіндегі прогрессшіл адамзат аузында бір ғана сөз — әл-Фараби жиі аталуда. Отырардан шыққан қыпшақтың данышпан перзентінің 1100 жылдық мерекесін адамзат жаппай атап өтуде.

8—9-шы сентябрьде, Москвада Одақтар үйінің Коллонналы залында данышпан ғұламаның мерекесіне арналған халықаралық конференция болып өтті. Оған туыскан барлық совет республикаларынан, Араб Шығысынан, басқа да елдерден көптеген қонақтар келді. Конференцияны СССР Фылым Академиясының вице-президенті, академик П.Н. Федосеев

ашып сөз сөйледі. Онда “Әл-Фараби және әлем цивилизациясы” деген тақырыпта академик Б.Фауров баяндама жасады. Мұндағалымдар, Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері, Араб Шығысынан келген қонақтар сөз сөйледі.

Мұғалім, үстаз, оқытушы. Бұған қоса ұлы бабамыздың асқан ақын, білгір медик, керемет музықант, данышпан философ болғанын бүгінгі үрпак енді ғана оқып біліп отыр. Отанымыздың астанасы Москвадан бастап, екінші үстаздың даңкты мерекесіне Алматы, Баку, Ташкент, Душанбе ғалымдары да қызу әзірлік жасады. Куанышты жай сол қайта туған қазак халқы Әбу Насыр әл-Фарабидің бү заманға жеткен шығармаларын өз тілінде оқуға мүмкіндік алғып отыр. Сонымен катар, Алматыда оның шығармалары алғаш рет орыс тілінде 5 том кітап болып шықты.

11—13 сентябрьде әл-Фарабидің мерекесі Алматыда тойланады. Халықаралық ғылыми конференция ретінде өтетін осы тойға да араб елдерінен, социалистік елдерден, барлығы 300 ғалым катысада. Оған академик Федосеев бастаган Москва ғалымдары, көптеген одактас республикалардан ғылым мен мәдениет қайраткерлері катысада.

Ұлы ғұламаның тарихи тойына Алматы үлкен әзірлік жасады. Әл-Фарабидің бейнесі басылған почта маркалары, конверттер, значектар, шетел қонақтары үшін медальдар шығарылған. Оның құрметіне Ирак-Совет сыйлығы белгіленді. Шымкенттегі пединститут әл-Фарабидің атымен аталды. Алматыдағы бір көше мен бір паркке ғұламаның аты берілетіндігі жарияланды.

Бұл күндері біздің ауданымызда да әл-Фарабидің ғылыми мұрасына арналған әңгімелер өтуде. Мектептерде тарих, әдебиет пәндерінің мұғалімдері, пионер вожатыйлары шәкірттерге ұлы бабасының қалдырылған мұралары жайында, оның 80 жасқа келген ұзақ өмірінің тамаша қызық хикаялары жайында ұзын сүре әңгіме-дүкендер құруда.

Мұғалім, үстаз, оқытушы. Бұған қоса, бұл күнде жігіт ағасы болған Аманқұлдың тағы бір жұрт тамсантқан қызметін көріп жүрміз. Иә, ол- суретші. Атамекен, туған жердің топырағын

қадір тұтқан тамаша олкетанушы. Соңғы жылдары академик Ә.Марғұланның тапсырмасымен ауданымыздың неше алуан тау-тастарды шарлап кезіп, тарих пен ғылым үшін тым бағалы таңбалы тастар, балбалдар (тас мұсін) тауып, Ғылым академиясына жіберді. Оның Айыртаста тапқан жаңалығы жүрттүң бәрін таңдандырыды. Көп жүрт біле бермейтін сондағы бір даладан ат па, түйе ме, адам ба, неше түрлі хайуанаттардың мұсіндерін тауып, ол жөнінде Академияға құнды деректер жіберді.

Соңғы жылдары, Аманқұл Мұсатаев академик Ә.Марғұланның жетекшілігімен және кеңесі бойынша, халқымыздың даңқты перзенттерінің бейнесін шүберекке түсірумен шүғылданып жүр. Отken жылы Марғұланның 70 жылдығына байланысты Алматыда отken тойға катысып, шығыстану ғылымының тамаша білгірі, академик Әлкей Марғұланның портретін сыйға тартты. Суретшілік палитрасы Алматы жүртшылығын таңдандырған Аман ағамның әлгі тамаша портреті Алматыда байыз таппай, Москваға кормеге алдырылды. Көп өнерпаздың суреттері қойылған осы кормеде жақсы баға алған әлгі портрет, мұнан әрі, ең таңдаулы деген басқа суреттермен қатар, шет елге де сапар шекті. Бұғін оқушы осы мақаладан ұлы ғұламаның Аман ағаң салған бейнесін де көріп отыр. 1100 жыл толған бабамыздың бейнесін жасап, суретші, тіпті қыл қаламға жүйрік деген, астана суретшілерінен де озып кетіп отыр. Осы суретті өз көзімен көрген академик Ә.Марғұлан Алматыға барғаннан кейін: “Аманқұл, сен өзің салған әл-Фарабидің суретін біздің академияға жіберетін бол. Өйткені, сениң суретіңдей салынған бабамыздың бейнесін мен мұндағы суретшілердің еңбегінен коре алмай отырмын”,— деп жазған еді.

Мешіт пе, расытхана ма?— әлде кім білсін, әйтеуір ортағасырдағы тамаша сөүлетшілердің салған ғимарат фоны төнірегінде, басында сәлде, үстіне жеңіл жібек шапан жамылған екінші үстаздың бейнесін Аман ағаң ашық бояумен тамаша тап басып шығара білген.

— Аман аға, мына суретіңіздің колемінің шағындығы болмаса, қандай көрмеге болсын үялмай ұсынар дүние екен,—

дедік біз, бір жаздың жайлы кешінде суретті коріп отырып. Суретші ғұламаның бейнесінің шағын салынғандығына өзі де өкінгендей кейіп танытты: “Үлкейтемін. Уақыт тапсам қалайда екінші үстаздың суретін мұнан да жақсы салып, Академияға тарту етемін”, — деген еді сонда Аманқұл.

Таңертең ерте, өзінің Шатырша баурайындағы үйінен шығып, оқушы шәкірттерімен араласа, мектепке жүгіре басып бара жаткан Аманқұлды коресіз. Қырықтан әрі құласа да, бұл жігіттің жүрісі тым ширак. Мектептегі үстаздық оны баяулыққа бастамай, қимыл-әрекетте жас адамга тән ширактықты сактап қалған.

Оның алдына қойып жүрген мақсат-мұраты үлкен. Аман-агаңың шеберханасында Шығыс шолпаны атанған Шоқан-ның үлкен суреті ілулі түр. Майлы бояумен салынған. Әлде Алатау, әлде Қөкшетау — құзар басын қалың қар шалған биқ таулар. Оны иықтаған, қорғасындау ауыр қоныр бұлттар ғалымның бейнесіне жаразтық беріп, оні-ренін шеше түскендей. Мұны көріп, ғалымның Қашқар, Орта Азия, тағы басқа жерлерге жасаган ғылыми экспедицияларын ойға оңай оралта аласың.

Аман аған биыл жазда бір тамаша жаңалық естігенін бізге балаша қуанып хабарлаганы бар-ды. Ауданымыздың онтүстік жағында жаткан Таятқаншұнақ тауынан әлдекімдер таңбалы тас коргенін, ал, ол таңба тасқа Шоқан қолымен түсірілгендігін естіген. Несі бар, заманында Шоқан қазақ сахаrasын онтүстіктен солтүстікке сан басып өтіп, саяхат жасаганы белгілі. Сондай бір сапарында, аяулы ағамыз өзінің Таятқаншұнақта болғаны жайлы дерек қалдырығысы келген болар. “Мен сол тасқа баруға құмармын. Таңбаны суретке түсіріп, Академияға жіберсем деген ойым бар”, — дейді, Аман аған осы жайды әңгімелей қалсақ.

Қазақ суретшілерінің алтын үясы — Алматыдағы Н.В.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін бітірген аяулы азамат, қадірлі жолдас, Аманқұл Мұсатаевтың ел игілігіне қосар үлесі әлі де коп-көп болар-ау деген ой, бізді оны корген сайын билеп ала беретіні бар.

С. Ұбыраев.

## Ауыл суретшісі

Аудандық мәдениет үйін, балалар кітапханасын, мектептерді аралаганда Абай мен Ұбырайдың, Шоқан мен Макаренконың, аудан мал шаруашылығы шамшырақтарының майлышы бояулармен салынған тамаша суреттері көзге тұсті. Аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық Советі атқару комитеті кеңселерінің алдында тұрған құрмет тақтасы, еңбек озаттары галереясы да алыстан көз тартады. Осылардың бәрі де, өз ісіне бар жан-тәнімен берілген үлкен шебердің қолынан шыққаны айтпай-ақ көрініп тұр. Шалғайдағы ауылдағы бұл суретші кім екен?— деген сұрап ойға келеді. Біз де осы ой жетегімен ауыл суретшісін іздестіре бастадық.

Есімі өз аймағына белгілі болған суретші Аманқұл Мұсатай-ұлымен кездесудің де сәті тұсті. Ол осы аудан өрталығындағы №1 М. Горький атындағы орта мектептің, сурет пәнінің мұғалімі екен. Дәл, бірінші қыркүйек күні мектеп ауласында кездескен қою қара мұртты, дембелше келген жарқын, жайсан жігіт ағасы — осы Аманқұл болып шықты. Ол мектептің жаңа оку жылы қарсанында көркемделуіне көз салып тұр. “Қош келдініздер, жалынды жас бөбектер!” деген жазудан бастап, орбір класс бөлмелеріндегі, кең коридор мен залдарға орналасқан суреттердің бәрі осы қылқалам шеберінің қолынан шыққан туындылар. Екінші қабаттағы бір зал В.И. Лениннің омірі мен қызметіне арналған. Мұнда суретші оның гимназияда оқыған кезінен бастап, Щучинске, шетелдерде болуы, “Искраны” үйымдастыруы және басқа да ірі тарихи оқиғаларға байланысты суреттерді қаз-қатар қойған.

Алматы сурет училищесінде оқып, республикамыздың белгілі суретшілері Ә.Қастеев, К.Телжанов, А.Қалымбаеварлардан тәлім-тәрбие алған Аманқұл Мұсатайұлы, 1958 жылдан бері бір кезде өзі тәрбиеленген М.Горький атындағы мектепте сурет пәнінен сабак беріп келеді. Ол шағын мектепте беретін сабағының аздығына қарап, ауытқып, толқыған жок. Өз өнерін басқаларға үйретуге, олардың бойында әсемдікті сезіп, табиғат

сырларын үға білді, үйретуге барлық күш-жігерін салып келеді. Ауыл суретшісі жастарға эстетикалық тәрбие берудің нағыз шебері. Әдебиет пен тарихтан, исскуство мен бейнелеу өнері тарихынан мол хабары бар үстаз, жергілікті “Білім” қоғамының белсенді мүшесі. Ол әрдайым совхоздарды, өндагы мектептерді аралап, алдыңғы қатардагы совет исскуствосының бүгінгі жетістіктері мен келешегі туралы лекциялар оқып тұрады. Ауыл суретшісінің көптеген туындылары облыстық, республикалық көрмелерге қойылып, бәйгелерге ие болған.

Біз ақжарқын үстаз, тамаша өнер иесінің жұмыс орнын көргө уақыттық. Өйткені, Аманқұл Мұсатайұлының үйі “музей іспеттес” деп естіген едік.

Ауыл суретшісінің келем деушілерге әрдайым есігі ашық екен. Төрт бөлмелі пәтер үйдің кең екі залы үстаз салған суреттерге толы. Орталық Қазақстанның небір табиғаты әсем жерлерінің суреттері мұнда көп-ақ. Қарқаралы мен Шұбартай, Бегазы мен Ақшатау, Бектауата мен Сарытерек аймактары майлы бояумен үлкен полотноларда шынайы бейнелерін тапқан.

Сурет әуескөйлары бұл үйдегі музейден әл-Фараби мен Абайдың, Шөқан мен Ұбырайдың, Корқыт баба мен Асан-кайғыны, революционер жазушы Сәкен мен академик жазушы Сәбиттің портреттерін көріп тамашалайды.

Жерлестері алдында сый-күрметке бөленіп, шәкірттерге әсемдік нұрын құя білген өсі ауыл өнерпазының өр ісіне риза болып, сүйсінесін, шын жүректен алғысынды айтасын.

### **Сыр шерткен суреттер**

Атакты академик Әлкей Марғұланның қасында бірге жүрген серік, суретші Аманқұл Мұсатаев туралы газетімізде жазғанбыз (“Мысты өнір”, N7, 13 ақпан, 2004 жыл). Жуырда оның суретінің галереясы ашылғаны туралы хабарды естіп, Мағауия Хамзин атындағы Металлургтер мәдениет сарайына бардым. Ол келген адамдарды қарсы алып, салған суреттерінің мазмұнымен таныстырып, қойған сұрақтарына жауап береді

екен. Суреттеріне сонау XYIII ғасырда омір сүрген Абылай хан мен оның замандастарынан бастап, қазіргі кездегі Балқаш-Ақтогай өнірлеріндегі белгілі адамдардың бейнелерін арқау етіпті.

Суреттерінің біріндегі Жидебай батырдың бейнесі назар аудартты. Осында оншақты жыл бұрын Балқаштықтар мен Шет, Ақтогай аудандарының тұрғындары жиналып, Жидебай батырга кесене тұрғызып, құлпытас орнатып, оның туғанына 280 жыл толуын атап өткен еді. Тарихта оның қалмақтардың қолынан қаза болған Дос батырдың жалғыз ұлы Қожаназардың баласы еken, Абылай хан үш жұзге хан болғанда оның қолбасшыларының бірі болғаны белгілі. Ол жұз бес жасқа жетіп, дүниеден озған. Әлтеке-сарым Жидебай тамы Қарқаралының сыртында Қызылтау деген тауды басып ағатұғын Нұра өзенінің бойында, Мәшүріп құннің мolasының қасында. “Бала кезінде Жидебай батыр қазактың бас батыры Қарәкере Қабанбайдан бата алған” деген аңыз бар. Суретшіге:

— Сіз Жидебайдың қандай адам болғанын көргеніңіз жок, тұр-тұсін білмейсіз, келбеті дәл осындай болғанын қайдан білдіңіз? — деген сұрап қойдым. Ол маған:

— Дәл осы бейнесімен тұсіме енді, үйқыдан оянысымен суретін салдым, егер ұқсамаса аруақ кешіре жатар. Біз, шығармашылықпен айналысадындар, кейде қиялымыз қиянға жетелеп, ата-бабаларымыз көз алдымызда елес береді. Сондай елестердің әсерімен, мына Мәдидің суретін салдым — деп, такия киген талдырмаш денелі, жүзінен қайсаrlықтың лебі ескен, қалың ой құшағына берілген адамның бейнесін көрсетті. Кешегі Құнанбай қажының құдасы, ұлы Абайдың қайын атасы, заманында шешен атанған, дәuletі тасып, атағы асқан Алшынбай бидің немере туысы Қақабайдың кектесуінен зәбір шегіп, абақтыға қамалып:

“Баурынан Үшқараның аса алмадым,  
Жайқалтып жапырағын баса алмадым.  
Есіме, қайран елім, сен түскенде,  
Көл қылып көздің жасын баса алмадым”, —

деп зарлаған ақын-әншінің даусы өлі де құлағымда жаңғырып түрғандай,— деді суретші толқып.

Жекпе-жекке шығып, айқасып, бірі жамбастап жерге жығылып, қолын котеріп, алақанын жайып, өзіне төне түскен, қолына қанжар ұстаган қарсыласынан жанына сауға сұраған, екі батырдың суретін көрсетіп:

— Бұлар кімдер? — дедім. Ол:

— Жанына сауға сұраушы қалмақтың батыры. Ал оған күші мен сұсын көрсетіп түрған Жәнібек батыр,— деді. Мен оған қазакта көп Жәнібектің болғанын, солардың арасынан бізге тек үшеуі ғана тарихтан белгілі екенін, олар Қазақ хандығын құрған хан Жәнібек, Жонғар шапқыншылығы кезінде қол бастап, ел қорғаған, арғын бабамыздың Айнакөз деғен тоқалынан туған Шақшақұлы Кошкардың баласы Әз Жәнібек пен қара палтuan атанған, Абылай ханның он жағында отырып, билік айтқан Бердөuletұлы Жәнібек екенін айттым. Соңғысы екіншісіне туыс. Оны да арғынның баласы дейді. Ол 18 жасында Абылай ханның қолына еріп, жонғарлармен болған шайқасқа қатысады. Сол кезде Абылай хан көп қалмақтың ортасына жалғыз өзі түсіп қалады. Сол үшін хан одан :“Менен не қалайсыз?”,— деп сұрайды. Сонда жас батыр одан тайсалмай:

— Мені оң жағыныңға отырғызып, кеңесші қылышыз,— дейді. Хан уәде беріп, кейін оны орындамайды. Сонда Жәнібек ордасына рұқсатсыз кіріп барып:

“Ердің екі сойлегені — өлгені,

Ханның екі сойлегені — қаран қалғаны”,— деғен екен. Сол кезде хан оны төрге шақырып, оң жағынан орын берген екен. Мен осы тарихи жайларды есіме түсіре келіп: “Сонда мына суреттегі қай Жәнібек?” деп сұрадым.

— Жәнібек есімді батырлар туралы айтылып жүрген аныздар көп қой. Солардың бірі қалмақпен жекпе-жекке шыққанда, қарсыласы жеңіліп, дәл осылай жанына сауға сұрапты. Соңдықтан, суреттегі Жәнібекті жауы жекпе-жекте жанына сауға сұраған қас батыр деп білгенін дұрыс,— деп жауап берді.

Қабырғада ілулі түрған суреттердің бірінде, ен далада жайылып жүрген ақбекен бейнеленіпті. Ал қыран құс

ақбөкеннің мойнына оралып буындырған жыланды тырнектарымен бүріп, шүйлтуде. Суретші:

— Мен мұны ғалымның өзі көрген оқиғаны баяндап, “Социалистік Қазақстан” газетінде жазған мақаласы бойынша салдым. Қыран бүркіт маған жемтікке таласушы емес, даланың тағысы, бейқұнә ақбөкенге араша тұсуші болып көрінеді. Осы ішкі сезімімді қыл қаламның көмегімен бейнелеуге тырыстым,— деді.

Академик Әлкей Марғұланның суретін де салған еken Аманқұл. Өзім талай рет оқыған, дәрістерін тыңдаған академиктің мінез-құлқы, ішкі жан дүниесі бет жүзінен апайқын білінп түр еken. Мен суретшіге: “Өте сөтті салынған сурет еken”, - дедім.

— Быыл Әлкей Марғұланның туғанына 100 жыл толады. Осыған орай Астанадан, үйымдастыру комитетінен арнайы хат алдым. Үкіметіміз мәдени мұраны жинастырып, қорғауға, халқымыздың тарихын шынайы түрғыдан жазуға камқорлық жасап, арнайы бағдарлама өзірлеген көрінеді. Менің салған мына суреттерім де бір қажетке жарап қалар. Салған суреттерімді көпшілік назарына ұсынуға жағдай жасаған “Балқаштустіметалл” өндірістік бірлестігінің директоры М.Әліпбергеновке және оның көмекшілерінің бірі Е.Әлімжановқа шексіз алғысымды білдіремін,— дейді суретші Аманқұл Мұсатаев.

*M. Оразымбетов.*

### **Фалымға құрмет**

Қарашаның алғашқы күндерінің бірі. Алматыда алтын құздің шуағы көнілді жадыратып тұрды. Әсіресе, 1 караша, сенбі күні ерекше еді. Онында себебі бар сиякты. Қазақ ССР Ғылым академиясы үйінің алды тұс қайта халыққа толы болатын. Олар көп кешікпей екінші этаждағы, академияның үлкен конференц-залына жинала бастады. Алдымен залға кірер жерден, зәулім вестибюльде үйымдақсан көрме-стенді, онда айнала қоршаған адамдарды көресіз. “Әлкей Хақанұлы Марғұлан” деген жазу мен сурет еріксіз көзінізге тұседі.

Бұл күні республика ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, филология ғылымының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, профессор Әлкей Хаканулы Марғұланның туғанына 70, ғылыми және педагогикалық қызметіне 50 жыл толуына арналған салтанатты мәжіліс алдында, Әлекеннің өмірі мен жазған ғылыми еңбектерін, көрме-стенділерден жұрт қызыға карауда. Біз, бұл стендінің Әлекеннің Ленинградта оқып жүрген студенттік кезіндегі еңбектерінен бастап, соңғы, мүшелі мерекесіне дейін жазған, шағын кітапшаларымен, том-том монографиялышқұ тұындыларымен таныстық. Оның ішінде “Шоқан және Манас”, “Орталық Қазақстанның көне мәдениеті”, “Ежелгі мәдениет күәлары”, “Қазақстанның археологиялық картасы”, “Қазақ ССР тарихы”, 1 том, “Қазақстанның ерте заманғы мәдениет іздері”, “Қазақ әдебиет тарихы”, “Ш. Уәлиханов” еңбектерінің бес томдығы. Қазақ ССР Ғылым академиясының әр жылдардағы хабарламасымен, Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының Ә.Марғұлан редакциясы басқарған, әр саладағы жинақтар қоса қойылған. Үш жүзден аса ғылыми еңбектің иесінің еңбектерін бұл стендіден бір таңда түгел көріп, тауысу да оңай емес еді. Тек көзben көріп, оймен шолудың өзі қашама ұмытылmas әсер қалдырады десейші!

Салтанатты мәжілісті үйымдастыруышы Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы, Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі мен Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты болатын.

Мәжілісті кіріспе сөзбен Қазақ ССР Ғылым академиясының вице — президенті академик А.Н.Нұсіпбеков жолдас ашты. “Ә.Х.Марғұланның ғылыми және педагогикалық қызметі” туралы археолог ғалым К.А.Ақышев кең көлемді, мазмұнды баяндама жасады. Баяндама соынан құттықтаулар айтылып, адрестер оқылды. Сый-сияпат көрсетілді. Ғалымның мүшелді тойына арналған салтанатты мәжілістің мәні де, сәні де құттықтаулар мен жылы лебіз, ізгі тілек білдіргендер тасқыны, толассыз айтылып жатты. Издің инициаторынан сөйлегендердің көбісі ғалымдар, жазушы, журналистер, Әлекеннің шәкірттері, ауыл

ардагерлері, өзі зерттеп жүрген Орталық Қазақстанның, Сарыарқа санлактары мен студенттер, суретшілер, әншілер, күйші, бишилдер және жерлестері, өзімен бірғе оқыған құрбы-құрдас, достары, замандастары болатын. Әлекенің салтанатты мүшелді тойы болатын күнгі республикалық “Казахстанская правда” мен “Қазақ әдебиетінде” арнаулы мақала, өлең жарияланғанын көрдік. Соның бірі республикамыздың белгілі ақыны Қалижан Бекхожиннің академик Әлкей Марғұланның 70 жасқа толуына арналған “Ғұлама” деген өлеңі. Фалым туралы сөйлеп келіп, жыр:

Бұл күнде ойы биік ел ағасы.  
Халқымның мұрагері ғұламасы.  
Жая бер тамырынды тереңдерге,  
Ғылымның бәйтерегі, ғұл ағашы, —

деп аяқталады.

Әлекене арналып, осы салтанатты кеште ақын Faғу Қайырбеков оқыған бір өлеңің шумақтары есімде қалыпты:

Осыншама ескіден, арғыдан,  
Жаңаға жақын жоқ әм бұдан.  
Сөз айтса, жүртты естен тандырған,  
Кенес-сұхбаттың бағын жандырған.  
Шежіре-шешен Марғұлан.  
Даусын тарих шаны қарыған.  
Сонау Әлкей шарлаган шағынан.  
Жылдардың жүйткіп жалынан,  
Жетпіске киіктей қарғыған,  
Марқасқа манғыз Марғұлан.  
Мандайдың көлеңке жүрмес маңынан.  
Оқымысты екенін елі айтпай таныған.  
Қазактан, қалың қауымнан,  
Құттықтау сәлем қабыл ал!

Академик Әлкей Марғұлан бұған зор алғысын айттып, ақынның бетінен сүйді, қатты-қатты қолын қысты.

Әлекенің бұл тойына Жезқазған облысынан өзінің тікелей

шакыруымен торт адам қатыстық. Жезқазган қаласынан екі адам болатынбыз. Бірі мен болдым да, екіншіміз — Қаныштың шәкірті республикаға еңбегі сіңген геолог, Социалистік Еңбек Ері Василий Иванович Штифанов еді. Қызмет жағдайымен бұл салтанатқа Штифанов қатыса алмады. Ақтогай ауданынан аудандық партия комитетінің бірінші секретарі Жаманқұл Шайдаров пен осы ауданның мұғалімі, әрі суретшісі Аманқұл Мұсатаев, Шет ауданынан “Путь коммунизма” совхозының директоры Элихан Шәйкеновтар болды.

Біз кешкі салтанаттан кейін, Әлекеннің тілегі бойынша К. Маркс көшесіндегі пәтерінде болдық. Жоғарыда айтылған жезқазгандықтармен бірге үйіндегі қонақасыда вице-призидент А.Н. Нұсіпбековтың болып, сұхбаттасуы біз үшін ұмытылmas күндердің бірі еді.

Мен суретші Аманқұлмен осы үйде таныстым. Раушан апайдын: “Маган бәрінен де Аманқұл салған портрет ұнады”— деуі, бәрімізді де қуантты. Қуанбағанда ше? Әлекеннің мүшелді тойына “Жас Марғұлан” деген үлкен сурет-полотно сыйлаған Аманқұл. Бұл өз сыйы. Ал ақтогайлықтар Әлекене бір арғымак мінгізгенін мана мәжіліс трибунасынан естілік. Ақтогайлықтардың қазақ дәстүрінде ат мінгізуі лайықты еді. Сол сияқты сый-сияптар жалғыз жезқазгандықтардан ғана емесін тізіп жатпаймыз. Оның бәрі түсінікті. Той өз кәдесімен бола беретіні мәлім, демек, бұл жолы үкіметтің жоғарғы наградасы Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені Әлекеннің омырауында жарқырауы әділ баға, зор сый болатын.

Аманқұл, Әлекеннің тойына жұбайы Фазылмен келген екен. Аманқұл — аласа бойлы, шымыр, толықша денелі, қасқа мандай, әдемі мұртты, орта жастар шамасындағы кісі. Әлекенмен көп жылдар таныс екендігін, әңгімелерінен естіп білдім. Ол әрбір экспедицияларға қатысып, фотога түсіріш, қажетті суреттер салып берген. Халық мұрасын қастерлеп, қадірлейтін адам екендігін анғартты.

Ақтогай өңіріндегі таңбалы тас, көне жазу мен белгісіз күмбез мазарларды анықтап, Әлекене хат жіберіп, хабарласып тұратын көрінеді. Желтау деген жердегі өзі тапқан, таңба суретке

Әлекенді бастап апарған. Одан Қарашокы, Қойтасқа барады. Бұл өнірде мындаған сурет-таңбалар бар екенін, оның кейбірін фотоға түсіріп, суретін айналас жағдайда салғанын, осы кеште әңгімелеп берді.

Осы өткен жазда, Әлекеннің мүшелді 70 жасқа толған күні, баспа беттері мен радио-телевизиядан астанада аталып жатқанда, Әлаган Ақтогай мәдени ескерткіштерін зерттеп, арнаулы экспедициямен жүрген еді. Содан салтанатты кеші күзге қалдырылған. Мүшелді жылы, көп ғылыми олжамен Алматыға оралған ғалымның көніл-күйі, өте жадыранқы болатын.

Әлекен сол жылдары біздің, Жезқазған онірінде болғанын білесіздер. Онда Ұлытаудың онтүстігінде, Нөгербек дарасындағы Айбастан алтын білезік, қыш құмыра тапқанын, анау Терісакқан өзені бойындағы Ақобаны қазғаны, көптеген таңбалы тас, оба, корғандарды тауып, ғылыми деректер жинағанын білеміз. Әлекеннің сол жазғы экспедициясында, осы жолдардың авторы мен Жезқазған комплексін кен барлау экспедицияның бастығы Василий Иванович Штифанов болған еді.

Қысқасы, Орталық Қазақстанның қола дәүірінен бергі көне заман мәдени ескерткіштерін зерттеп, меніреу күмбез, тылсым жазулар мен мавзолей, таңбалар мен адам тастарды сөйletкен ғалым, талай сыры ашылмаған құпияларды шешкен, тұла бойы шежіре, лингвист, археолог, этнограф, тарихшы, географ, филолог-академик Әлкей Марғұлан осындай жан.

Той ертең де жалғасты. Алатаудан алтын шапағы шашыраған күн сөулесі мейлінше нұрын төгіп жая түскен. Жексенбіде откен қонақжай Әлекеннің мерейін тасытып, жастық күнімен қайта бөлегенінің куәсі болдық.

Осы тойда Әлекене зор денсаулық, ғылыми жұмыстарына табысты бола беруіне ыстық жүректен тілек, ізгі ниет білдірген Ақай Нұсіпбеков, Сапарғали Бегалин, Әбікен Бектұров, Смет Кенесбаев, Дмитрий Владимирович Сокольский, Ишанбай Қарақұлов, Әбділда Тәжібаев, Мұхаммеджан Қаратасев, Мұсілім Базарбаев, Серке Қожамқұлов, Бейсенбай Кенжебаев, Ақыжан

Машанов, Сара Есова, Тахауи Ахтанов, Мұхтар Жанганин, Жүсіпбек Елебеков, Faфу Кайырбеков, Сырбай Мауленов, Кәкімжан Наурызбаев, Белгібай Шалабаев тағы басқаларын айта кету орынды. Әлекенниң кемелді мерекесінің соны өзі тапқан ескі халық аспаптарының орындауда халық құйлері мен әндеріне үласты.

Фалымның бұл мүшелді тойы болған күнғі алтын күн шапағын ерекше нұрланып, өз шуағын төге тусуі Әлекенниң әлі де үзак жылдар жасап, өз халқына, ғылымға бұдан үлкен пайда тигізетіндігін паш еткендей еді.

*С.Бұқиров.*

## СӨЗ СОҢЫ

Оқырманға ұсынып өтырған осы бір шағын еңбегіме мен қазақтың біртуар перзенті, академик ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланмен оның жақын әріптері жайлы, сол аяулы адамдардың жанында болған жарқын күндер, қызықты жұмыстар жайлы кейбір естеліктер мен осыларға қатысы бар дейтін суреттердің бір тобын енгіздім.

Әлкей Марғұлан өзінің бар омірін іргелі ғылымға толығынан арнаған жан. “Тасты сойлетіп, тарихты терендеткен” зерттеуші осы Марғұлан еді. Қазақстан тарихының көне параптарын актаратын, қазақ мәдениетінің ықылым замандардан бастау алатын терең тамырына үңіletіn адам болса, ол Әлекенді әуелі атауы керек.

Әлкей Марғұлан қазақ зиялышарының, әрине, алғашқысы емес. Керісінше, ол озінің алдындағы қазақ ғалымдары мен ағартушыларының, мәдениет пен қоғам қайраткерлерінің, саяси тұлғалардың, халқы үшін арпалысқан басқадай көптеген ел азаматтарының жалпы мақсатқа жұмылған үлкен ісін жалғастырды. Жалпы мақсат, әрине, қазақтың жоғын жоқтау, білім мен ғылым тарату, өнер мен мәдениетті көтеру, қай жағынан болмасын, қазақ көтерген туды алдыға апару еді.

Тума талант Шоқан Уәлиханов, ұстаз Үбірай Алтынсарин сияқты зиялышлар қазақтың даласына ғылым мен білімнің нұрлы сәулеесін шашты.

Бұлардың артынан Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Міржакып Дулатов сияқты көптеген арыстар келіп, ғылым мен білімге ғана емес, саяси қуреске де бел шешіп араласқаны баршаға аян.

Осындаі адамдардың ісін жалғастырған, қазақ ғылымының отының сөніп қалмауына, оның одан әрі жандануына еңбек жасаған біздің Әлекен мен оның үзенгілес серіктегі және сол буынның көптеген өкілдері еді.

Әлкей Марғұлан, міне, сондықтан, бақытты адам болды.

Кім бақытты болмак? Оны әркім әркалай бағалайды. Ол дұрыс. Себебі, адамның бақыты жалпыға тән жалғыз бір нормамен өлшенбейді, ол сол нақты адамның өмірінен шығады. Кім өз өмірінде дәл өз тіршілігін дұрыс атқарып өте алса, міне, бақытты сол дейміз.

Әлкей Марғұлан ғылым деп аталатын өте ауыр, бейнетті жолды қалап алды, сосын соған дайындалды, сосын барып сол жолдың міндеттін атқарып шықты. Ауытқымады. Оның ауытқымағанын, кәсіби ғалым болмасам да мен өзім қөрдім дей аламын. Және Әлекен бұл міндетті өзінің алдындағы зиялыштардың ізімен, дәстүрді жалғастыра отырып, дәл орындаپ шықты.

Әлекеннің бақыты, міне, осы.

Оз өмірінде Әлкей Марғұлан коптеген әріптерімен, тамаша кәсіби археологтармен бірге қызмет жасады. Әсіресе, солардың ішінде Әбдіманап Оразбаев, Кемел Ақышев, Мир Қадырбаев сияқты талантты ғалымдардың орны ерекше болмак. Бұл үшеуі де зерттеу жұмыстарында бірге жүріп болсын, жеке экспедицияларға шыға отырып болсын, Әлекеннің алдыға қойған мақсатына жұмылды. Бұлардың жазып қалдырған том-том кітаптарын, топ-топ мақалаларын кейінгі буын қызыға оқыды, окулыққа пайдаланды, тәлім-тәрбие алды. Бұл қазір де жалғасып келеді және тоқтамайды да.

Әлкей Марғұлан, міне, осындаі көптеген адамдарды да ғылымға тартты, оларға онеге болды.

Археологтар қауымы қазір де еш осал емес деп ойлаймын. Мұның себебі де көп.

Алатаудың бектерінде, Әсем Алматының как ортасында Әлкей Марғұлан атындағы арнаулы археологиялық ғылыми-зерттеу институты жұмыс істеп тұр. Археологтар жазда түгелдей экспедициялық зерттеулерде.

Институт директоры ғалым, белгілі академик Карл Байпақов та экспедиция жұмысында үнемі жүреді. Ол басқарып отырған мекемеде танымал, білікті мамандар, ғылымды менгерін жатқан жас лаборанттар коптеп қызмет істейді. Жыл сайын қаншама кітап, мақала жарық көреді. Осы Институттан Қазақстанның түкпір-түкпіріне ғылыми экспедициялар аттанады. Ашылып жатқан жаңа ескерткіштер, ғылымға еніп жатқан жаңа деректер қаншама десенізші?

Елбасының тікелей ұсынысымен қолға алынған “Мәдени мұра” Мемлекеттік бағдарламасының орындалуында археологтардың орны ерекше екенін баршамыз білеміз. Бұл жай ғана орын емес, бұл — үлкен міндет.

Әлекеннің ізі қалған сан ескерткіштің бірі ғана, Бегазы, туралы тағы айтып өтсек болады. Әлекен Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан бастап, 3—4 жыл зерттеген Бегазы қорымында қазір аса маңызды кешенді зерттеулер жалғасуда. Маған Археология Институтының мамандары арнайы берген мәліметтерге сүйенсек, бұл қорымда қазір қалпына келтіру шаралары атқарылмақ. Яғни, бұрын қазылған, өткен уақыт ішінде шеттері құлап, топырақ басқан тас кесенелер ғылыми тәсілдер арқылы жаңартылмақ. Жұмыстың бәрі аяқталып, сырты қоршалған соң, бұл қорым туристік нысан ретінде есепке алынады. Айналасы тиісті шаралар арқылы тазаланып, сәндептің барып, бұл аспан астындағы музей іспеттес болмақ. Міне, Әлекене деғен тамаша ескерткіш осы болар еді, бір есептен. Археология Институтында осындай ойлар бар.

Әлкей Марғұлан мен оның үзенгілес серіктері салған іздің ошпегенін, оның одан әрі жанданып, ауқымы кен, парасатты салага айналып жатқанын, міне, осындай жағдайлардан байқаймыз.

Мен Әлекеннің Манаптардың жаңында жүріп, солардың кенесімен жер барлай отырып, көп нәрсені көрдім. Фибрат алдым. Мен археологтарға өз қолымнан келгенше көмектескен болдым деп есептеймін. Жаңына ердім, жол көрсеттім, жер барлаттым. Тапсырмаларын қал-қадерімше орындалап отырдым.

Кейбір шаруаларын тыңдырдым. Білгенімше деректер жинап беруге тырыстым. Бірақ, әрине, менің ол адамдардан алғаным көп болды. Мұны мен мойындеймын. “Ал, не алышсың” десеніз, мен айттар едім. Туган даламның нағыз келбетін тануды солардан үйрендім. Нағыз тарихтың теренде жататынын, оны кез келген адамның көре алмайтынын, оны бағдарлау үшін өз сананды соған арнайы бағыттау керек екенін мен солардың жанында жүрін пайымдадым. Кез-келген нәрсе туралы “ал, бұны сен маган дереу, тез айта қойшы” деп өңмендеу топастың ісі екенін, тарихтың құнғарт тұстарына үңілу үшін ең алдымен өзінде бір сәуле болу керек екенін мен дала тәсіндегі кешкі алау жанында отырып шамаладым.

Кешкі алау демекші, Әлекен, Манаптармен жүрген кездердің қызығын айтсаншы. Далаға да қондық, сан рет. Әлекен машинадан түспей қойып, шай кешірек жасалғанда, тамақтанудың аяғы түнге қарай созылатын. Жарықтық Арқаның кең даласы түн жамылады, алаулап от жанып түр. Жел жоқ, тып-тыныш. Үш-төрт кісі отырамыз. Кәдімгі қара шай, кебінкіреген нан. Баппен айтылатын Әлекенниң әңгімесі. Әлекен үнемі бір ескі қорымдардың маңына тоқтайтын да, басында біртүрлі болатын. Өйткені, жантайып жатқан тасың қола дәүірінің коршауы. Кейін әбден үйрендік, тіпті іздел жүріп тоқтаймыз. Таңертен тұра сала зерттей бастауға да онтайлы. Небір қызық оқиғалар да болып тұратын еді. Кенелі маңында қонып жатқанда, түнде от жағып отырған үрылар екен деп төрт аттылы жігіт сойылдарымен келген, байлап тастамақ. Ханқаштының тауында, таңертен оянсак, орап қойған нанымыздың барлығын түк коймай тулкі жеп кетінте.

Археология — өте қыын, күрделі ғылым саласы. Бұған тек ерінбейтін, дала кезуді өзі аңсап жүретін, кәсіби дайындығы мол, білімі терен адам ғана барады.

Археология ғылымы жайлы Әлкей Марғұланың бір айтқаны маган ұнағаны сонша, әлі қунғе дейін есімде. Бір топ адаммен өңгіме үстінде ол былай деген еді:

“Археология тарих ғылымының төресі, оның биік талғамы мен талабына сай болсаң ғана онымен шұғылдан”.

Міне, сөз. Әлекеннің өз мамандығы жайлы қанатты сөзі осы. Өрен жетсе шұғылдан бұл ғылыммен, әйтпесе, шатып-бұтып елдің де, өзіңнің де басынды қатырма дегені ғой.

Қазір археология ауқымы кен, үлкен салаға айналған дедік. Жаңа заман, жаңа талаптарды көнінен қоюда. Ғылым байып, жылдан-жылға толысып келеді. Тәуелсіз қазақ елі әлемге өзін танытуда, өз жетістіктерін паш етуде. Міне, осы жолда Әлекеннің бүгінгі ізбасарлары — археологтар да бар.

Сондықтан, қазіргі жас буын Әлкей Марғұланның аманатын жақсы біліп, үнемі орындалған отыруы керек. Ол үшін жастар бүгінгі заманға сай, білікті, білімді, іскер болуы шарт. Қазіргі жастарға мен осыны тілеймін.

Ұсынып отырған шағын кітабымды тек менің ғана еңбегім деп есептемеймін. Бұл сол жылдарда мен жандарында бірге жүрген бір топ адамның еңбегі, мені Ақтогайдағы бір мүшеміз деуші еді, сол экспедицияның бір жемісі. Әлекен мен оның әріптестерінің кітаптарына, ғылыми жұмысына ресми баға беруден аулакпын. Ол баға берілген, беріліп те жатыр. Мен емес, әлем ғалымдары, бүкіл қоғам беруде ондай жоғары бағаны. Жастарға пайдасы тиер, Әлекеннің жарқын бейнесін сомдай түсуге керегі болар деген оймен кейбір нақты естеліктер, хаттар мен суреттерді ғана енгіздік дедік. Әлекен халықтың ұлы. Осы бір азын-аулақ деректерді халыққа дұрыс қайтара алсам деген ой болды. Мен үшін жауапкершілігі зор осы істі тындыруға көмектескен адамдарга, археологтарға, Мәдениет министрлігі қызметкерлеріне, баспадағы азаматтарға үлкен алғысымды білдіремін. Айта кетсем С.Барлыбаев, А.Бейсенов т.б. кітапты жинауға көмектескендеге көп-көп раҳмет!

*Аманқұл Мұсатайұлы.*

## МАЗМУНЫ

Сөз алды ..... 3

### I бөлім. Естеліктер, хаттар

Алтын бесік — Бектауата, Актогайым, Балқашым .....	17
Әлкей Марғұланмен кездесу .....	22
Археолог ғалымдар .....	25
Екі жебе .....	32
Желтаудагы таңбалы тастар .....	32
Жол сапары жоғалған мүсіннен басталды .....	34
Көнеден жеткен таңбалар немесе .....	38
Ұлытаудагы Қобыз бен Қойтастагы күн .....	40
Таңбалы тастағы таутекелер .....	43
Жаманқон, Жаксықон жаналықтары .....	45
Шолақсай шежіресінен .....	46
Орындалған аманат .....	47
Жол жазба .....	52
Тас таңбада — телегей теніз тарих бар .....	60
Айыртас өнірінде .....	61
Ғұлама ғұмыры .....	62
Ұлытау сапары .....	65
Жошыхан мазары .....	67
Алашахан мазары .....	69
Ас беру, өлгенді құрметтей .....	70
Ас беру жайлы қыскаша деректер .....	71
Марғұлан тойында .....	73
Академик Әлкей Марғұланга .....	76
Тасты сойлетіп, тарихты терендеткен .....	80
Хаттар, хаттар, хаттар... .....	89

### II бөлім. Зерттеулер, ойлар

Бегазы мәдениеті .....	92
Әлекенің Мұхтар Әуезовтың Семейге келуі туралы маган айтқаны .....	100
Аманқұл Мұсатайұлы туралы бірер соз .....	101
Академик батасын беріпті .....	—
Суретші және сурет сыры .....	103
Ражайыптар галереясы .....	106
Аманқұл Мұсатайұлының үйін осылай десек те болады .....	—
Үйрме ашылады .....	107
“Әл-Фараби портретін біздің академияга жібер” .....	108
Ауыл суретшісі .....	112
Сыр шерткен суреттер .....	113
Фалымға құрмет .....	116
Сөз соны .....	122

*“YРKEP” (әдебиет, мәдениет, ғылым, өнер)  
кітаптар сериясының дизайнерлік-кескіндеме  
жобасының авторы — Әшірбек КӨПІШ.*

**Аманқұл Мұсатайұлы**  
**ТАҒЫЛЫМ**

*(Археолог Әлкей Марғұланмен кездесуден естеліктер)*

*Құрастыруышы редактор Арман Бейсенов*

Баспанаң бас директоры	<i>Ә.Көпіш</i>
Өндіріс бастығы	<i>К.Оспанова</i>
Арнайы редакторы	<i>Б.Тәжіжанова</i>
Суретшісі	<i>К.Сырлыбаев</i>
Техникалық редакторы	<i>Д.Омарғалиева</i>
Компьютерде қалыптаған	<i>Р.Жарипова</i>

Басуға 12.09.07. қол қойылды. Қалыбы 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 7,4. Есептік баспа табағы 10,0.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 928.

Қазақстан Республикасы “Атамұра корпорациясы” ЖШС-нің  
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қ., М.Макатаев қ., 41.

ISBN 9965-768-97-8



9 789965 768972



Аманкул  
МУСАТАЙУЛЫ



Бұл кітаптың авторы- конжылдар бойы казактың біргуар ұлы Элжей Мартуланмен бірте жүріп, казак экспедициясына көп сибек сінірген адам. Озінің суреттілік мамандығын осы аумақта көн колдана білген олжетанушы.

Алматы коркемонер училищесі мен Мәскеудегі Н.Крунскай атындағы Онер институтының тұлғасы.

Казактың ылымы археологиясының негізгі торт дәрігерінің сибектерін бүгінде құнға дейін қарашыныңтай сақтаған келін.